

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ
МӘТІНДЕР ЖИНАҒЫ**
(қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін)

Астана, 2024

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

**Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер жинағы
(қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін).** – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы
ҰБА, 2024. – 160 б.

Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер жинағы қазақ тілінде оқытатын сыныптарға арналған оқу құралы ретінде білім алушылардың тілдік және әдеби-эстетикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Жинақта қазақ әдебиетінің көркем шығармалары және қабылдауға жеңіл, мағыналы мәтіндер қамтылған. Бұл – ұлттық құндылықтар мен мәдениетті бойға сіңіруге ықпал етеді. Әр мәтін тілді терең түсінуге, өмірлік дағдыларды меңгеруге және ойлау қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

Сонымен қатар жинақ білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасап, тілдік ортаны қалыптастыруға үлес қосады.

© БІ. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024

КІРІСПЕ

Тілге бойлата оқыту – комплексті әрі жан-жақты әдістеме, сондықтан білім беру жүйесінде оны қолдану білім алушылардың жан-жақты дамуына, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге және әлеуметтік құзыреттіліктерін арттыруға зор мүмкіндік береді. Тілдік дағдыларды дамыту – білім алушылардың оқу процесіне белсене қатысуына, мәдениеті мен тарихына құрметін арттыруға ықпал етеді.

Жинақтың мақсаты: тілге бойлата оқытуды қолдану арқылы білім алушылардың коммуникативтік, танымдық және мәдени дағдыларын дамыту; олардың теориялық және практикалық тілдік дағдыларын тереңдету, қазақ тілін бойлата оқыту барысында ұлттық мәдениет пен рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіре отырып, білім алушының жан-жақты дамуына, қарым-қатынас құзыреттілігін арттыруға ықпал ету.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған жүйелі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы олардың тілдік құзыреттіліктерін арттыру.

2. Оқыту барысында білім алушылардың өзара қарым-қатынас жасау, әртүрлі мәдениет өкілдерімен диалог жүргізу қабілеттерін дамыту, тұлғааралық құзыреттерін жетілдіру.

3. Тілдік білімді практикада қолдану арқылы тіл үйренуді тек теориялық емес, практикалық тұрғыда да меңгеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың өзін-өзі бағалау, жауапкершілік сезімін арттыру.

4. Білім алушылардың қазақ тілін, тарихын, ұлттық мәдениетін терең ұғынуына ықпал ету; оларды әлемдік және отандық әдебиет үлгілері арқылы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

5. Білім алушылардың қазақ тілін функционалды деңгейде меңгеріп, сөз тіркестері мен сөз орамдарын нақты жағдайларда қолдану қабілетін дамыту.

Жобаның мазмұны білім алушылардың ойлау қабілетін дамытып, танымдық іс-әрекет арқылы тілді үйренуге деген қызығушылығы мен оң көзқарасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, нақты жағдайларда сөз тіркестері мен сөз орамдарын қолдану қабілетін дамытуға бағытталған.

«Тілге бойлау» жобасының бағыттары елімізде оқытудың теориялық-ғылыми негіздемесін жасаған алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы секілді ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты. Осы тұрғыда көркем мәтінді талдау әдістері де алаш арыстарының, сондай-ақ қазіргі белгілі лингвист, әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектеріне негізделеді.

Жоба білім алушының туған тілін, Отанын, тарихын, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін сүю арқылы танымдық, шығармашылық, рухани-адамгершілік тұрғыда дамыған орта қалыптастыруды көздейді.

1. 1-4-СЫНЫПТАР ҮШІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ МӘТІНДЕР

1-сыныптарға арналған көркем мәтіндер

Көмек

Үзіліс болды. Кітапханашы кітапханасына жаңа кітаптар әкелді.

– Балалар, кітап тасуға көмектесіңдер, – деді кітапханашы. Біз кітап тасуға көмектестік. Кітапхана үлкен, кең, жарық. Кітапханада кітап көп. Қоңырау соғылды. Біз сыныпқа кірдік.

– Рахмет, балалар, – деді Гүлнәр Омарқызы.

(34 сөз)

Қысқа дайындық

Орман аңдары да қысқа дайындалады. Ақ тиін ағаш қуысына саңырауқұлақ тасиды. Түрлі жемістерді жинап, кептіреді де, қыста жейтін азығын дайындайды. Кірпі сұр тышқан да солай.

(25 сөз)

Суыр

Суыр – сүйкімді аң. Оның басы жалпақтау, тұмсығы доғал болады. Суырдың түсі сарғыш немесе сарғыштау сұр болып келеді.

Суыр әр алуан балауса шөптермен қоректенеді. Оларды терісі мен майы үшін аулайды. Суырдың майы ем ретінде қолданылады.

(34 сөз)

Тасбақа мен бүркіт

Тасбақа бүркітке өзінің ұшқысы келетінін айтты. Бүркіт оған ұша алмайтындығын түсіндіріп, ол жайлы ойламауға кеңес берсе де, тасбақа одан әрі жалынып, аспанға алып ұшуын өтінеді. Бүркіт оны тырнағына іліп, жоғары ұшып барып, босатып жібереді. Тасбақа тастардың үстіне түсіп, быт-шыт болады.

(41 сөз)

Инелік пен құмырсқалар

Күзде құмырсқалардың жинаған бидайлары су болып қалады. Олар оны кептіреді. Аш инелік құмырсқалардан тамақ сұрайды. Құмырсқалар одан:

– «Жазда неге азық жинамадың?» – деп сұрайды. Сонда инелік былай депті:

– «Қол тимеді, ән шырқаумен болдым».

Құмырсқалар таң қалып:

– «Жазда ән шырқасаң, қыста би биле», – деп жауап береді.

(44 сөз)

Шал мен балалар

Бір жарлы шал есегіне мініп, жол жүріп келе жатса, есегінің бақырған даусын естіп, бір топ бала алдынан жүгіріп шығады. Олар шалды ажуа, мазақ еткілері келіп:

– Ата, сіз неге есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз, – дейді. Сонда шал балаларға:

– Есегім өлең айтпайды. Сендердей жақсы жолдасын көрген соң, қуанғанынан бақырады, – депті.

(47 сөз)

Көркем мәтіндермен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар

Оқу мақсаты: 1.2. 2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.

Сабақ мақсаты: мұғалімнің қолдауымен мәтінді түсінеді, не туралы айтылғанын анықтайды.

1. Мәтін: «Көмек»

1. Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Үзілісте балалар кімге көмектесті?
- 2) Кітапхана қандай екен?
- 3) Гүлнәр Омарқызы балаларға не деді?

2. Дұрыс немесе бұрыс екенін белгіле:

- 1) Балалар кітапханаға жаңа кітаптар әкелді. (Дұрыс/Бұрыс)
- 2) Кітапхана үлкен, кең, жарық. (Дұрыс/Бұрыс)

3. Сөйлемді аяқта:

- 3) Біз кітапханаға _____ көмек көрсеттік.
- 4) Гүлнәр Омарқызы балаларға _____ айтты.

2. Мәтін: «Қысқа дайындық»

1. Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Ақ тиін қыста не жейді?
- 2) Кірпі мен сұр тышқан қыста не істейді?

2. Сурет сал:

Ақ тиіннің ағаш жинаған кезін суретте.

3. Дұрыс немесе бұрыс екенін белгіле:

- 1) Ақ тиін жазда азық жинайды. (Дұрыс/Бұрыс)
- 2) Кірпі қыста азығын дайындамайды. (Дұрыс/Бұрыс)

3. Мәтін: «Суыр»

1. Сұрақтарға жауап бер:

- 1) Суырдың түсі қандай болады?
- 2) Суыр немен қоректенеді?


2. Сөйлемді аяқта:

- 1) Суыр – _____ аң.

1) Суырдың майы ем ретінде _____.

3. Сурет сал:

○ Суырдың суретін салып көр.



1-сурет

4. Мәтін: «Тасбақа мен бүркіт»

1. Сұрақтарға жауап бер:

1) Тасбақа не істегісі келді?

2) Бүркіт тасбақаны қайда апарды?

4. Талқылау:

Бүркіт тасбақаға ұшпа деп неге кеңес берді деп ойлайсың?

5. Сурет сал:

Тасбақаның аспанға көтерілген сәтін суретте.

5. Мәтін: «Инелік пен құмырсқалар»

1. Сұрақтарға жауап бер:

1) Құмырсқалар инеліктен не сұрады?

2) Инелік неге жазда азық жинаған жоқ?

2. Сөйлемді аяқта:

1) Инелік жазда _____ ән шырқап жүрді.

2) Құмырсқалар инелікке _____ деп жауап берді.

3. Тапсырма:

○ Инеліктің суретін салып көр.

6. Мәтін: «Шал мен балалар»

1. Сұрақтарға жауап бер:

1) Балалар шалдан неге есегін өлең айтуға үйретті деп сұрады?

2) Шал балаларға қандай жауап берді?

2. Ойлан да жауап бер:

Сенің есегің болса, оған не үйретер едің?

3. Сөйлемді аяқта:

Шалдың есегі балаларды көргенде _____.

Дескриптор:

№	Бағалау критерилері	Балл (жалпы – 6)
1	педагогтің қолдауымен мәтінді түсінеді,	2
2	не туралы айтылғанын анықтайды (дұрыс-бұрысын анықтайды)	2
3	Сұрақтарға жауап береді	2

2- сыныптарға арналған көркем мәтіндер

Киіз үй

Киіз үй – қалмақ үй, қазақ үй болып екіге бөлінеді. Қалмақ үйдің уығы тік, қарымсыз, дауылға, боранға әлсіздеу келеді. Қазақ киіз үй қалмақ үйге қарағанда мықты және салтанаты жағынан да артық. Ауқатты адамдардың тігетін ордалары төрт қанат, алты қанат, сегіз қанат, он екі, он төрт қанатқа дейін барады.

Жер бетінде бірде-бір шегесіз жасалатын баспана қазақтың киіз үйі ғана. Киіз үйдің ағаштан жасалатын шаңырақ, кереге, уық, есік сияқты бөліктерін сүйегі не қаңқасы деп те атайды. Бұлардың ең мықтысы да, оңайлықпен жасалмайтыны да осы – шаңырақ. Сондықтан да шаңырақ «үй», «түтін» деген ұғымды да білдіреді. Шаңырақ бас-аяғы берекелі, тоғайдың жарылмайтын, төзімді шұбар талынан жасалады.

Кереге – өзінің үстіндегі түндік, шаңырақ, уық, үзік туырлықтарды көтеретін, оларды жел мен боранда сіресіп тұрып сақтайтын мықты іргені қазақ «кереге» дейді.

Уық – бұл кереге мен оның үстіндегілерді тұтастыратын, көтеріп тұратын екінші ірге. Есік-киіз үйде есік екеу болады. Бірі – ішкісі, бұл ағаштан жасалады. Бірі – сыртқысы, киізден жасалып, жоғары басы шаңырақтан байланады.

Желбақан – қатты дауылда шаңыраққа тіреп қоятын бақан. Салма қазық бұл – киіз үйдің батыс жағынан үй тігілген күні қағылады. Уық қазық керегелердің қосылған жеріне қағады. Киіз үйге керекті ағаш-жабдықтар: келі, мосы, ергеншек, тиек, бұрау, жүк аяқ, тоқпақ, кебеже, келсап, сырық, желқағар, көсеу, т.б.

(192 сөз)

Музыка деген не?

Музыка деп дауыспен шырқалған немесе аспаппен берілетін, үйлесімді әрі ырғақты әуенді айтамыз. Жай дыбыс пен музыканың арасында айырмашылық бар. Дыбыс ауадағы дірілден туындайды. Дыбыстың биіктігі оның төмен немесе жоғары алынғанына тәуелді. Бір жағынан алғанда, музыка дыбыстан бөлек те емес, ол «нота» деп аталатын дыбыстардан құралады. Музыканың әуені тыңдаушыға жағымды әсер сыйлайды.

Музыкалық аспаптардың түрі өте көп. Уақыт өткен сайын түрлі өркениет өкілдері музыканың әртүрлі жанрларын ойлап табуда. *(67 сөз)*

Қоңыр қоян

Қоңыр қоян – сүтқоректілер класы, қоянтәрізділер отрядының бір тармағына жатады. Ол Солтүстік, Орталық және батыс Еуропада, Азияның батысында тіршілік етеді. Қоңыр қоян – қояндардың ішіндегі ең ірісі, дене тұрқы – 50-70 сантиметр, құйрығының ұзындығы – 7-11 сантиметр. Салмағы – 2,5-6,5 келі. Құлағы ұзын, артқы аяғы алдыңғы аяқтарынан ұзындау және мықтырақ, табандары қысқа әрі жіңішке. Шөппен қоректенеді. Қоңыр қоян ашық жерлерді мекен етеді. Өте сақ, дұшпанын байқап қалса, сағатына 70 шақырым жылдамдықпен қашады. Қоңыр қоян күндіз қалың шөптің арасына жасырынып жатады. Түнде қорек іздеуге шығады. Ол мекенін күн сайын ауыстырып тұрады.

(85 сөз)

Жеті санына қатысты қасиетті ұғымдар

Аптаның жеті күні бар болған сияқты, көптеген маңызды ұғымдар осы санмен тікелей байланысты. Қазақ жеті санын қасиетті де есептеген. Жеті қат көк, жеті ғалам, жеті ғашық, жеті мүше, жеті жұт, жеті амал, жеті қазына деп ата-қоршаған ортаны, табиғат жаратылысын, пендеге қатысты құбылыстарды жік-жікке бөліп, ат беріп, ен тағып кеткен.

Жұма күні немесе айт мейрамында халқымыз жеті шелпек нан пісіріп, көрші-көлемге тарататын дәстүр бар. Балаларға жас күнінен жеті атасын жаттатып, арғы тегін білуге баулыған.

«Жеті атасын таныған – жеті жұрттың қамын жер» деген сөз өз тегін танитын бала – халқына пана болады деген мағынаны білдіреді. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп білімнің маңызын түсіндірген. «Жігітке жеті өнер де аз» деген мақал ұрпақты өнерлі болуға шақырады.

Ұлтымызда жеті ішекті «Жетіген» деген аспап бар. Айналамызда жеті санына қатысты заттар өте көп. Мысалы, кемпірқосақтың өзі жеті түстен тұрады. Түнде аспанға зер салып қарасаңдар жеті жұлдыздың бірігіп тұрғанын көресіңдер. Ол жұлдыздар шоғыры – жеті қарақшы деп аталады.

Айта берсек, халқымызда жеті санына қатысты салт-дәстүр, ырым-тыйымдар өте көп.

(162 сөз)

Какапо

Какапо – қай жағынан алсақ та бірегей тотықұс.

Біріншіден, бұл ұша алмайтын жалғыз тотықұс. Әрине, какапоньң қанаттары бар. Алайда оларды қозғалысқа әкелетін бұлшықеттері оқшауланған аралда эволюциялық үрдістің нәтижесінде іріленіп кеткен. Какапоньң қолынан бар келетіні – ағашқа шығып және одан жерге қалықтап шұғыл түрде қону.

Екіншіден, какапо – әлемдегі ең үлкен тотықұс. Жоқ, ол үлкен емес, ол өте ірі. Аталықтарының салмағы 4 келіге жетеді. Сонымен қоса бұл ұшпайтын құстар ең ұзақ өмір сүреді. Олардың орташа өмір сүру ұзақтығы 95 жылды құрайды.

Үшіншіден, какапо өте өткір және көз көргендердің айтуына қарағанда жағымды иіс шығарады. Дамыған иіс сезу мүшесінің арқасында, бәлкім иіс құстардың бір-біріне бар екендігі жайлы белгі беретін қызмет атқаратын шығар. Какапо сан алуан түрлі дәндер, жемістер, тозаң және өсімдіктермен қоректенеді. Үкілі тотықұстың ең сүйікті қорегі риму ағашының жемістері.

(124 сөз)

Әже мен немере

Белі бүгіліп, бойындағы бар күшін тауысқан қарт әже еңкейе басып жүріп келеді. Мұны көріп, алдынан жүгіріп шыққан немересі:

– Әже, әже, айтшы не іздеп жүрсіз? Бір нәрсе жоғалтып алдыңыз ба? – деді.

– Иә, балам! Жастығымды жоғалтып алып, соны іздеп жүрмін, – деп әжесі еңкейе түсті.

Сонда немересі қарсы алдына келіп тұра қалды:

– Жоғалтқаныңыз алдыңызда тұр ғой, әже!

– О, құлыным!... Менің жастық шағым сен екенсің ғой, – деп мейірлене бетінен сүйді әжесі.

(67 сөз)

Әлемдегі ерекше роботтар

Қазіргі таңда робототехника балалардың сүйікті ермегіне айналууда. Оқушылар осы салаға бет бұру арқылы түрлі іске жарамды роботтарды ойлап табуда. Осы ретте, әлемнің әр жерінде құрастырылған ең ерекше роботтар жайлы әңгімелейтін боламыз.

Робот-дәрігер. Жапониялық өнертапқыштар цунамиден жапа шеккен егде адамдарға арнап, жолбарыс кейпіндегі робот ойлап тапты. Сүйкімді жолбарыстың басынан сипап, еркелетсеңіз жымияды. Жануарлар секілді түрлі дыбыстар шығарады. Осы арқылы ғалымдар цунами кезінде жақынынан айырылған жандарға рухани көмек беруді көздейді.

Күлкілі меккеноид. Роботтардың арасында ең әзілкеші – Меккено роботы. Меккеноид роботы түрлі күлкілі оқиғаларды айтып бере алады. Керек десеңіз, билеп, кунг-фу өнерінен де әдіс-тәсілдер көрсетеді. Сондай-ақ, көзінің түсін эп-сәтте өзгертеді.

Ертегі оқитын робот. Түрлі ертегіні оқитын «Жибо» роботы – балалардың сүйікті досы. Егер иесінің көңіл-күйі болмаса, жылы сөздер айтып, көңілін аулауға тырысады. Суретке түсіріп, шығарып бере алады. Ас дайындауға көмектеседі. Үйдегі әр адамды танып, әрқайсысына қалай сөйлеу керектігін де жақсы біледі.

(138 сөз)

Үш арқар

Ертеде бір күні аңшылар иттерін ертіп, орманға аң аулауға аттанды. Олар осылайша із кесіп, ұзақ жүреді. Кенет бір алаңқайда алдарынан ғажайып көркем үш арқар шыға келеді. Иттер сол арада тап береді. Арқарлар тұра қашады.

Соңдарынан аңшылар шаба жөнеледі. Ақыры сиқырлы жануарлар көкке қарғып, жұлдыздар мен кометалардың ара-арасымен заулайды. Иттер де қалыспай, ілесе аспанға көтеріледі. Сол кезден бері олар арқарларды қуалап жүр деген аңыз бар. Халық арасында осы шоқжұлдыз Үшарқар таразы атауымен танымал [20].

(72 сөз)

Ойын

Ораз бен Асқар есік алдында ойнап жүр. Екеуі допты әрі тепті, бері тепті. Біраздан кейін ашық тұрған қораның есігін қақпа етіп алды. Енді допты соған дәлдеп ұрды. Бір кезде қатты тебілген доп қораның ішіне кіріп кетті. Ораз добын іздей бастады. Қараңғыда допты әрең тауып алды.

Сыртқа беттеген. Сол кезде шыға берісте тұрған шелекті қағып кетті. Ішіндегі сүт ақтарылды да қалды. Ораз не істерін білмей антарылып тұр.

– Қорықпа. Сүтті мысық төгіп кетіпті дейміз, – деді Асқар.

– Мен өтірік айтпаймын. Байқаусызда төгіп алдым деймін, – деді Ораз [22].

(83 сөз)

Алып сүтқоректілер

Піл, керік, горилла, мүйізтұмсық, түйе, кит, сусиыр – алып сүтқоректілер деп аталады. Кейбір алып сүтқоректілер су астында, кейбіреуі құрлықта өмір сүреді.

Пілдер – әлемдегі құрлықта тіршілік ететін ең ірі сүтқоректілер. Пілдің тұмсығы ұзын. Ол ағаш діңін көтере алады. Сондай-ақ, ол тұмсығын жуынуға, иіс сезіп, тыныс алуға және қатты шыңғырып, дыбыс шығаруға пайдалана алады. Піл шөппен қоректенеді.

Керік – құрлықта өмір сүретін жануарларың ішіндегі ең ұзыны. Оның биіктігі 6 метрге дейін жетеді. Олар өсімдіктермен қоректенеді. Көбінесе жапырақтар, шөпшектер мен ағаш өзегін жейді.

Киттер – суда тіршілік ететін ең ірі сүтқоректілер. Киттердің тілімше мұрттары және ауыздарында тістері болады. Олар кішкентай теңіз жануарларын жұтып қояды. Маймылдар тұқымдасының ішіндегі ең ірі сүтқоректі – горилла. Бұл алып приматтар әдетте аса күшті болып келеді.

(113 сөз)

Көркем мәтіндермен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар

Оқу мақсаты:

2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру:

2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау

2.2.3.1 педагогтің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау

2.3.3.1 Оқыған, тыңдаған және аудио визуалды материалдар бойынша педагогтің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу.

Бағалау критерийі:

- Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеп, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.
- Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттап, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалайды
- Педагогтің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды
- Оқыған, тыңдаған және аудио-визуалды материалдар бойынша педагогтің көмегімен жоспар құрады және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазады.

Ойын

Ораз бен Асқар есік алдында ойнап жүр. Екеуі допты әрі тепті, бері тепті. Біраздан кейін ашық тұрған қораның есігін қақпа етіп алды. Енді допты соған дәлдеп ұрды. Бір кезде қатты тебілген доп қораның ішіне кіріп кетті. Ораз добын іздей бастады. Қараңғыда допты әрең тауып алды.

Сыртқа беттеген. Сол кезде шыға берісте тұрған шелекті қағып кетті. Ішіндегі сүт ақтарылды да қалды. Ораз не істерін білмей аңтарылып тұр.

– Қорықпа. Сүтті мысық төгіп кетіпті дейміз, – деді Асқар.

– Мен өтірік айтпаймын. Байқаусызда төгіп алдым деймін, – деді Ораз.



2-сурет

Тапсырма №1


Ой қозғау.

- 1) Егер сен Ораздың орнында болғанда не істер едің?
- 2) Өтірік қандай қасиет?
- 3) Асқардың айтқанымен келісесің бе? Неге?

Тапсырма №2

Венн диаграммасы

Ораз бен Асқарға тән қасиеттерді және екеуіне ортақ мәліметтерді немесе қасиеттерді жаз.



Ораз

Асқар

Тапсырма №3

Мәтіннің негізгі ойына сәйкес келетін мақалды тап

- а) Оқу -білім бұлағы, білім – өмір шырағы.
- ә) Өтірік сөз өрге баспас.
- б) Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.

Тапсырма №4

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр

Жоспар:

- 1.
- 2.
- 3.

Дескриптор:

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
- Ораз бен Асқарды салыстырады.
- Мәтіннің негізгі ойына сәйкес келетін мақалды табады.
- Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрады.

Алып сүтқоректілер

Піл, керік, горилла, мүйізтұмсық, түйе, кит, сусиыр- алып сүтқоректілер деп аталады. Кейбір алып сүтқоректілер су астында, кейбіреуі құрлықта өмір сүреді.

Пілдер – әлемдегі құрлықта тіршілік ететін ең ірі сүтқоректілер. Пілдің тұмсығы ұзын. Ол ағаш діңін көтере алады. Сондай – ақ, ол тұмсығын жуынуға, иіс сезіп, тыныс алуға және қатты шыңғырып, дыбыс шығаруға пайдалана алады. Піл шөппен қоректенеді.

Керік – құрлықта өмір сүретін жануарларың ішіндегі ең ұзыны. Оның биіктігі 6 метрге дейін жетеді. Олар өсімдіктермен қоректенеді. Көбінесе жапырақтар, шөпшектер мен ағаш өзегін жейді.

Киттер – суда тіршілік ететін ең ірі сүтқоректілер. Киттердің тілімше мұрттары және ауыздарында тістері болады. Олар кішкентай теңіз жануарларын жұтып қояды. Маймылдар тұқымдасының ішіндегі ең ірі сүтқоректі – горилла. Бұл алып приматтар әдетте аса күшті болып келеді.



3-сурет

Оқу мақсаты:

2.2.2.1 педагог көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу

2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п -б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу.

2.2.3.1 Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.

2.2.2.1 Синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану.

Бағалау критерийі:

– педагог көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қояды және оның жауабын шығармадан таба біледі..

– дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п -б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазады.

– Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді.

– Синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажыратады және мағынасын түсінеді, сөйлеу барысында қолданады.

Тапсырма №1

Кейіпкерлерге тән дұрыс мәліметтермен сәйкестендір

Пілдер	құрлықтағы жануарлардың ішіндегі ең ұзыны.
Керік	суда тіршілік ететін ең ірі сүтқоректілер.
Киттер	әлемдегі құрлықта тіршілік ететін ең ірі сүтқоректі.

Тапсырма №2

Берілген сөздерге ы, і әріптерін қосып жаз.

Тіршілік – _____,

жапырақ – _____,

құрлық – _____,

тұмсық – _____,

керік – _____,

мүйізтұмсық – _____.

Тапсырма №3

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр және жауап бер.

- 1.
- 2.
- 3.

Тапсырма №4

«Ойлан, тап!» әдісі

Мәтіндегі келесі сөздердің антонимін тауып жаз.

Ұзын - _____, биік - _____, ірі - _____, қатты- _____,
кішкентай- _____.

Дескриптор:

- Кейіпкерлерге тән дұрыс мәліметпен сәйкестендіреді
- Берілген сөздерге ы, і әріптерін қосып жаз.
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, жауап береді.
- Мәтіндегі сөздердің антонимін тауып жазады.


Киіз үй

Киіз үй – қалмақ үй, қазақ үй болып екіге бөлінеді. Қалмақ үйдің уығы тік, қарымсыз, дауылға, боранға әлсіздеу келеді. Қазақ киіз үй қалмақ үйге қарағанда мықты және салтанаты жағынан да артық. Ауқатты адамдардың тігетін ордалары төрт қанат, алты қанат, сегіз қанат, он екі, он төрт қанатқа дейін барады.

Жер бетінде бірде-бір шегесіз жасалатын баспана қазақтың киіз үйі ғана. Киіз үйдің ағаштан жасалатын шаңырақ, кереге, уық, есік сияқты бөліктерін сүйегі не қаңқасы деп те атайды. Бұлардың ең мықтысы да, оңайлықпен жасалмайтыны да осы-шаңырақ. Сондықтан да шаңырақ үй, түтін деген ұғымды да білдіреді. Шаңырақ бас-аяғы берекелі, тоғайдың жарылмайтын, төзімді шұбар талынан жасалады.

Кереге – өзінің үстіндегі түндік, шаңырақ, уық, үзік туырлықтарды көтеретін, оларды жел мен боранда сіресіп тұрып сақтайтын мықты іргені қазақ кереге дейді.

Уық – бұл кереге мен оның үстіндегілерді тұтастыратын, көтеріп тұратын екінші ірге. Есік-киіз үйде есік екеу болады. Бірі-ішкісі, бұл ағаштан жасалады. Бірі-сыртқысы, киізден жасалып, жоғары басы шаңырақтан байланады. Желбақан – қатты дауылда шаңыраққа тіреп қоятын бақан. Салма қазық- бұл киіз үйдің батыс жағынан үй тігілген күні қағылады. Уық қазық керегелердің қосылған жеріне қағады. Киіз үйге керекті ағаш-жабдықтар: келі, мосы, ергеншек, тиек, бұрау, жүк аяқ, тоқпақ, кебеже, келсап, сырық, желқағар, көсеу, т.б.



4-сурет

Оқу мақсаты:

2.1.1.1 Тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.

2.4.2.1 Педагогтің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату.

2.3.2.1 Педагог көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер/ жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар/санамақтар құрастыру.

2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п - б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу.

Бағалау критерийі:

- тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеп, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

- педагогтің көмегімен түбір мен қосымшаны ажыратады.

- педагог көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер/ жұмбақтар жазып немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар/санамақтар құрастырады.

- Дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажыратады және дауыссыз п - б, қ-ғ , к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазады.

Тапсырма №1

Мәтін бойынша тест түріндегі сұрақтарға жауап бер:

1. Киіз үй нешеге бөлінеді?

А. Төртке

Ә. Үшке

Б. Екіге

В. Беске

2. Киіз үйдің қай бөлігі оңайлықпен жасалмайды және ең мықтысы болып саналады?

А. Уық

Ә. Шаңырақ

Б. Кереге

В. Есік

3. Қатты дауылда шаңыраққа тіреп қоятын бақан қалай аталады?

А. Желбақан

Ә. Алтыбақан

- Б. Кереге
- В. Қазық

4. Кереге мен оның үстіндегілерді тұтастыратын, көтеріп тұратын екінші ірге
- А. Шаңырақ
 - Ә. Кереге
 - Б. Уық
 - В. Түндік
5. Қазақ киіз үйдің қалмақ үйге қарағанда қандай ерекшелігі бар?
- А. Жабдықтары ерекше
 - Ә. Әдемі
 - Б. Үлкен
 - В. Мықты және салтанаты жағынан да артық.

Тапсырма №2

Сөздердің түбірін, жұрнағын, жалғауын тауып, тиісті белгімен сыз.

Қазақтың Ағаштан Қазық Төзімді Тоғайдың

Тапсырма №3

Синквейн әдісі бойынша «Киіз үй» тақырыбына бес жолды өлең құрастыр

- 1 жол: Зат есім
- 2 жол. Екі сын есім
- 3 жол: Үш етістік
- 4 жол. Төрт сөзден тұратын сөйлем
- 5 жол: Тақырыпқа қатысты синоним сөз

Тапсырма №4

«Шаңырақ» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

Тапсырма №5

«Дұрыс-бұрыс» тұжырымдар кестесі

Кестеде берілген ақпарат дұрыс болса «+» таңбасын, дұрыс емес болса «-» таңбасын қой.

Тұжырымдар	+	-
Киіз үй – қалмақ үй, қазақ үй болып екіге бөлінеді.		
Қалмақ үйдің уығы боранға мықты болып келеді.		
Жер бетінде бірде-бір шегесіз жасалатын баспана қазақтың киіз үйі ғана.		
Желбақан - есікке тіреп қоятын бақан.		
Қазақ киіз үй қалмақ үйге қарағанда мықты және салтанаты жағынан да артық.		

Дескриптор:

- Мәтін бойынша тест түріндегі сұрақтарға жауап береді.
- Сөздердің түбірін, жұрнағын, жалғауын тауып, тиісті белгімен сызады.
- Синквейн әдісі бойынша «Киіз үй» тақырыбына бес жолды өлең құрастырады.
- Дыбыстық талдау жасайды.

3- сыныптарға арналған көркем мәтіндер

Сиқырлы жастықша

Жанеркенің ғажайып жастығы бар. Сырттай қарағанда басқа жастықтан еш айырмашылығы жоқ. Тек кіп-кішкентай. Жастықшаны әжесі тігіп берген. Жанерке жастықшаның өрнектерін жақсы көреді. Жастықшаның бір жағына көк матаға жұлдыздар мен ай кестеленген. Екінші жағына сары матаға үш қызғалдақ салынған. Жанерке ұйықтайтын кезде жастықшаның «түн» жағын қаратып салатын. Оған ай мен жұлдыздар ақырын «Бесік жырын» айтатындай көрінетін. Осы жастықшаны жастанып тез ұйықтап кетеді. Жанерке керемет түстер көреді. Міне, ғажап! Ол ұйқыдан оянғанда жастықтың екінші жағын жастанып жатады. Қызғалдақтар: «Қайырлы таң, қымбаттым!» – деп күлімдеп тұрған сияқты. «Қайырлы таң, менің сүйікті жастығым!» – дейді Жанерке сыбырлап. Ол мәз болып жуынатын бөлмеге қарай жүгіреді. Әндетіп жүріп, салқын сумен беті-қолын жуады, тісін тазартады. Таңғы асын ішкеннен кейін мектепке асығады.

Ж. Башаринқызы (112 сөз)

Қоңыр аю

Балды сүйіп жейтін әрі қорқынышты, бірақ аңғал аюлар туралы білетініміз де, білмейтініміз де көп-ақ. Қоңыр аюды сыртқы түріне қарап, басқа жыртқыш аңдардан бірден ажыратуға болады. Өйткені оның терісіндегі түгінің түсі біркелкі қоңырқай, кейде қарақошқыл – қоңыр түсті, әрі түктері қалың және ұзыншалау болып келеді. Соған орай, ауызекі тілде «қоңыр аю» деп аталады.

Олар өздерінің көлемдеріне қарамастан ағашқа еркін өрмелей алады. Сонымен қатар балдың иісін алыстан-ақ сезіп қояды екен. Ағашқа тұрып арқасын қасынған бейнелерін көрсең сүйсініп те аласың. Олар жүрген кезде аяқтарын дұрыс баспай, қорбаңдап жүреді. Сол себепті халық арасында «аю секілді маймақ» деген тіркес қалған [25].

(94 сөз)

Барсакелмес аралы

Арман қатты шаршады. Бүгіндікке оның мүлдем жолы болмай-ақ қойды. Таңертең сабағына кешігіп қала жаздады. Сол асығыстықтан қазақ тілінен үй тапсырмасын үйінде ұмытып кетті. Мұғалімнен бір ұрыс естіді. Үйге келген соң анасының сүйікті кесесін абайсызда сындырып алды. Анасынан тағы бір мәрте айқай естіді. Досы Бекзат бүгін үйіне келіп, бірге фильм қараймыз деп өткен

жолы уәде берген. Ал бүгін келе алмайтынын айтып Арманның көңілін одан әрмен түсірді.

Ол ешкім таппайтын басқа бір жерге жалғыз өзі кеткісі келетінін ойлап ұйықтап қалды.

Түс көрді. Қараса су жағасында жатыр екен. Тап-таза теңіз суының үлкенді-кішілі толқындары жағаға ұрып тұр. Орнынан тұрып белгісіз аралға тап болғанын байқады. Айқайлап, дауыстап жан-жағын аралап шықты. Оның ішін дау-талас билеп алды. Қатты қорықты. Кенет ат-арбаны көрді. Оған дейін де біреулердің болғанын көріп қуанды.

Арал мүлдем таныс емес қызылды-жасылды ағаштарға, небір өсімдікке толы. Оның таңғалдырғаны ақ-қара кактустар болды. Қарны да ашты. Ас етер дәм-тұз табу үшін айла-әрекетке көшу керектігін түсінді. Шырмауықтан қақпан жасап кішкене құстарды аулады. От жағып, аударғанын пісіріп жеді. Таныс емес жемістерді де көрді. Кеш болды. Ұйқысы келген соң, пальманың жапырақтарынан шатыр жасап айналадағы шыққан дыбыстардан қорқып әрең ұйқыға кетті...

Арман ұйқысынан оянды. Бұның жай ғана түс екеніне қатты қуанды. Бұл сәтсіз күн екенін есіне алып, ұй тапсырмасын тиянақты орындауға кірісті.

(201 сөз)

Қар мен мұз

(Ертегі)

Қақаған қыс кетіп, аяндап көктем келген кез. Күн шуағы жер бетін емірене өбеді. Айнала ес жиып, етек-жеңін түзеуге кіріскен. Ұй төбесіне жиналған қар да күн нұрына бөленіп, керіліп-созылды. Кешікпей жіпсіп, ери бастады. Сыздықтап суға айналып, төменге тамшылады. Қыс бойы жылтырап жүзін ғана көрсеткен Күн енді осы әуенімнен таймайын дегендей төмендеп кеп, кешікпей ұясына батты. Осы сәтті күтіп тұрған суық жел қаһарын қайта төгіп, өш алмақ болды. Ызғарын шашып, шеңгелін салмақ еді, бірақ, қауқары қалмапты. Арайлап таң атқанда құйрығын тақымына қысып, шегініп кете барды. Күн қайта шықты. О, ғажап, кешегі тамшылап аққан су түнгі аязбен қатып, сүңгіге айналыпты. Нұрға шағылысып, биіктен тәкаппарлана қарайды. Қар болса шөгіп, босап, болжырап қалған, мүсәпір кейіпте.

Қасат қар сүңгі мұзға мейірлене қарады.

– Аманбысың, балам? – деді жұмсақ үнмен. Мені «балам» деген кім екен деген Мұз, жан-жағына қарап еді, төбеде тұрған Қарды көрді. «Мынаның мені «балам» деуге қалай аузы барды?» деп ойлады ішінен.

– О, бейшара Қар, өзіңе бір қарашы, жатқаның анау, қарала-торала болып, еңсеңді көтере алмай. Ал мені қара, қанжар жүзіндей мың құбыла жарқыраймын... – деді сосын масаттанып.

Қар байғұс мына қорлыққа шыдамады, ағыл-тегіл жылады. Бейшара халіне өкінді ме, безбүйрек баланың қылығына опынды ма, әлде күнім өтті деп налыды ма, кім білсін, кірпігінен жасы сорғалап, ұзақ жылады. Қардың көз жасына көмілген Мұз бастапқыда міз бақпады. Күн ыси берді, ыси берді. Бір кезде

мұз жоғарыдан аққан сумен шайылып, өзінің жіңішкеріп бара жатқанын байқады. Байқады да, әлденені сұрамаққа жалт бұрылып, өр жақтағы Қарға қарады. Қар жоқ, орнында соңғы бір жұғындары ғана қалыпты. Мұз сонда барып өзінің Қармен тығыз қатынаста екенін, ол жоқ болса, өзі де жоқ екенін біліп, қатты өкінді. Әлгінде айтқан сөздері есіне түсіп, сан соқты. Өткенді өзгерте алмасын сезіп, қатты қайғырып, ah ұрды.

– Қап, – деді өзіне ренжіп.

– Бекер-ақ олай істеген екем. Сөйткенше болған жоқ, гүрс етіп құлап түсті жерге. Көлшік судың үстіне түскен екен, тез еріп, топыраққа сіңіп бара жатты [26].

(301 сөз)

Көркем мәтіндер бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты:

3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып,сын тұрғысынан бағалап оқу

3.2.2.1 қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру

Сабақ мақсаты:

- шығарманы іштей оқиды, ондағы қажетті, маңызды ақпараттарды белгілейді, сыни тұрғыда баға береді


- практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды және оның жауабын береді

1 Мәтін – «Сиқырлы жастықша»

1.Әңгімені оқып, өз ойыңмен жалғастырып, айт.

2.Қалай ойлайсыңдар, жастықша расында сиқырлы ма? Неге?

3 Денсаулыққа пайдалы мына іс-қимылдарды сипаттап бер. Қажетті сөздер: оңға, солға, алға, артқа



5-сурет

4. Сөйлемді өз ойыңмен аяқтап, алған ақпараттарыңды қорытындылап жаз.

Денсаулық –	
Спортпен шұғылдану –	

Дұрыс тамақтану –	
Тазалық –	
Демалыста	
Мен таңғалдым, себебі	
Мен риза болдым, өйткені	
Менің түйгенім	

2, 3, 4-мәтін

1. Шығармадағы қажетті ақпаратты таңдап, дәптерге көшіріп жаз
2. Педагог көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қой
3. Оның жауабын шығармадан тап

№	Дескриптор	Балл (жалпы – 5 балл)
1	шығарманы іштей оқиды, ондағы қажетті, маңызды ақпараттарды белгілейді	2
2	сыни тұрғыда баға береді	1
3	практикалық және бағалауға негізделген сұрақтарын қояды	1
4	оның жауабын береді	1

4- сыныптарға арналған көркем мәтіндер

Абай мен Әбіш

Бірде Абай әңгіме үстінде.

– Қалқам, Әбіш осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма? Қара зат асыл ма? – деп сұрапты.

Ол іркілместен

– Ақ зат асыл ғой, – дейді.

– Неге қара зат асыл емес пе?

Әбіш күлімдеп:

– Қараны қалай асыл дейсіз? – дейді

Біріншіден адам баласы барлық дүниені жаратылысты көзбен көреді емес пе? Бірақ көздің ағы көмейді, ортасындағы қарашығы ғана көреді.

Екіншіден қағаз-ақ адан адам оқып білім ала алмайды, үстіне қара сиямен жазғаннан өнер білім алады. Үшіншіден, жас шақта адамның сақал шашы қара болады. Осыған байланысты. Жас күнде адамға ақыл, білім, қайрат көп болады.

Қартайғанда адамның шашы-сақалы ағарады, ал адам ақыл қайрат, білім де азаяды. Сондықтан қараны асыл ма деп ойлап қалдым, – дейді. Әкесі:

- Оның бәрін қайдан білдіңіз?
- Ақылмен білдім, – дейді әкесі.

(118 сөз)

Ұмытшақ

Екі кітап

Бірде жолға шыққан жолаушы екі кітап тауып алады. Бірінші кітаптың қалыңдығы екі қарыс. Екінші кітап сіріңкедей кішкене әрі жұқа. Ол кітаптарды алып, данышпан қарияға келеді. Қария екі кітапты таразыға салып, өлшейді. Жұқа кітаптың салмағы басым түседі. Қария басын шайқайды да:

- Сені жазған кім , үлкен кітап? – деп сұрайды.
- Мені мылжыңбай деген біреу жазды. Отырады да, ойынан келгенін жаза береді, – деп қалың кітап жауап береді.
- Ал сен кім жазды, кішкене кітап?
- Мені ғұлама білгіржазды. Ол көп жыл еңбек етіп сөз асылын ғана хатқа түсіреді, – дейді.
- Міне енді ұқтың ба? – деді қария жолаушыға.
- Мына кітапта ақылдының сөзі ғана бар. Ал мына кітапта іші толы бос сөз. Сондықтан жеп-жеңіл. Мағынасыз сөзде не салмақ болсын.

(111 сөз)

Сауысқанның ұясы

Ертеде аспандағы құстар құсқа тән өнердің қыр-сырын енді ғана меңгере бастаған шақта ала қанат Сауысқан өзінің аса білгір санапты. Бірақ оның білетіні тоғыз, білмейтіні тоқсан тоғыз еді.

Көктем келіп, құстар ұя салу қамына кіріседі. Сауысқан да жұрттан қалмай іске кірісейін десе, құрылысты неден бастарын білмей дал болады. «Құс екендерің рас болса, ұя салуды маған үйретіндер» деп қолқа салады. Құстардың бірі шқп-шалам әкеп, біреуі бұтақ тасып, сауысқанға ұя салуды үйрете бастайды.

Үлкен құстар қарға, құтан, қырғи бір-бір бұтақшадан алып келеді. Ал Сауысқан тұмсығын көтеріп, құйрығые қайқандатып: «Осы ғана ма! Мұны мен сендерсіз-ақ білемін» деп әрі-бері секеңдеумен болады.

Көмекке Шымшық, Бозторғай, Қарлығаш сияқты кішкентай құстар келеді. Олардың кейбірі қабырғаны жүн-жұрқамен бекіте алса, кейбіреуі балшықпен сылақ сылауды жақсы білетін, енді біреуі еденге мамық төсеудің шебері еді. Бірақ мамық төсеушінің өнеріне кезек тимей қалды. Бір үлкен құс бұтақшаны тұмсығымен тістеп, ұшып келе жатса, сауысқан тағы баяғы әніне салады:

- Осы ғана ма! Мұны мен сенсіз де білемін!

Сонда мақтаншақ сауысқаннан мезі болған құстар:

- Солай ма, Сауысқан мырза! Сен бізсіз-ақ бәрін біледі екенсің. Олай болса, мына құрылысты өзің жалғастыра ғой, – деп жөндеріне кетеді.

(177 сөз)

Аю мен бал арасы (Башкұрт ертегісі)

Баяғы өткен заманда бір маймақ аю өмір сүріпті. Ол аюдың түлкінің құйрығы сияқты ұлпілдеген ұзын құйрығы болыпты. Аю балды өте жақсы көріпті. Оның бал жемеген бірде-бір күні болмапты. Сондықтан, оның күндіз-түні балды қайдан табудан басқа ойы болмапты. Ол аралар үймелеп жатқан ағаш қуысын көрсе, қуаныштан жүрегі жарылыпты. Аю осы ағаштың үстіне шығып, аралардың үйін бұзып, олардың жинаған балын жейді екен. Бейшара аралар өз үйлері мен балдарын қанша қорғағысы келгенмен, аюға шамалары жетпейді. Оның терісі қалың, жүні ұзын ғой. Ал араның тілі өте қысқа еді. Аюды шақпақ болып, жүнінің арасына кірген аралар оның жүніне шырмалатын. Аюға да керегі сол, ол ағаштан түсе салып, жерге аунап, араларды өлтіріп тастайтын. Ол аз болса, аю өзен суына сүңгіп, қалған аралардың түбіне жететін, содан кейін ағашқа қайтадан барып, балды емін-еркін жей беретін.

Бірде орманға отын шабуға бір адам келеді. Ол ағаштың үстіне шығып алып, балды құныға жеп, өзінің ұзын ұлпілдек құйрығымен араларды үркітіп отырған аюды көреді.

«Ах! Сен оңбаған аю, аралардың ұясын бұзып, жинаған азықтарын жеп, оларды тонап жатыр екенсің ғой. Мен саған араларға әлімжеттік жасағаның үшін сазайыңды беремін!» деп кіжінген адам аю отырған ағашқа өрмелей жөнелді. Ол аюға жетіп, балтасын сілтеп қалды. Балта аюдың мойнына емес, оның ұлпілдеген ұзын құйрығына тиіп, оны түбінен кесіп түсті. Құйрығының кесіліп түскен жері қатты ауырған аю, ағаштан тоңқалаң асып құлап түсті де, орманның ішіне қарай өкіріп, жүгіріп кетті. Содан бері аюдың құйрығы жоқ болыпты. Ал адам болса, араның тоналған ұясын орнына қойып, үйіне кетіпті. Мұны көрген аралар таңғалып, өздерінің Ара-аналарынан:

– Сіз адамның балды неге алып кетпегенін, әйтпесе аю құсап жемегенінің себебін білесіз бе? Оған ешкім кедергі келтірген жоқ қой! – деп сұрапты. Ара-ана не айтарын білмепті. Себебі ол да таңғалып отырған. Сондықтан балаларына:

– Адамды қуып жетіп, себебін өзінен сұраңдар, – депті. Аралар адамды қуып жетіп, оның балды неге алып кетпегенін, неге жемегенін сұрапты. Адам оларға:

– Мен сендердің балдарыңды алып кетсем, иә жеп қойсам, сендер қыстан қалай шығар едіңдер? Сендер қысқа жетпей-ақ аштан қырылар едіңдер ғой, – дейді.

Аралар өз ұяларына қайтып келді. Олар Ара-анаға адамның айтқандарын жеткізді. Ара-ана ормандағы барлық араларды жинап, кеңес құрады. Бұл кеңесте аралар адамға барып, өздерін аюдың шабуылынан қорғап, оларға қамқорлық жасап жүруін өтіну керектігін айтады.

Аралар адамға келіп:

– Адам, сен бізді аюдың шабуылынан қорғап жүрші! Әйтпесе, бізге бұл бұзық маймақ күн көрсетпейді. Біз саған сол үшін алғысымызды айтып, иісі аңқыған тәтті балымыздан беріп тұрамыз, – дейді.

Адам келіседі. Сол кезден бастап адам мен ара достасып, бір-біріне көмектесетін болыпты. Еңбекқор аралар күндіз-түні еңбек етіп, бал жинап, адамдарға өздерінің тәтті балын сыйлайды екен. Ал адамдар оларға қамқорлық жасауды қолға алыпты. Оларға жылы ұя жасап, жыл сайын қыстан аман-есен шығуын қадағалап отырады екен.

*Орыс тілінен аударған
Бибісара ОМАРОВА (423 сөз)*

Ақгүлдің айтқаны (Ертегі-хикаят)

Лыпылдап ойнап ұшқан Ақгүл су ішуге арыққа барыпты. Күн ыстық. Анадай жерде торғай шоқиып отырыпты. Тұмсығын бір малып, бір шығарып, су ішуге кірісіпті. Ақгүл кішкентай ғой, әрі әдепті. Басын иіп амандасады:

– Торғай апа, сәлеметсіз бе?

Ол амандаспады. Жақсы естімейтін шығар деп, ойлаған Ақгүл күшеніп, бар даусымен:

– Торғай апа-а, сәлеметсіз бе? – деп айғайлап кеп жіберсін. Ол селк етіп, суға шашалып қалды да, дүрсе қоя берді:

– Неге шыңғырасың?! Сені мұнда кім шақырды? Кет, бар!

– Кешіріңіз, апа, сізге амандасып тұрмын.

– Иә саған! Сен мені қорқытқың келді. Көрсетейін мен саған!

Ашулана бұрылып, тұра ұмтылғанда, Ақгүлдің зәресі ұшты. Қашқаннан қашып отырып, лып етіп, жапырақтың астына жабыса кеткені содан. Төңкерілген жапырақтың астына тығылса, байқамай өтіп кететін шығар деп ойлаған. «Бірақ ол өте жылдам екен. Көп ұзатпай-ақ жетіп қалды, оны өздерің де көрдіңдер. Сендер құтқармағанда, мені жеп қоятын еді. Бұл жақсылықтарыңды ешуақытта ұмытпаймын.

Көп рақмет! – деді Ақгүл.

Сарыауыз таңданды:

– Арық деген не?

Көбелек теңселіп, қанаттарын көтеріп-көтеріп қойды:

– Әлі білмейсің бе? Адамдар жерді была-ай ұзы-ын ғып қазады. Су ағатындай етіп. Кішкене өзен сияқты су ағып жатады. Соны арық дейді. Бірақ онда балық жоқ. Сол арықта аққан сумен бақшаны суғарады.

Сарыауыз орнында тыныш тұра алмай, тыпыршып кетті:

– Мен оларды ешқашан көрген жоқпын. Ақгүл, көрсетші маған...

– Мен талай көргем, – деді Қоңырша. – Ал сен әлі кішкентайсың. Кітап оқи алмайсың. Сондықтан саяхатқа шығу керек. Көп көрсең, көп білесің. Бірақ сен жалғыз барма, адасып кетесің.

– Үшеуіміз бірге барайық. – Сергіген Ақгүл қанаттарын қағып жіберді. – Қайтып келген соң, оқуды үйренеміз.

– Алақ-а-ай! – Қуанған Сарыауыз секіріп-секіріп алды.

Б.Ыбырайым (240 сөз)

Көркем мәтіндер бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты:

4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау.

4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу.

Сабақ мақсаты:

- мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды және ондағы негізгі ойды тұжырымдайды.

- берілген тақырып бойынша әңгімелейді, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазады.

1-2 мәтіндер. «Абай мен Әбіш», «Сауысқанның ұясы»

Кестені толтыр

№	Мәтін атауы	Мазмұны қандай?	Мәтіндегі негізгі ой қандай?
1	Абай мен Әбіш		
2	Сауысқанның ұясы		

3-мәтін «Аю мен бал арасы»

Топтық жұмыс

1-топ берілген тақырып бойынша шығарманы ауызша әңгімелейді, пікір алмасады

2-топ шығарманы іштей оқып, бірлесе отыра осыған ұқсас жаңа мәтін құрап жазады.

3-топ мәтіннің тақырыбы мен мазмұнын салыстырады, тақтаға кесте ретінде оқиғаның қалай басталғанын, ортасын және соңғы бөлімін талдап жазады.



6-сурет

4-мәтін. «Ақгүлдің айтқаны»

1. Мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының сәйкестігін анықтау

1. Сұрақтарға жауап беріндер:

○ Ақгүл кіммен амандасты? Торғай апаның Ақгүлге не үшін ашуланғанын түсіндіріңдер.

Арық деген не екенін кім түсіндірді?

2. Тақырып пен мазмұнның байланысын анықтаңдар:

Мәтіннің тақырыбы «Ақгүлдің айтқаны» деп аталады. Ақгүл не жайлы айтып берді? Осы тақырып мәтін мазмұнына сәйкес келе ме?

2. Мәтіндегі негізгі ойды тұжырымдау

3. Негізгі ойды анықтаңдар:

Мәтінде автор оқырманға не айтқысы келді? Мәтіннің басты идеясы не деп ойлайсыңдар? Өз сөздеріңмен қысқаша тұжырымдап жазыңдар.

3. Мәтін құрастыру (әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтерімен)

4. Берілген тақырып бойынша әңгімелеу мәтінін құрап жазыңдар:

Тақырып: «Ақгүлдің қызықты кездесуі»

Ақгүл мен Торғай апаның кездесуі туралы қысқаша әңгіме құрап, екі кейіпкердің әрекеттерін қосыңдар. Әңгімеде сәлемдесу, реніш, кешірім сұрау сияқты оқиғаларға мән беріңдер.

5. Сипаттау мәтінін құрастыру:

Тақырып: «Арықтың бойындағы тіршілік»

Арықтың қандай екенін және оның бойындағы тіршілікті сипаттаңдар.

Ондағы судың ағысы, Ақгүлдің арыққа баруы, Торғайдың шоқып су ішкенін айтып өтіңдер.

6. Пайымдау мәтінін құрастыру:

Тақырып: «Саяхаттың пайдасы»

Қоңыршаның «Саяхатқа шықсаң, көп көресің, көп білесің» деген сөзіне сүйеніп, саяхаттың пайдасы туралы ойларыңды жазып шығыңдар. Саяхатқа шыққанда жаңа нәрселерді көріп, көптеген қызықты ақпаратты қалай үйренуге болатыны туралы пайымдаңдар.

4. Сұрақтар мен талқылау тапсырмалары

7. Талқылау сұрақтары:

Ақгүлдің басынан өткен оқиғада достық пен түсіністік бар ма?

Қиын жағдайға тап болғанда, достардың көмегі маңызды ма?

Дескриптор

№	Тапсырма	Балл (жалпы – 6 балл)
1	мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтайды	2
2	ондағы негізгі ойды тұжырымдайды.	2
3	берілген тақырып бойынша әңгімелейді	2
4	сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазады.	2

2. 5-11-СЫНЫПТАР ҮШІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ МӘТІНДЕР

5- сыныптарға арналған көркем мәтіндер

Төрт түлік мал

Төрт түлік малдың ішіндегі ең қасиеттісі түйе болып есептелген. Ол қырық күн шөлге шыдамды, жүк артса – көлік, жесе – ет, ал жүні киімге жараған.

Қазақтың қасиетті малдарының бірі – жылқы. Жылқы малын аса жоғары бағалаған қазақтар оны үлкен ас-тойларда жарысқа салып, бас бәйгеге иесіне сыйлық беретін болған.

Сиыр малы момақан, қазақ халқы үшін көбінесе тамаққа жараған, сүттен айран, қаймақ, май, құрт, ірімшік сияқты тағамдарды дайындаған. Түйе мен жылқыны, өгізді көлік ретінде пайдаланады, шанаға, арбаға, малға жегеді, салт та мінеді.

Қой – төрт түлік малдың ішіндегі ең сүйіктісі. Өзі момақан, сүті майлы әрі жұғымды қой малын ата-бабамыз ерекше қастерлеген.

Ешкі де өсімтал малдың бірі болғандықтан, қадірлі. Ешкінің еті жеңіл әрі сіңімді, сүті аса құнарлы болады.

Еңбекқор қазақ халқы мал өнімдерін өте орынды пайдаланып отырған. Жылқының жалынан арқан, сиыр мүйізінен тарақ жасаған, қой жүнінен киіз, текемет, сырт киім, түйе жүнінен шекпен тоқыған. Осындай аса құнды мал болғандықтан, қазақтар өз балаларын да «құлыным, қозым, қошақаным, ботам» деп еркелетіп отырған [29].

(153 сөз)

Амандасу әдебі

Амандасудың үлкен-кішіге қатысты айтылатын түрлері бар. Ер адамдар бір-біріне, өзінен жасы үлкен кісіге, ақсақал, қарт адамға «Ассалаумағалейкум!» деп амандасқан жөн, бұл жағдайда міндетті түрде «Уағаллейкумасалам!» деп жауап қайтару керек. Апа, әжелерге «Амансыз ба, әже!», «Амансыз ба, апа!» дейді. «Сәлеметсіз бе!» деп амандасу жиі айтылады. Жақын туыстардың есімін қосып айтып сәлемдесуге болады. Мысалы, «Амансыз ба, Маржан апа!», «Сәлеметсіз бе, Айбек аға!». Ұстазбен сәлемдескенде «Сәлеметсіз бе, Бекзат ағай!» немесе «Сәлеметсіз бе, Бекзат Шыңғысұлы!», «Сәлеметсіз бе, Дана апай!» немесе «Сәлеметсіз бе, Дана Абылайқызы!» деп айтуға болады.

Әдетте қарсы келе жатқан адаммен қатарласуға бірнеше қадам (3-4 қадам) қалғанда амандасады.

Қандай жағдайда орнынан тұрып сәлемдесу керек?

Орнынан тұру дегеніміз — құрмет көрсету. Ұл балада да, қыз бала да үлкен кісілермен амандасқанда орнынан тұрады.

Кімнің бірінші болып амандасуы керек?

Әдетте, кіші адам жасы үлкенмен, ұл бала қыз баламен бірінші болып сәлемдеседі. Кірген адам отырған адамдармен бірінші болып амандасады, ал кетіп бара жатқан адам қалушылармен бірінші болып қоштасады.

Сәлемдескендегі бас киім туралы. Бас киімді шешіп сәлемдесу әдепке жатады. Мүмкін болған жағдайда (егер ол сіздің денсаулығыңызға зиян келтірмесе, ауа райы нашар кезде, екі қолмен ауыр жүк көтеріп келе жатқанда болмаса) бас киімді шешіп сәлемдескен дұрыс [30].

(186 сөз)

Гүл туралы аңыз

Ерте, ерте, ертеде еңбекқор шаруалар әдемі гүлдер өсіретін. Ауыл да, дала да, қала да жайнап тұратын. Бір күні хан: «Гүл өсіруді тоқтатыңдар, олардан пайда жоқ. Барлық гүлдерді құртыңдар да, орнына бидай егіндер», - деп жарлық етті. Шаруалар болса: «Гүлді де егейік, дәнді де егейік. Гүл туған жердің сәні ғой. Гүлдерді өлтірмеңіз», - деп жалынды. Бірақ ашулы хан ешкімді тыңдамады. Қызылды-жасылды болып құлпырған гүл бақтарын қиратып, жер бетінде бір де бір гүл қалдырмады. Қаланың да, даланың да сәні кетті. Мерекелерде адамдар бір-біріне гүл сыйлай алмады. Аралар да қайдан бал жинарын білмей, құр ызындап ұша берді.

Бір күні хан қатты ауырып қалды. Ұзақ ауырды. Айлар бойы қанша емделсе де, сауықпады. Бір күні бір емші науқасты қарап: «Ауруға бал жегізсе жазылады», - дейді. Хан не істерін білмей, қатты састы. Үлкен қателік жасағанын түсінді. Бірақ бәрі кеш еді.

Сол кезде топтан бала шығып: «Менде гүл де, бал да бар», - дейді. Бәрі таң қалып, бір-біріне қарады.

Оқиға былай болған еді. Кезінде хан ашуланып бар гүл жойғызғанда, осы бала бір түп гүлді көрсетпей тығып, аман алып қалады. Содан бері ешкімге білдірмей гүлдерді баптап өсіріп, гүлге араларды жіберіп, бал жинай береді. Баланың гүлзар бағын көріп хан да, халық та қатты қуаныпты.

Осы оқиғадан кейін хан қайтадан гүл егуге бұйрық беріпті.

(199 сөз)

Шешең үйде ме?

– Үйде жоқ. Фермаға кетті.

– Солай де. Еее...

– Үйде қымыз бар шығар?

– Бітті.

– Сенің атың кім?

- Дәулет.
- Жақсы ат екен. Әдемі ат. Менің де атым - Дәулет. Мұндай аты жақсы адам әсте өтірік айтпайды. Қымыз бар ғой, иә?
- Бар.
- Тамаша!
- Үйге кірейік, қожайын. Қожа, жүр, үй иесі ренжіп жүрер. Жүр, жүр, жүр. Дәмнен үлкен емеспіз ғой.
- Бәрекелді! Сен өзің жомарт екенсің. Кеңпейіл ниетіңе ризамыз. Мә, мынаған кәмпит алып жей ғой.

Жексеннің желімі

Жексенді сыныптастары да, мектептегі басқа балалар да «Тәртіпсіз Жексен» деп атайды. Шынында да солай. Сабақта тыныш отырмайды, жан-жағындағыларға үнемі кедергі жасайды. Жазады, сызады, жыртады. Әбден болмаса, қағаздан ұшақ жасап, мұғалиманың көзін ала бере, ұшырып жібереді. Сағыз да шайнайтын сол. Қасындағы Зағипаға күн бермейді. Түртеді, мазақ етеді.

Еңбек сабағы болатын. Оқушылар қағаз қиып, гүл жасауға кірісті. Тек Жексен жан-жағына жалтақтап, бостан-бос отыр. Өйткені оның қайшысы да, желімі де жоқ...

Бір кезде мұғалима апай қарсы алдындағы Айдарды тақтаға шақырды. Осы мезетті пайдаланып, Жексен оның партасының отырғышына желім төгіп қойды. Жабысып қалып, күлкі болсын дегені.

- Жексен, кәне, жасаған гүліңді көрсетші, – деді апай осы кезде.
- Жасаған жоқпын, – деді бұл.
- Апай, оның желімі, қайшысы жоқ, – деді Зағипа.
- Айдарда бәрі бар екен. Соның орнына отырып жасай ғой, – деді апай. – Ал Айдар сенің орнында отыра тұрсын.

Жексеннің жүрегі су етті. Әйтсе де амал жоқ, сездірмеуге тырысты. Отырды...

Сабақ бітті. Оқушылар у-шу болып, сыртқа шықты. Сыныпта Жексен ғана жалғыз қалды. Орнынан ептеп тұрып көріп еді, тұра алмады. Шалбары отырғышқа жабысып қалыпты.

(163 сөз)

Марк Цукерберг

Facebook Марк Цукербергтің компьютеріндегі бір жоба ғана болатын. Егер ол өзінің қалауы болғанда оны әлдеқашан сатып жіберген болар еді. Ол желіні сатудан бас тартты. Себебі ол Thefacebook-ке белгіленген сомаға емес, болашақта әлемді дүр сілкіндіретін жобаға қызықты. Facebook кішкене бастама болғанымен, Марктің мақсаты үлкен болды. Алдымен Facebook бір университеттің (Гарвард) деңгейіндегі жоба еді. Сосын Yahoo

компаниясы желіні 1 миллион АҚШ долларына бағалағанда, ол миллиондық жобаға айналды. Дегенмен, Марк оны миллиардтық сатыға жеткізді.

Марк Цукербергтің үлкен мақсаттары мен тамаша жоспарлары болатын. Ол бүкіл әлемді өзіне тартатын ықпалды ойластырды. Миллиондаған қаржыны қамтитын капиталды күтпей, өзінің университеттегі жатақханасынан, бар жоғы бірнеше мың АҚШ долларымен бастады. Ал қазір ол әлемдегі ең жас миллиардер атанып отыр.

Марк Цукерберг Facebook-ті ғаламтордың негізгі орталығына айналдыруды мақсат етті. Ол Google-мен бәсекелес болуға дейін барды. Тәуекелге бас ұрмаған кәсіпкер сәтті бизнеспен айналыса алмайды. Марк Цукерберг те тәуекелдің аттауынан өтті. Марк Facebook желісін дамыту үшін оқудан кетіп, тәуекелге барды. Google-ға қарсы келіп, тәуекелге барды. Демек, тәуекелсіз үлкен дүмпу орын алмайды.

(159 сөз)

Тіл қисыны

Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға түрлі зат керек. Ол керек зат топырақ болса, оны біріктіріп илейді, иленген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті болып шығады.

Сөзден құрастырылып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе, қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе, сөздің тізілуінен. Рас, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікір айтуында. Жазушы қиялға неғұрлым бай, пікірге шебер болса, шығарған сөзде соғұрлым әсерлі, әдемі шықпақ.

(100 сөз)

А.Байтұрсынов

Дастарханға нан қалай келді?

Нан тарихының тамыры сонау ежелгі заманға кетіп жатыр. Ғалымдардың пікіріне қарағанда, ол он бес мың жылдан асса керек. Әйтсе де алғашқы нанның өсімдігі бидай да, сұлы мен арпа да емес, кәдімгі емен екен. Ерте заманда адамдар емен жаңғағынан мол өнім алып, үгіп, онан ұн жасаған. Бұдан бес мың жыл бұрын адамдардың емен жаңғақтарынан ұн жасап, пісірген нанның қалдықтарын Кировоград облысының аумағындағы Триполь елді мекенін қазу жұмыстар жүргізген археологтар тапқан.

Дәнді дақылдарды қолдан егуді, оның дәнінен ұн жасауды адамдар бірте-бірте меңгерген. Сұйық ботқа – біздің қазіргі нанымыздың бастапқы

түрі болған. Ал Африка мен Азияның бірқатар елдерінде әлі күнге дейін нан орнына осындай быламықтарды қолданады [31].

(102 сөз).

Сәмбі тал

Сәмбі талды – інжу тал десе де болады. Бір түрлі мұнайып сізбен сырласқысы келетіндей. Мұңын шаққысы келетіндей. Сәмбі талдың тұқымы осында қалады. Ол саз жерге бітеді. Көп жуандамайды. Әрі кетсе білектің жуандығындай болады. Бір тамырдан топтанып, шоқтанып алтау-жетеу, одан да көп шыбық тарайды. Жан-жағына көп бұтақ жаймайды. Сыптай болып түзу өседі. Өзі солқылдақ та иілгіш келеді. Киіз үйдің сүйегі осы сәмбі талдан жасалады.

Апыр-ай, табиғат ана шебер-ақ қой! Төрт түлік малдың қамымен көшіп-қонып жүрген қазаққа киіз үйдің сүйегіне арнап дап-дайын сәмбі талды өсіруін қарашы!

Кереге, уық, шаңырақ дегендерге таптырмайды [32].

О. Әбілдаев, (98 сөз)

Отбасы - сыйластық ортасы.

Отбасы – сыйластық орнаған орта. Отбасының әрбір мүшесі өзара сыйластықты сақтауға тиіс. Сонда бірлік, татулық берік болады. Әке отбасындағы барлық қамқорлықты атқарса, ана отбасына нәр беруші адам. Сондықтан бала өмір бойы ата-анасының еңбегін, жақсылығын сыйлауы тиіс.

Жалпы отбасында үлкендерді сыйлауға көп мән беріледі.

Кішіпейілдік, көркем мінез, сыйластық отбасында қалыптасады.

Ата-анасын сыйлап өскен бала өзгелерді де құрметтеуге үйренеді.

(57 сөз)

Қазақстан Астанасы

Қазақстан елінің астанасы – бұрынғы Ақмола қаласы. Бұрынғы Ақмола қаласы 1953 жылдан бастап, Қазақстан жерінде тыңның көтерілуіне байланысты «Целиноград» деп аталған еді. 1995 жылдан бастап, «Ақмола» атын қайтып алды. 1998 жылдың жазынан бастап Қазақстан Президентінің жарлығымен «Астана» деген атқа ие болды. Жаңа Астанада көптеген ғимараттар салынып жатыр. Көрнекі көшелердің біріне Төле, Әйтеке, Қазбек билердің ескерткіштері орнатылды. Бұл қала нағыз ғылымның, мәдениеттің қаласы болады [13].

А.Ш. Бектурова. Ш.К. Бектуров. (62 сөз)

Ас атасы – нан

Қазақта «ас атасы – нан» деген сөз бар. Астың, дәмнің үлкені – нан. Ол бидай ұнынан жасалады. Нан қасиетті тағам. Ұнның құрамындағы адамның бойына нәр беретін, қуат беретін ағзаға қажеттінің бәрі бар. «Нанды жерге тастама», «нанның үстіне зат қойма», «нанды төңкерме», «нанды бір қолмен үзбе» деген сөздің барлығы – сол нанның қасиетіне орай айтылған тыйымдар.

(52 сөз)

Шоқан Уәлиханов

Шоқанның шын аты — Мұхамедханафия. Анасының еркелетіп қойғаны — Шоқан. Шоқыдай биік, таудай асқақ деген мағынаны білдіреді. Шоқан бес жасында хат таныған. Әкесі Шыңғысқа ескі жыр-дастандарды жазып алуға көмектескен. Әкелі-балалы екеуі ауыл төңірегін көгалдандырумен шұғылданған.

Шоқанның туып-өскен мекені дегенде, Құсмұрыннан сол ойға оралатыны — Сырымбет. Осы өңірдің даласы, орман-тоғайы, көлі мен тауы — Шоқанның бала кезден аралаған, сұңқар алып, саят құрған жері. Құсмұрын мен Сырымбетке соққан сайын, қазақ халқының тарихы, тұрмысы, өнері туралы мол мұра жинақтаған.

Бірде Шоқан жолдастарымен кадет корпусы ауласында тұрады. Корпустың Ертіс өзеніне шығар қақпасынан ұшы-қиырсыз қазақ даласы әдемі көрінеді екен. Сонда қарап тұрып «Келешекте мына аяқтар қай жердің топырағын басарын бір құдайдың өзі білсін!» — деп қиялға шомылыпты. Кейіннен Шоқанның бұл арманы жүзеге асады. Қашқарияға сапар шегіп, күрделі еңбектер жазады. Петербургте әйгілі ғалымдар алдында баяндама жасады.

Дүниежүзілік ғылымға елеулі үлес қосқан Шоқан 1865 жылы Матай тауының етегінде қайтыс болған. Шоқанның есімімен аталып, тарихи-мұражай ашылған [35].

(143 сөз)

Тоғайда

Дәулет көкесі екеуі ауыл сыртындағы тоғайды аралап келе жатты. Бұрын - соңды үйден алысқа шығып көрмеген кішкентай Дәулетке айналадағы құбылыстың бәрі жұмбақ еді. Тоғайда неше түрлі ағаштар өскен. Бірі жуан, бірі аласа. Біреуінің сыртқы қабығы қалың, кедір-бұдыр, ана біреуінің қабығы жұқа, жып-жылтыр. Әр ағаштың бұтақтары да әр түрлі екен. Күзгі жапырақтар бейне бір төсеп тастаған текемет сияқты, ұйысып жатыр. Жұп-жұмсақ. Сары қанат шымшық, шөже торғай, қараторғайлар бұтақтан-бұтаққа секіріп, енді біреулері алаңқай жердегі бұталарды паналайды. Қара қарғалар ағаштың басында отыр.

Дәулет сұрақты жаудырта жөнелді:

– Қарғалар ұясын қайда салады?

– Ағаштың сонау биік басына салады, балам, – деді әкесі [36].

(95 сөз)

Шие тергенде

Әмина әже немерелері Жанат пен Қанатты ертіп, шие теруге орманға келді. Көп ұзамай қалың шиеге кезікті. Жанат терген шиесін қолындағы ыдысына салды. Қанат өзі жинаған шиесін тойғанынша жеп, содан соң ойнап кетті. Таза ауада әрі жақсы дем алып, әрі шиеге тойып, олар үйлеріне көңілді оралды.

Жанат әдейі тергенін айтып қолындағы шиесін атасына әкеліп берді. Атасын шиенің біреуін алып, дәмін көрді. Жанатқа қатты риза болып, оның өзін де шие жеуге шақырды. Жанат орманда тойғанынша жегенін айтты, дегенмен, атасының көңілін жықпай, аузына бір-екі шие салды.

– Қанатжан, сен неге отырмайсың? Жанаттың шиесін же, – деді атасы босаға жақта тұрып қалған Қанатты көріп. Қатты ұялған Қанат көзі жасаурап, сыртқа ата жөнелді [37].

(106 сөз)

Алатау сұлулығы

Шұбар ауылы кәдімгі жеті өзенді сағалаған басқа елді мекендер сияқты Жоңғар Алатауының етегінде жатыр. Қоғалы мен Текелі тауларының аралығындағы Ешкіөлмес аталатын жота-осы ауылға ең жақын тұрған тау. Ол барып биік тауға, асқар шыңдарға жалғасады.

Алатау сұлулығын ешкім әлі айтып жеткізе алған жоқ. Оны айтып жеткізу мүмкін болмас еді. Алатаудың мына шоқылары да нақ бір сондай тіл жетпес сұлу. Кеші мен таңы тағы тамаша.

Күннің аппақ түстес сарғыш сәулесі тау биігіндегі ақша қарға ойнап шыға келді. Аппақ қар басқан биіктен көрінгенде, күннің өзі де алтын түстес болып кетеді.

Күн көтеріле түсті. Ешкіөлместің көк жотасына иек артты. Күн сәулесі шашырап барады. Сәуленің астындағы бір тармақтары қалың шыңдарға найзадай шаншыла түсті [38].

(108 сөз)

Көркем мәтіндер бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты: 5. 3. 1. 1мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау;

Шешен үйде ме?

– Үйде жоқ. Фермаға кетті.

– Солай де. Еее...

– Үйде қымыз бар шығар?

– Бітті.

– Сенің атың кім?

– Дәулет.

– Жақсы ат екен. Әдемі ат. Менің де атым - Дәулет. Мұндай аты жақсы адам әсте өтірік айтпайды. Қымыз бар ғой, иә?

– Бар.

– Тамаша!

– Үйге кірейік, қожайын. Қожа, жүр, үй иесі ренжіп жүрер. Жүр, жүр, жүр. Дәмнен үлкен емеспіз ғой.

-Бәрекелді! Сен өзің жомарт екенсің. Кеңпейіл ниетіңе ризамыз. Мә, мынаған кәмпит алып жей ғой.

Б.Сокпақбаев «Менің атым Қожа» повесінен үзінді. (72 сөз)

№	Ақпараттар	Негізгі ақпарат «V»
1	Үйге Жұмағұл кіріп келді.	
2	Анасы фермаға кетті.	V
3	Келген қонақтарға Дәулет қымыз берді.	V
4	Қожаның анасы риза болды.	

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау;	Берілген ақпараттардың ішінен 1 негізгі ақпаратты анықтайды.	1
	Берілген ақпараттардың ішінен 1 негізгі ақпаратты анықтайды.	1
Барлығы	2	

5. 3. 5. 1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу

Төрт түлік мал

Төрт түлік малдың ішіндегі ең қасиеттісі түйе болып есептелген. Ол қырық күн шөлге шыдамды, жүк артса – көлік, жесе – ет, ал жүні киімге жараған.


Қазақтың қасиетті малдарының бірі – жылқы. Жылқы малын аса жоғары бағалаған қазақтар оны үлкен ас-тойларда жарысқа салып, бас бәйгеге иесіне сыйлық беретін болған.

Сиыр малы момақан, қазақ халқы үшін көбінесе тамаққа жараған, сүттен айран, қаймақ, май, құрт, ірімшік сияқты тағамдарды дайындаған. Түйе мен жылқыны, өгізді көлік ретінде пайдаланады, шанаға, арбаға, малға жегеді, салт та мінеді.

Қой – төрт түлік малдың ішіндегі ең сүйіктісі. Өзі момақан, сүті майлы әрі жұғымды қой малын ата-бабамыз ерекше қастерлеген.

Ешкі де өсімтал малдың бірі болғандықтан, қадірлі. Ешкінің еті жеңіл әрі сіңімді, сүті аса құнарлы болады.

Еңбекқор қазақ халқы мал өнімдерін өте орынды пайдаланып отырған. Жылқының жалынан арқан, сиыр мүйізінен тарақ жасаған, қой жүнінен киіз, текемет, сырт киім, түйе жүнінен шекпен тоқыған. Осындай аса құнды мал болғандықтан, қазақтар өз балаларын да «құлыным, қозым, қошақаным, ботам» деп еркелетіп отырған.



7-сурет

«Ривин кестесі» бойынша мәтінмен жұмыс

Мәтін атауы	Тірек сөздер	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

6- сыныптарға арналған көркем мәтіндер

Байлық

Бұрынғы өткен заманда бір дана кісі өлерінің алдында жалғыз қалып бара жатқан баласына: «Шырағым, жер астына көмген көп қазынам бар, соны қазып алсаң, қарның аш болмас, киімсіз болмассың» – депті. Әкесі өлгеннен соң, жетім баласы үйдің айналасындағы жерді ертеңді-кеш еңбек етіп қазады, көп машақаттанады, бірақ әкесі айтқан қазынаны таба алмайды.

Басы дал болып, шаршап, шалдығып, ақырында, бір көп жасап, көп көрген данышпан қарияға келеді. Әкесінің үгіт-насихатын, өзінің көп әуре болғанын баяндайды, енді не қылсам екен дейді:

– Балам, сен әкеңнің өсиетіне түсінбеген екенсің, оның мәнісі былай: әкең саған мирасқа жер қалдырыпты, сол жерді күшің жеткенше күтіп, егін егіп, күз тұқым шашып, еңбек етсең, уақытында өнімін төкпей-шашпай жиып алсаң, сонда сен байлықтың астында қаласың, аш та, жалаңаш та болмайсың. Байлық жерде, еңбекте, – депті.

Сонда бала басын қасып, әкесінің өзіне айтқан өсиетіне енді ғана түсініп, оны орындауға кіріскен екен.

Ы. Алтынсарин. (139 сөз)

Оқу мақсаты: 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.

1. Тапсырма. «Негізін тап» әдісі. Ойлау дағдыларының деңгейі – қолдану.

Мәтін	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат	Нақтылау сұрағы
-------	-----------------	-----------------	-----------------

Дескриптор:

№	Бағалау критерилері	Балл (жалпы балл – 6)
1	негізгі ақпаратты табады	2
2	қосымша ақпаратты анықтайды	2
3	нақтылау сұрағын құрастырады	2

Оқу мақсаты: 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графикалық мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру.

Су – тіршілік к өзі, табиғатта ең көп таралған зат. Су Жер шарының 3/4 бөлігін алады. Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді, табиғаттағы барлық тіршілік атаулының құрамына кіреді. Тірі ағзалардың 60-70 %-ы , ал өсімдіктердің 90 %-ы судан тұрады. Су – тамақ рационының маңызды құрамдас бөлігі. Сусыз тіршілік жоқ. Адам шөлдегеннен гөрі аштыққа шыдамды келеді екен. Зат алмасудың барлық процестері судың қатысуымен атқарылады. Тамақты сіңіру, қанға нәрлі заттардың жетуі сұйық ортада өтеді. Зат алмасудың зиянды өнімі организмнен су арқылы шығарылады. Организмде судың жеткіліксіз болуы шөлдеуге әкеліп соқтырады да, судың артық болуы жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысын қиындатады. Судың пайдалы қасиеттеріне келесілері жатады:

– Су қоректік заттектерді (жасушаларға), алмасу өнімдерін және гормондар, ферменттер, тромбоциттер және қан жасушалары сияқты түрлі заттарды (жасушадан) тасымалдайды. Соған сәйкес ол жасушалық зат алмасудың өтуіне септігін тигізеді және жасушалардың химиялық қызметтеріне аса қажет.

Сілтеме:

<https://zhardem.kz/news/3771>

Тапсырма. «Графикалық сараптама» әдісі. Ойлау дағдыларының деңгейі – жоғары деңгей дағдылары.

«Судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы» тақырыбында әртүрлі ақпарат көздерінен(газет, журнал, ғаламтор т.б. ұялы телефон рұқсат етіледі) деректерді жинақтай отырып, диаграмма құрастырады.

«Графикалық сараптама»



1-кесте

Дескриптор:

- Деректерді жинақтайды;
- Диаграмма құрастырудың үлгісіне қарап, диаграмма құрастырады.

Оқу мақсаттары:

6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;

6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу (келісу, келіспеу эссесі);

6.4.1.1. тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.

1-тапсырма. «Ақпаратты сүзу» әдісі

Детальді ақпарат – мәтіндегі негізгі ақпаратты дәлелдейтін фактілер, мысалдар, жылдар, пайыздық көрсеткіштер, дәйексөздер.

Мысыр пирамидалары – ежелгі Мысыр перғауындарының өзіндік үлгідегі мазарлары, біздің заманымыздан бұрын 28 ғасырда салынған. Бабылдың аспалы бағы, біздің заманымыздан бұрын 6 ғасырда Вавилония әмірі кіші әйеліне арнап жасатқан. Бақ ерекше тәсілмен аспалы текпішекті сәкі-алаңшалар үстіне салынған. Эфестегі Артемида ғимараты, кезінде әлемдегі ең үлкен ғибадатхана болған. Біздің заманымыздан бұрын 4 ғасырда соғыс алапатынан қираған. Олимпиадағы Зевстің мүсіні, біздің заманымыздан бұрын 5 ғасырда көне грек мүсіншісі Фидий алтын мен піл сүйегінен жасаған. Галикарнастағы Мавсол патшаның табытханасы, біздің заманымыздан бұрын 4 ғасырда салынған. Жерорта теңізінің Родос аралындағы күн құдайы Родос алабы, биіктігі 45 м. біздің заманымыздан бұрын 285 жылы жасалған, біздің заманымыздан бұрын 224 жылы жер сілкінісі кезінде қираған. Александрия шамшырағы біздің заманымыздан бұрын 3 ғасырда жасалған, мұнарасының биіктігі 160 м.

Негізгі Неліктен?	Қосымша Неліктен?	Деректер	
1.	1.	1.	
2.	2.	2.	
3.	3.	3.	

Дескриптор:

- Мәтінді мұқият оқиды;
- Мәтіннен негізгі және қосымша детальді ақпаратты анықтайды.

2-тапсырма. Жеке жұмыс. «Эссе жазу» әдісі

Детальді ақпаратты анықтағаннан кейін, «Әлемнің жеті кереметіне «7» саны неге шартты түрде алынған?». Не себепті әлемдегі жеті керемет «7» санына байланысты деп ойлайсыз? Осы мәселеге байланысты өзіндік көзқарасыңызды білдіріп, тақырыптан ауытқымай, құрылымын, мазмұнын сақтап, нақты аргументтер келтіріп, 100-120 сөзден тұратын (келісу/келіспеу) эссесін жазыңыз

(Бұл тапсырма – педагог мен білім алушының ынтымақтастығын, әрекеттік-шығармашылық сипатта өтуін, білім алушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс болып табылады. Педагог білім алушылардың сабақты қаншалық меңгергендігін, олардың деңгейлерін дәл анықтауға көмектеседі. Қосымша түсіндіруді қажет ететін білім алушылар үшін тапсырманы орындауға көмек беретін түсініктер берілген. Білім алушылардың жазған эсселерінің мазмұны мен құрылымы, көркемдік ерекшеліктері бойынша кімнің қандай деңгейде екендігін, әрі қарай қандай жұмыс жасау керектігін білуге болады).

Дескриптор:

- Тақырыптан ауытқымады;
- Абзацты жүйелі құрастырады;
- Келісу/келіспеу себебін дәлелдейді;
- Дефис арқылы жазылатын сөздерді, орфографиялық нормаға сай жазады.

Оқу мақсаты: 6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу.

1- тапсырма. Жеке жұмыс.

«Құрастырып жаз» әдісі

-жанрлық және стильдік ерекшеліктерін, құрылымын сақтап, өмірбаян жазады;

Өмірбаян

Мен, _____ , _____ жылы

дүниеге келдім. Отбасымда _____

адам бар. Мен үйдің _____ .

_____ жылы _____ мектептің

1- сыныбына қабылдандым. Бастауыш

сыныпты _____ аяқтадым. Қазіргі

уақытта _____ сыныпта оқып

жүрмін. Шұғылданатын сүйікті ісім

_____ .

Функционалдық сауаттылық: Мәтінді түсіну, ақпараттарды іріктеп, орнымен қолдану, құрастырып жазу дағдыларымен қатар, білім мен біліктерін өмірлік жағдайларда қолдануға үйренеді.

Ресурс (2-тапсырманың оқылым мәтіні)

Жақсылық Әмірәліұлы Үшкемпіров 1951 жылы 6 мамырда Жамбыл облысы, Тегістік ауылында дүниеге келген. Ол – грек-рим күресінің балуаны, Еңбек сіңірген спорт шебері, алтын медаль иеленген қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, әлем кубогының күміс жүлдегері.

Жақсылық отбасында ортаншы бала болған. Мектеп бітіргеннен кейін зоотехникалық мамандықты қалап, Семейдің мал дәрігерлік институтына оқуға түседі. 1974 жылы институтты тамамдап, республикамыздың астанасы Алматы қаласына келеді. Мұндағы мақсаты елімізге еңбегі сіңген жаттықтырушы В.А. Писаревтің басшылығымен спорттың күрес түрімен тереңірек айналысу болатын.

1970 жылы жаттықтырушы Рома Хасанович Ильматовтың кеңесі бойынша өзіне таныс емес күрестің жаңа классикалық түрімен айналыса бастады. Арқадан асырып лақтыру әдісін жақсы меңгереді.

1975 жылы Алматы қаласында өткен алтыншы жазғы халықтар Спартакиадасының Жақсылық үшін маңызы зор болды. Еліміздің ең таңдаулы күрескерлерімен белдесіп, бәрін жеңіп шығып, Спартакиада чемпионы болып, өміріндегі алғашқы алтын медалін жеңіп алды.

Ж. Үшкемпіров бар күш-жігерін Мәскеуде өтетін Олимпиадаға қатыстыруға жұмсады. 48 кг салмақта классикалық күрестен төрт адамның кандидатурасының ішінен аз ғана ара салмақпен алға шыққан Жақсылықтың кандидатурасы болды. Олимпиада күндері Ж. Үшкемпіров чемпиондыққа үміткер қарсыластары румын Александру, поляк Керпач, болгар Христов, венгр Шерештерді шебер техникасымен, шапшаңдығы және төзімділігімен жеңіп шықты. Осылайша, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы болды.

Жақсылық Үшкемпіров спорттағы жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

2020 жылдың 2 тамызында 69 жасында вирустық пневмониядан қайтыс болды.

(148 сөз)



8-сурет

Тапсырма қадамдары:

1-қадам: Мәтінді оқу.

2-қадам: Негізгі ақпараттарды іріктеу.

3-қадам: Хронологиялық тәртіп бойынша өмірбаян жазу.

Туған жері:

Тұлғалық

Даралығы:

Өмір жолы:

Жетістіктері:

Қайтыс болған жылы:

Дарынды білім алушы: Ресми, бейресми өмірбаян туралы түсінік береді және жазған өмірбаянның түрін анықтайды.

Жеке білім алушы: Ұяшықтарға деректерді енгізіп, өз өмірбаянын құрастырып жазады.

Дескриптор:

- негізгі ақпараттарды іріктейді;
- өмірбаян жазады;
- хронологиялық тәртіпті сақтайды;
- етіс түрлерін қолданады.

Оқу мақсаты: 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.

Адам және табиғат

Қазақ халқының көшпелі өмір салты сан ғасырлар бойы табиғатпен етене танысуына мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде жабайы жануарлардың тыныс-тіршілігін, олардың бір-бірінен айырмашылығын, мекен-орнын, пайдасы мен зиянын ажырата білді. «Түз тағысы табиғатпен тілдес» екендігін аңғарып,

олардың аталығын, аналығын және ұрпақтарын жеке атаумен атап, әрқайсысына ерекше мән берген. Кейбір жануарларды киелі, қасиетті деп санаған немесе «кесірі тиеді», «киесі ұрады» деп есептеген. Мысалы, жыланды «қыбыр», «ұзынкұрт» деп, ал қасқырды «ит-құс», «бөрі», «ұлыма» деп атаған. Ежелден қазақ аңшылары мен саяткерлері арасында аңдар төлдеген кезде, құстар жұмыртқалап жатқанда, балықтар уылдырық шашқанда оларды ауламайтын салт-дәстүр қалыптасқан. Мұның өзі түз тағыларына деген үлкен қамқорлықты көрсетеді.

Р.Сәтімбекұлы (97 сөз)

«**Айналмалы бекет**» әдісі бойынша тапсырма орындайды.

Тапсырма қадамдары:

1-қадам. Мәтінді түсініп оқиды, жетекші сұрақтар арқылы 3 негізгі ақпаратты және 3 қосымша ақпаратты анықтайды:

1-сұрақ. Қазақ халқы көшпелі өмір салтында немен танысты?

2-сұрақ. Жабайы жануарлардың бір-бірінен айырмашылығын, пайдасы мен зиянын қалай ажыратты?

3-сұрақ. Ежелден қазақ аңшылары мен саяткерлері арасында жануарлардың әртүрлі кезеңіне байланысты қандай салт-дәстүр қалыптасқан?

4-сұрақ. Қай жануар киелі саналған?

5-сұрақ. Қазақ халқы түз тағыларына қандай құрмет көрсеткен?

6-сұрақ. «Қыбыр», «Ұлыма» деп не себепті атаған?

Функционалдық сауаттылық: Мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған сұрақтарға жауап бере отырып ой қорыту, шешім шығару дағдысы қалыптасады. Шынайы өмірдегі жағдайлармен байланыстырады.

Дескриптор:

– сұрақтарға жауап береді:

1-сұрақ

2-сұрақ

3-сұрақ

4-сұрақ

5-сұрақ

6-сұрақ

– негізгі ақпаратты табады;

– қосымша ақпаратты табады.

Оқу мақсаты: 6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру;
Оқылым тапсырмасы.

Адам баласы ежелден қысқа мерзімде ұзақ қашықтыққа жету, өз жұмысын жеңілдету, еңбек өнімділігін арттыруды армандаған. Олар жолаушы және жүк тасымалдау үшін механикалық құрылғылар жасай бастады.

Ең алғаш өздігінен қозғалатын бумен жүретін көлік 1769 жылы Францияның соғыс министрі Этьен-Француаның тапсырмасымен

құрастырылды.

Бу көлігін Николас Джозеф Кагнот пен әскери механик Брезин Парижде сызбасын сызып, құрастырып шығарды. Бес тоннаға дейін жүк тиеуге болатын бұл көлік сағатына 4 шақырымды ғана бағындыра алатын еді.

Көліктің осал жері тежегіші болған. Осының кесірінен бірнеше рет жол апатына ұшырап, нәтижесінде 1771 жылы көлікті шығару тоқтатылған. Ал жанар маймен жүретін алғашқы көлікті жасап шығарған – Карл Бенц. Ол 1885 жылы үш дөңгелекті, үш орындықты көлік жасап шығарды. Үш дөңгелекті көлік ыңғайсыздау болған соң, 1893 жылы қозғалтқышы үш ат күшіне тең төрт дөңгелекті автокөлік ойлап тапты. Ол – Мерседес Бенц көліктерінің атасы.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Мәтіннің тақырыбы	Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

2-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша қарапайым жоспар құрыңдар.

Дескриптор:

- Мәтінге ат қояды;
- Негізгі ақпаратты анықтайды;
- Қосымша ақпаратты анықтайды;
- Мәтін бойынша қарапайым жоспар құрады.

Оқу мақсаты: 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу;



9-сурет

Білім алушылар бейнеролик көріп, ой түйеді. Педагог білім алушыларды мәтінді зейін қоя отырып тыңдауға және мәтіннен негізгі ақпараттарды түртіп алып отыруға шақырады.

I.ЖАЗЫЛЫМ АЛДЫ.

- Суретте кімдер бейнеленген?



10-сурет

Мәтінді оқыңдар. Педагог білім алушыларды мәтінді зейін қоя отырып оқуға және мәтіннен негізгі ақпараттарды түртіп алып отыруға шақырады. Білім алушылар мәтінді анық, білім алушыларға түсінікті етіп оқуы керек.

Жиырма жыл күткен жеңіс

Сиднейдің шаршы алаңы шаттықтан тербеліп тұр. Жер түбінен барған ат төбеліндей қазақ жанкүйерлері көк байрақты армансыз желпиді. Жұмыр жердің назары бізге, тек бізге ғана ауған. Сан мың жанардан «Мұндай жауынгер халық аяқ астынан қайдан пайда болды?» деген таңданыс үшқынын аңғарғандаймыз. «Қазақ деген біз боламыз», – дейміз көк байрақты кере түсіп, «Азияның ұлы даласын еркін жайлаған ұлы бабалардың ұрпағымыз!» деген мақтаныш сезімі көкіректі кернеп, тұла бойды дуылдатып әкетіп барады. Төрткүл дүние қазақтың жеңісіне қол соғып тұр.

1. Мәтін неге «Жиырма жыл күткен жеңіс» деп аталған?
2. «Ақ түйенің қарны жарылды» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. «Алтынмен апталып, күміспен күптеліп» дегенді ше? «Күміспен күптеліп» дегенді ше?

Дескриптор:

- Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға дәлелді жауап береді.

II. Жазылым тапсырмасы

Білім алушыларды жинақы мәтіннің жазылуы туралы ақпараттары аз болса, педагог қосымша толықтыра кету керек.

Жинақы мәтін – бастапқы мәтіндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу.

Жинақы мәтін түпнұсқа мәтіннен 75 % дейін қысқа болады.

Өз ойыңды жинақы мәтінге қосуға болмайды. Жинақы мәтін тек автор идеясынан ғана тұрады.

1. Педагог білім алушыларға мәтіннен түртіп алған ақпараттарын қолдана отырып, жинақы мәтін жазуды ұсынады.

2. Жазған мәтіндерін педагог алдымен топта оқып бөлісуге шақырады. Білім алушылар топта бір-бірінің жазылымдарымен танысып, бір-бірінің жұмыстарының соңына «бір ұсыныс, бір тілек» жазу арқылы өзара бағалайды.

Педагог білім алушылардың жұмыстарын аралап бақылап, қажет деп тапса, қосымша уақыт беру арқылы жұмыстарына түзету енгізіп, соңғы нұсқасын жазуларына мүмкіндік береді.

3. Білім алушылар топта өзара ақылдаса келе орталарынан бір оқушының жұмысын сынып алдында бөлісуге ұсынады. Үздік жұмыстың иелері «автор орындығына» отырып оқиды.

«Автор орындығы». Үздік жұмыстар «Автор орындығында» оқылады.

Дескриптор:

- тыңдалым мәтінінен негізгі ақпараттарды анықтайды;
- қосымша ақпаратты білдіретін сөйлемдерді ажырата алады;
- жинақы мәтін талаптарын есіне түсіреді;
- жинақы мәтін жазады.

1-бөлім. Қазақстандағы көрікті жерлер.

Оқу мақсаты: 6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударатын отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау

Абылай хан алаңы

Зерттеушілердің айтуынша, бұл жерде қазақ халқының тікелей болашағына қатысты тағдырлы шешімдер қабылданып отырған. Бүгінде Абылай хан стелласы аталатын биік мұнарадан небары 120 метр жерде гранит тасынан жасалған тағы орналасқан. Көкше тауының бөктеріндегі бұл тақты жергілікті тұрғындар киелі жер деп есептейді. Себебі, бұл жерде расында да тақ болған екен. Абылай хан сол тақта отырып үлкен жиындарға басшылық жасаған, өз кесімін шығарып, бұйрықтарын бекіткен. «Абылай ханның алаңы» деп аталатын бұл жерден төңірек расында да алақандағыдай болып көрінеді. Бір ғажабы алаңдағы барлық дауыстар өте алысқа, әрі анық естіледі.

(85 сөз)

Тапсырма. Тақырыпқа байланысты көтерілген мәселені талдау үшін ой шақыру сұрақтары кесте түрінде беріледі.

Дескриптор:

- тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді;
- мәтіндегі көтерілген мәселені анықтайды;

Ой шақыру. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сұрақтар	Ия	Жоқ
Жергілікті тақты тұрғындар киелі жер деп есептейді ме?		
Алаңдағы дауыстар анық естіледі ме?		
Абылай хан алаңында тақ орналасқан ба?		

2-бөлім. Ұлттық және отбасылық құндылықтар.

6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (күттықтау, интервью) көтерілген мәселені талдау

Әбестік

Уәли қарт есігінің алдына шығып тұрған. Көшенің ортасымен далбалақтап атпен шауып келе жатқан баланы көрді. Алдынан шығып:

– Тоқта! – деп белгі берді. Бала атының тізгінін тартып, басып кетердей ентелетіп, қарттың алдына жетіп әзер тоқтады.

– Кімнің баласысың?

– Бекболатың.

– Көшеде неге шабасың?

– Жай, ата. Шапқым келген соң шауып жүрмін.

– Атың кім?

– Сәтбек.


– Сәтбек, шырағым, көшеде атпен жайдан-жай шаппайды. Қаралы хабарды жеткізу үшін, не жаугершілікте, не кісі басына қысылтаяң күн туғанда шабады. Ай-күннің аманында көшеде шапқан әбестік болады. Оның үстіне біреу-міреуді қағып кетуің ғажап емес, - деп Уәли қарт баланың бетіне қарады.

– Кешіріңіз, ата! Бұдан былай көшеде шаппаймын, жай жүремін.

– Сөйт, айналайын! – деді қарт. Сәтбек атын аяңдатып, көше бойымен ақырын кетіп бара жатты. Айтқанын екі етепеген балаға қарт риза болып, артынан сүйсіне қарап тұрды.

А.Хамзин (120 сөз)

Тапсырма: тыңдалым мәтінін мұқият тыңдаңыз, мәтін мазмұны бойынша маңызды тірек сөздерді және маңызды бір ақпаратты берілген сызбаға жазып отырыңыз.



Дескриптор:

- мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды;
- маңызды тірек сөздерді анықтап жазады;

3-бөлім. Әлемнің жеті кереметі.

6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу



11-сурет

Колизей

Колизей – Рим дәуірінің ең монументалды ескерткіштерінің бірі. Мысалы, Франция үшін Эйфель мұнарасы немесе Ресей үшін Кремль мемлекеттің символы болса, Колизей де сол сияқты дәрежеде Италияның символы.

Амфитеатр 8 жылда бой көтерген... Колизейдің қабырғалары жалпы салмағы шамамен 300 тонна болат қапсырмамен, тас кесек, кірпіш және түрлі бетон қоспаларынан салынған. Ал Колизейдің ашылуы 100 күндік ойын-сауық іс-шараларымен белгіленеді. Осы уақыт аралығында гладиатор турнирлерінде бірнеше мың жауынгер және Африкадан әкелінген 5 мың жыртқыш аңдар қаза тапты [39].

(73 сөз)

Тапсырма. «Қазына іздеу»

Іздейтін қазыналардың сипаттамалары: мәтінде жіберілген емлелік және тыныс белгі қателер.

Мәтіндегі емлелік қателер мен пунктуациялық қателерді тауып, түзетіп жаз.

Колизей

Колизей – Рим дәуірінің ең монументалды ескерткіштерінің бірі. Мысалы, Франция үшін Эйфель мұнарасы немесе Ресей үшін Кремль мемлекеттің символы болса, Колизей де – сол сияқты дәрежеде Италияның символы.

Амфитеатр 8 жылда бой көтерген. Колизейдің қабырғалары жалпы салмағы шамамен 300 тонна болат қапсырмамен, тас кесек, кірпіш және түрлі бетон қоспаларынан салынған. Ал Колизейдің ашылуы 100 күндік ойын-сауық іс-шараларымен белгіленеді. Осы уақыт аралығында гладиатор турнирлерінде бірнеше мың жауынгер және Африкадан әкелінген 5 мың жыртқыш аңдар қаза тапты.

Дескриптор:

- Әрбір «қазынаны» тауып, педагогпен оны растап, қол қойып беруін сұра.
- Мәтіндегі жіберілген қателерді түзет, талда.
- Түпнұсқамен салыстыр.
- Ережені бірлесіп талда.

4-бөлім. Астана – мәдениет пен өнер ордасы.

6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу

Астана

Астана (Астана) – Қазақстанның астанасы. Еліміздің солтүстік-орталық бөлігінде, Есіл өзенінің бойында орналасқан. Қаланың негізі 1862 жылы Ақмола болып қаланып, 1997 жылы Астана болып өзгертілді. Астана 1 миллионнан астам халқы бар заманауи қала. Мұнда Қазақстан үкіметі, сонымен қатар бірқатар университеттер, мұражайлар мен театрлар орналасқан.

Астана – Қазақстанның ірі экономикалық және мәдени орталығы. Қалада көптеген университеттер, мұражайлар мен театрлар орналасқан...

Астана – тарихы бай жас қала. Ол Қазақстанның тәуелсіздігі мен алға жылжуының белгісі. Астана өркендеп келе жатқан қала және алдағы жылдары Қазақстан үшін одан да маңызды орталыққа айналатыны сөзсіз.

(84 сөз)

«Жұптағы әңгіме» ЖЖ

Берілген екі тапсырманың бірін таңдап, жұпта орындаңыздар.

- «Астана- әсем қала» тақырыбында берілген тірек сөздерді қатыстырып, диалог құраңыздар (2 минуттық).
- «Астана - әсем қала» тақырыбында берілген тірек сөздерді қатыстырып, мәтін құраңыздар (2 минуттық).
-

***Тірек сөздер:** Есіл өзені, Ақмола, заманауи қала, университеттер мен мұражайлар, театрлар, тәуелсіздік, экономикалық және мәдени орталық*

Дескриптор:

- мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды;
- тірек сөздермен диалог құрады;
- тірек сөздерді қатыстырып, мәтін құрады.

2- тапсырма:

6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі);

Тапсырма: Сөйлемдерді оқы. Осындағы айтылған ойға көзқарасың қандай? Пікірді қолдайсың ба, қарсы пікір білдіресің бе? Бұл пікірмен қаншалықты келісесің? Көзқарасыңды негіздеп, пікіріңді білдіріп 35-40 сөзден тұратын эссе жаз.

«Бүгінде Астана қаласы адам танымастай өзгерді. Астанамызда керемет зәулім үйлер мен ғимараттар бой көтерді. Тіпті, көшелерге берілген көне қала атаулары мен қазақтың ақын-жазушылары, билері мен хандарының есімдері қалаға ерекше күш беріп тұрғандай».

Дескриптор:

- айтылған мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіреді;
- көзқарасын дәлелдемелермен негіздейді;
- келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады.

5-бөлім. Тарихи тұлғалар.

Төле бидің төрелігі

Бірде екі әйел бір балаға таласады. Екеуі Төле биге келеді. Бірінші әйел Жәмила былай дейді:

– Баламды жоғалтып алған едім. Соны мына әйел асырап, өсіріпті. Баланы таныдым. Бұл – менің балам.

Екінші әйел Қатира:

– Бала менікі. Өзім туғанмын, – дейді.

Төле би ойланды да:

– Кімнің баласы екеніне куә жоқ. Сондықтан баланы бөліп алыңдар, - деп қолына қылыш алады, – баланы бөлемін.

Баланы асырап алған Қатира:

– Мен асырадым. Сондықтан жартысын болса да алайын. Бөл екіге, – дейді.

Баланы таныған Жәмила:

– Жоқ, бөлмеңіз. Қайда жүрсе де аман болсын! – деп жылап жібереді.

Сонда Төле би баланың анасы осы екенін тура таниды. Баланы өз анасына қайтарған екен.

(98 сөз)

1-тапсырма:

6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру.

Тыңдалым мазмұнындағы мәліметтерді қолдана отырып, берілген тірек сөздерді сөйлетіңіз.

Кесте

Кейіпкер	Не істеді? (әрекеті)	Әрекетіне баға беріңіз. (Жасағаны дұрыс па?)
Жәмила		
Қатира		

Дескриптор:

- тыңдалым мәтіндегі тірек сөздерге қатысты мәтіннен тиісті сыңарларын жазады;
- мәтіндегі мәліметтерді қолданады;
- кейіпкерлер әрекетіне баға береді;

2-тапсырма.

6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау;

Суретке зер салып қарап, бейнеленген тұлғаның кім екендігін болжаңыздар. Ол туралы білетін ақпараттарыңызбен бөлісіңіздер.



12-сурет

- ✓ Берілген тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын болжаммен айтады.

Тірек сөздер:

**3-тапсырма**

- ✓ Мәтінді мұқият оқып, кестені толтырыңыздар.

Махамбет Өтемісұлы

Махамбет өзінің «Мұнар күн» жырында ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтса, «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. Оның «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» атты өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері - хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін

ашатын жырлар болды. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында.

Махамбет – сегіз қырлы, бір сырлы ел баласы. Ол «жігітке жеті өнер де аз» деп, жер бетіндегі өзіне ұнайтын өнерлерді бойына сіңірді. Қазақтың ұлттық аспаптарында да еркін ойнады. Басқа батырлардың серігі жылқы болса, Махамбеттің серігі қара домбыра болды. Ол күй де шығарды. Махамбеттің 11 күйі бізге мұра ретінде жеткен. Сол күйлерінің ішіндегі бәрімізге белгілісі – «Жұмыр қылыш». Ақынның күй шығаруы – бойында бірнеше өнердің бар екенінің дәлелі.

Махамбет – елі үшін туған азамат ақын. Ол қолына найза ұстап, ел қамы үшін көтеріліске шықты. Махамбетті ел қорыған батыр деп бағалау – ақынға айтылған ұлы мадақ.

Дескрипторлар:

- ✓ сурет арқылы болжам жасайды;
- ✓ тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын айтады;

V Білемін	+ Мен үшін жаңалық	? Білгім келеді

- ✓ мәтіндегі ақпараттарды жіктейді;

Мәтін

Абылайдың үш арманы

Ұлы Абылай хан дүниеден өтер алдында қоштасуға келген Бұқар жырау:

- Хан ием, не арманың бар? – деп сұрайды.

Хан:

– Үш арманым бар. Біріншісі, менің елім мал емшегін емген ел еді, аяғына дейін жер емшегін емізе алмадым. Екіншіден, менің тұсымда қан көп төгілді. Соған өкінемін. Егер мен жаудың қанын төкпесем, ол менің қанымды төгетін еді. Үшіншісі, елімде телі мен тентек көп болды, бастарын біріктіру қиынға түсті, – деген екен.

Ілияс Есенберлин, «Көшпенділер»

1-тапсырма.

Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар жазыңдар Кім

Неше.....?

Қандай.....?

Дескриптор:

- мәтін мазмұны негізінде сұрақтар құрастырады;

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырып, өз ойыңызды айтыңыз.



13-сурет

Абылайдың арманы орындалды ма?

Дескриптор:

- мәтін идеясына сәйкес өз пікірін айтады;
- мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады.

6-бөлім. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология

6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану.

Су – тіршілік нәрі. Ғалымдардың айтуынша, адам организмі 86 пайыз судан тұрады екен. Егер организмде судың мөлшері азайса, онда адам әртүрлі ауруға шалдығады. Адам организмі бір тәулікте шамамен 1,5-2 литр су жоғалтады. Сондықтан адам күніне сонша су ішіп отыруы қажет. Таңертең аш қарынға су ішуді әдетке айналдырған дұрыс.

Мидан бастап асқазанға дейін денедегі бүкіл мүшелердің су қажеттілігі бар. Сондықтан мол су ішіп денедегі су жетіспеушілігінің алдын алу керек. Кафеинсіз кофе, шай немесе шекерсіз табиғи сусындар, сумен араласқан жеміс шырындары және басым бөлігі судан тұратын қарбыз сияқты өнімдер де құрамында карбонгидрат немесе тұз мөлшері көп болмаса су орнына өтеді. Кофеинді шай, кофе, кола секілді сусындар денедегі су жетіспеушілігін одан да арттыратындығы үшін қосымша тағы су ішу керек [40].

Тапсырма. Мәтіндегі есімдіктердің астын сызыңдар. «Сусыз тіршілік жоқ» тақырыбында есімдіктерді қатыстырып, 4-5 сөйлем жазыңдар.

Дескриптор:

- мәтіндегі есімдіктердің астын сызады;
- есімдіктерді қолданып, 4-5 сөйлем жазады;
- орфографиялық норманы сақтайды.

7-бөлім. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары.

Бақтияр Артаев – Вэл Баркер кубогын алған тұңғыш қазақ

2004 жылы Афинада өткен Олимпиадада көк байрағымызды желбіреткен батыр Бақтияр 1983 жылы Жамбыл облысы, Тараз қаласында Ғарифолла Артаев пен Тұмаркүл Жексембиеваның отбасында дүниеге келген.

Бокспен 11 жасынан бастап шұғылданады. Бірінші әрі жеке бапкері - Нұрлан Ақұрпеков. 2004 жылғы Грекияның Афина қаласында өткен Олимпиадада бокстан 69 келі салмақ арасында алтын медаль иегері, ересектер арасында бокстан Дүние жүзі чемпионатының қола жүлдегері (2005 жыл қараша Мианьян қаласы, Қытай). 7 дүркін Қазақстан чемпионы...

Бүгінде әлем мойындаған Геннадий Головкинмен 14 жасында Шымкент қаласында алғашқы кездесуін өткізеді. Ел аузында қос спортшының бала кезден бергі достықтары, бүгінге дейін жалғасқан сыйластықтары аңыз болып айтылып жүр.

2007 жылдың 21 наурызынан бері Тараз қаласында Бақтияр Артаев атындағы бокс сарайы жұмыс істейді. Мұнда күніне 700-800-ден астам бала жаттығады екен. Аталған қалада Бақтияр Артаев туралы кітап жарық көрген.

(126 сөз)

1-тапсырма. Ойымызбен бөлісейік



14-сурет


- ✓ Суреттегі тұлғаны танысыздар ма?
- ✓ Ол туралы не білесіздер?

Зейін қоя оқиық

2-тапсырма.

6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;

Мәтінді мұқият оқып, негізгі ақпараттарды ментальді картаға түсіріңіз.





3-тапсырма.

6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу

Жазылым тапсырмасы

- ✓ Оқылым мәтінінен анықтаған ақпараттарыңыз негізінде Б. Артаевтың өмірбаянын жазыңыздар.
- ✓ Өмірбаянды жазуда құрылымын ескеріңіздер.

- | | |
|---------------|----------------------------|
| 1. Аты-жөні | 4. Ұлты |
| 2. Туған жылы | 5. Ел үшін еткен еңбектері |
| 3. Туған жері | |

Дескрипторлар:

- Мәтіннен негізгі ақпараттарды іріктейді;
- Өмірбаян жазады;
- Жанрлық және стильдік ерекшелігіне сай құрылымды ескереді;

8-бөлім. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері.

Бүркіт

Біздің елімізде бүркіттің жеті түрі мекендейді екен. Олар ұясын еліміздің оңтүстігіндегі адам аяғы баспаған мұзарт шыңдар мен қия жартастарға, ормандарда кездесетін бүркіттер алыс түкпірлердегі кәрі ағаштың ұшар басына салады. Бүркіт сақ келеді, адам көзіне түспеуге тырысады екен.

Қариялардан естуімше, бүркіттің бір мәрте жұмыртқа салған ұясын оның бүкіл үрім-бұтағы пайдаланады екен. Содан оның түсі де ұя салған тасына байланысты, яғни тас қара болса, бүркіттің түсі қара, қызыл болса, қызыл реңді болып келеді екен.

Бүркітті негізінен екі жолмен ұстап, қолға үйретеді. Түзден ұсталған құсты қолға үйрету өте қиын, ол үшін кемінде бір-екі жыл қажет. Бүркітті қанаты қатпаған сары ауыз балапан кезінде ұядан алып, баулыған жеңіл. Бауырын жазбаған ақүрпек білім балапан қолға тез көндігеді және де балапанды қолға алған соң оған балақбау тағып, томаға кигізеді [41].

Үлкен Алтай әлемі (122 сөз)

Тапсырма.

6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, білім алушыларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау.

Мәтінді мұқият оқып таныс. Мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздерді теріп, сөздікпен жұмыс жүргіз.

Сөздер, сөз тіркесі	түсіндірмесі
Адам аяғы баспаған	
Мұзарт шындар	
Қия жартастар	
Бүкіл үрім-бұтағы	
Қолға үйрету	
Қанаты қатпаған	
Сары ауыз білім балапан	
Бауырын жазбаған	
Балақбау	
Томаға	

Дескриптор:

- Мәтіндегі фразеологизмдер мен мағынасы түсініксіз сөздердің мағынасын анықтайды;
- сөздікпен жұмыс жасайды;

Мақта

Мақта — аса бағалы өсімдік. Одан тамаша талшық алынады. Мақта ежелгі заманнан –ақ мәдени өсімдік болып есептелген. Оны ең әуелі Үндістанда, Қытай мен Египетте өсіре бастады. Үнділер басқалардан бұрын мақтадан жеңіл де жұқа маталар тоқуды үйренді.

Мақта Қазақстанның оңтүстігінде өсіріледі. Ол – жылылықты , құнарлы топырақты және ылғалды қатты ұнататын өсімдік. Өзінің биіктігі бір – бір жарым метр шамасында болады. Гүлдері ірі, ұрығы қауашақты. Пісіп жетілген кезде, қауашағы ашылып, үлпілдек ақ мақта көрінеді.

Мақтадан тек маталар ғана тоқылмайды, ол медицинаға өте қажет. Сонымен қатар одан пластмасса, целлюлоза, фотопенка, қағаз да жасалады.

Мақтаның тұқымынан май алынады. Ол консерві, маргарин, сабын жасауға қолданылады. Мақта күнжарасы да пайдалы, одан гудрон бөлініп алынады. Тұқымның қабығы этил және метил спиртін өндіруге қажет. Сондықтан мақта әрі мәдени, әрі өте маңызды техникалық дақыл болып саналады.

(«Ол кім? Бұл не?» 125

сөз)

Тапсырма. «Сөйлемді толықтыр». 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау.

Білім алушылардан сөйлемді аяқтауды өтіну:

«Мақта күнжарасы да пайдалы, себебі . . .»

«Мақта – аса бағалы өсімдік, өйткені . . .» ,

«Мақтадан тек маталар тоқылмайды, сонымен қатар. . .»

Дескриптор:

– сөйлемді аяқтайды;

– мәтін мазмұнын меңгереді;

– орфографиялық, пунктуациялық нормаға сай жазады.

6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу;

1-тапсырма.

Берілген мәтінді мұқият түсініп оқыңыз. Оқу барысында мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп отырыңыз. Кестенің екінші бағанына белгіленген ақпараттарды қолдана отырып, мәтін мазмұнын жинақтап, өз сөзіңізбен жазыңыз (50-60 сөз).

Мәтін	Жинақы мәтін
<p>Жапония</p> <p>Жапония Азияның Тынық мұхитқа тірелетін жағалауының шығыс жағындағы аралдарында , күн елінде орналасқан. Олай аталатын себебі күн шығатын жақта жатқанынан болуы керек. Бұл елдің жалауында Күн бейнеленген. Елтаңбасындағы алтын хризантема – Күннің символы.</p> <p>Жапония – негізінен жылы әрі күншуақты ел, алайда оның климаты әжептәуір ылғалды болады.</p> <p>Жапон аралдарының бүкіл ауданының алтыдан бес бөлігіне жуығын қалың орманды, жартасты таулар алып жатыр. Ең биік тауы – Фудзияма. Ол – сөнген жанартау. Фудзияманы жапондар киелі тау деп есептейді.</p> <p>Жапонияның астанасы – Токио. Ол - дүниежүзіндегі ең үлкен қаланың бірі. Онда 11,7 млн. адам тұрады. Жапондардың тұрмыс-тіршілігінде Еуропаға ұқсамайтын өзіндік салт мол сақталған.</p> <p>Жапон өнері, әсіресе бейнелеу өнері мен куыршақ театры өзіндік ерекшеліктерге бай. Жапондар – сәнді гүлшоғын өте шебер жасайтын халық.</p> <p>(«Ол кім? Бұл не?»)»</p>	

Дескриптор:

- мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп алады;
- іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен жазады.

7-сыныптарға арналған мәтіндер

Тірі тастар

Қазақстанда өздігімен қозғалатын, тіпті көбейе алатын тровант-тастар бар. Ондай тірі тастар Семей, Балқаш және Маңғыстау жақта кездеседі. Тровант-тастар тұңғыш рет Румыниядан табылған. Француз ғалымы Ришар Лион мұны тіршіліктің кремнийлік түрі деген. Трованттар тыныс алады, көбейеді және керек кезде орнынан қозғала алады. Бұл тастың бір рет тыныс алуы екі аптаға созылады екен. Трованттың тіпті пульсі бар екені ашылған! Ондай тасты бақшаңызға әкеп қойсаңыз, ол бірнеше айдан кейін үлкейіп, өседі. Трованттар бүршіктену арқылы көбейеді. Тірі тастардың барлығының қалпы бірдей, картоп түйнектеріне ұқсайды. Ғалымдар байқаған ең ірі трованттың диаметрі 10 метр болған.

Мәтін бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты: 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;

Сабақ мақсаты: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі

1-тапсырма. Мәтін мазмұнын түсіну мақсаты бойынша Сингапурдың «Апгрейд- 45 минут» технологиясы негізінде «Дейін\кейін» техникасы.

Орындалу алгоритмі:

Алдын ала білім алушыларға кесте таратылады;

Кестеде оқылатын мәтіннен ақпараттар жазылады;

Мәтін оқылмастан бұрын ақпараттарға бірінші бағанға өз болжамы бойынша +\/- белгісін қоюды тапсырылады;

Педагог білім алушыларға мәтінді оқиды;

Тыңдалым біткеннен кейін тыңдаған мәліметтер бойынша екінші бағанға +\/- қояды.

Дескриптор:

– Мәтінді мұқият тыңдайды;

– Тыңдаған мәтін бойынша дұрыс\бұрыс белгісін қояды

Дейін +\/-	Ақпарат	Кейін+\/-
	1. Қазақстан жерінде қозғалатын тастар бар	
	2. Тірі тастар Шарын шатқалында кездеседі	
	3. Тровант-тастар Орхон-Енисей аумағынан табылған	
	4. Трованттар тыныс алады, көбейеді	

2-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Семантикалық карта». Мәтінде айтылған ақпараттардан көзқарас пен фактіні анықтайды. Жұп арасында неге екенін дәлелдейді.

Дескриптор:

-мәтіндегі негізгі ақпараттардың не факті не көзқарас екенін ажыратады

Ақпараттар	Факт	Көзқарас
	+	-

Ең биік және ең жуан ағаштар.

Африка сауанында өсетін баобаб ағашы жер жүзіндегі ең жуан ағаш болуымен қатар, ең ұзақ жасайтын ағаш деп саналады. Биіктігі 18-25 метр болатын баобабтар 4-5 мың жыл бойы өсіп тұрады, ал діңінің жуандығы 25 метрге дейін жетеді. Оның қабығынан ау, қап, тіпті тоқуға келетін берік жіп иіріледі, жапырағын көкөніс ретінде жейді, жемісін тамақ ретінде пайдаланумен қатар, неше түрлі шырын-сусын жасайды. Діңінің қуысын тіпті уақытша тұрақ – баспана ретінде пайдаланады.

Баобаб ең ұзақ жасайтын әрі ең жуан ағаш болса, жер жүзіндегі ең биік ағаш деп секвойя ағашын атауға болады. Солтүстік Америкада өсетін бұл ағаштың биіктігі әлдебіреулер 100 метрден асады дейді. Диаметрі он метрге дейін жететін бұл ағаштар да мың жарым, кейде 3-4 мың жыл жасайды. Діңінің орта тұсына дейін бұтағы болмайтын, тіп-тік секвойя ағаштарының сүрегі су астындағы құрылыстарда кеңінен қолданылады. Жабайы күйінде Калифорнияда бірнеше ғасырдан өседі. Еуропа мен Азияда қазынды күйінде ұшырасады.

(145 сөз) Қазақ күнтізбесі

№2. Мәтін бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты: 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру;

Сабақ мақсаты: Мәтін бойынша проблемалық сұрақ құрастырады

1-тапсырма. Проблемалық сұрақтар құрастыру үшін Сингапурдың «Апгрейд-45 минут» технологиясы негізінде «Көр. Ойлан. Ой түй» техникасын қолданамыз

Орындалу алгоритмі:

Алдын ала білім алушыларға мәтін оқылады;

Мәтін негізінде интерактивті тақтадан сурет көрсетіледі;

Білім алушыларға сол суреттен не көріп тұрғандығы, ол туралы не ойлайды және осы тақырып төңірегінде не толғандырғандығы туралы жазу тапсырылады.



15-сурет

Дескриптор:

- Мәтінді мұқият тындайды;
- Суретке қарайды;
- Суреттен «Не көрдің? Ол туралы не ойлайсың, сені не толғандырды?» сұрақтарын толтыру тапсырылады.

Не көрдің?	Ол туралы не ойлайсың?	Сені не толғандырды?
<i>Ағаш</i>	<i>Үлкен</i>	<i>Бұтақтары не себепті қысқа болып өседі?</i>

Әр елдің салты басқа...

«Естімеген елде көп» демекші, Нидерландыда оқушылар 4 жастан мектепте қабылдана береді. Алайда білім алушының жасы беске келмейінше, оқу міндетті болып саналмайды. Иә, дәл солай. Әр елдің салты, тілі, әдет-ғұрпы әртүрлі келетіні белгілі жайт. Тіпті, көп елдің білім алу жүйесі, тәртібі де бір-біріне келе бермейді екен. Мысалы, Қытайда білім алуда қойылатын талаптың жоғарылығы сондай, оқушылардың ойын ойнайтын уақыты жоқ. Ең көп үй тапсырмасы осы елдің білім алушыларына беріледі екен: аптасына орташа есеппен 14 сағат. Қытайдағы бәсекелестіктің күштілігі соншалық, ата-аналары білім алушыларының құлағына ерте жастан емтихандардан жоғары көрсеткіш көрсетпесе, болашақта жоғары оқу орындарына қабылданбайтынын құя береді.

Ал Оңтүстік Кореяда сабақ біте сала, білім алушылардың сөмкелерін алып, үйлеріне қайтуы құпталмайды. Олардан сабақтан соң қалып, сыныпты жинасады, бұл тәртіпке шақыруға баулыса керек. Бұл елде дене шынықтыру және музыка, өнер сияқты сыныптан тыс сабақтарға көп көңіл бөлінеді. Ал жоғары сынып білім алушылары уақыттарын кешке дейін кітапханаларда өткізеді. Кореяда сабақ түнгі 10-ға дейін, тіпті түн ортасына дейін жалғасуы қалыпты құбылыс.

Ал Франция мемлекетінде мектеп білім алушыларының дұрыс тамақтануына қатты мән береді. Мектептегі түскі асқа аса жауапкершілікпен қарайды. Оқушылардың сэндвич пен газдалған сусындар ішулеріне жол берілмейді. Мұнда балалар кешенді түрде әрі тек пайдалы ас ішулері керек. Тамақтануға берілетін уақыт оқу бағдарламасының бір бөлігі болып саналады. Себебі бұл жерде тек дұрыс тамақтану ғана емес, дастархан басында оқушылардың өздерін ұстауына, этикаға, жақсы әдеттер қалыптастыруына мән беріледі. Пластик ыдыстар мен қағаз тәрелкелерді қолдануға мұнда рұқсат жоқ.

Және бір қызығы, франциялық білім алушылар үзілістегі 5-10 минутында біздегідей жүрек жалғап алу үшін асханаға жүгірмейді. Себебі онда тамақтанып алу үшін бір немесе екі сағат арнайы уақыт беріледі.

(254 сөз)

№3. Мәтін бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты:	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу;
Сабақ мақсаты:	Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданады. Диалогке қатысады, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай біледі

Топтық жұмыс . Пікірталас ұйымдастыру үшін Сингапурдың «Апгрейд-45 минут» технологиясы негізінде «Бұрыштар» техникасын қолданамыз

Орындау алгоритмі:

Педагог білім алушыларға мәтінді оқиды;

Оқылып болғаннан кейін білім алушыларға мәтінге байланысты төрт ақпарат айтылады;

Білім алушылар сол ақпараттың бірін таңдап сыныптың төрт бұрышына топтасады;

Команда ішінде өзара талқылып, өз ойларын нақты дәлелдермен келтіріп, пікірталасқа қатысады.

Дескриптор:

1. Түрлі көзқарастар айта алады;

2. Нақты фактілер келтіреді;

3. Қорғау кезіндегі спикерлердің тілдік байлықтарының молдығы (көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді, тіл тазалағын сақтайды.

- Қытайда оқу жүктемесінің көптігінен білім алушылардың ойнауына уақыт жоқ. Біздің білім жүйесіне осыны енгізу қажет.

- Кореяда дене шынықтыру және музыка, өнер сияқты сыныптан тыс сабақтарға көп көңіл бөлінеді. Бұны дұрыс деп санаймын.

- Францияда білім алушылар тамақтанып алуы үшін бір немесе екі сағат арнайы уақыт бөледі.

Жаңғырық

Ғани әкесімен бірге үлкен тау жартастарының арасымен серуендеп келе жатқан еді. Кенет Ғани сүрініп кетіп: «А-а-а-а!» деп айқайлап жіберді. Сол кезде жоғарыдан «А-а-а-а!» деген дауыс естілді. Ғани өзінің даусының қайталанғанына таңырқап: «Сен кімсің?» деп дауыстағанда, Ғаниға: «Сен кімсің?» деген жауап келді.

Ғани түкке түсінбей жынданып: «Сен қорқақсың!» – деп айқайлады. Таудан шыққан дауыс та: «Сен қорқақсың!» деп жауап берді. Қатты ашуланған Ғани әкесіне қарап: «Әке, бұл кім өзі?» деп сұрады. Әкесі: «Ұлым, менің сөзіме құлақ сал», – деді де тауға қарап тұрып: «Мен сені жақсы көремін!» деп айқайлады. Таудан: «Мен сені жақсы көремін!» деген жауап келді. Әкесі тағы да айқайлап: «Сен әдемісің!» деді. Жауап: «Сен әдемісің!» деді. Ғани не болғанын білмей, таңданып тұрып қалды.

Әкесі жаңғырықтың сырын былай деп түсіндіріп берді: «Бұл жаңғырық. Жаңғырық адам бсына көп нәрсе үйретеді. Сен өмірінде не істесең, оның сыбағасын аласың. Өмір айна сияқты. Сен қандай болсаң, солай көрсетеді. Егер мейірімділікті қаласаң, мейірімді болуға тиіссің. Адамдардың сабырлы болуын қаласаң, сен де сабырлы бол. Адамдардың қайырымды болуын қаласаң, сен де қайырымды бол!»

№4. Мәтін бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты:	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау;
Сабақ мақсаты:	Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап береді, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырады, талқылайды;

Орындалу алгоритмі:

Мәтінді тыңдайды. (<https://www.d-id.com/> сайтынан жасанды интеллект арқылы мәтінді тыңдатуға болады).

Конверттегі сұрақтардан проблемалық сұрақтарды іріктеп алып, дәлелді жауап береді. Сұрақтар:

1. Мәтіннің тақырыбы не себепті жаңғырық деп аталады?
2. Мәтіннің кейіпкерлері кімдер?
3. Олар қайда барды?
4. Әкесі не себепті айқайлады?
5. Сен бұл мәтіннен не түсіндің?
6. Сен не деп айқайлар едің?

Сыртқа – карапайым сұрақ ауызша	Ішке – проблемалық сұрақ жазбаша

Дескриптор:

1. Проблемалық сұрақты табады.
2. Мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап береді.

Данышпан

Аты жаһанға мәшһүр данышпандардың бірі достарымен қала қыдырып жүріп, пойызына кешігіп қалады. Өрең дегенде қуып жетіп, енді міне бергенінде, аяғындағы аяқ киімінің бір сыңары шешіліп, түсіп қалады. Бұл кезде жерге қайта түсіп алу мүмкін емес еді. Себебі жүйткіген темір тұлпардың жылдамдығы сәт сайын күшейіп келеді. Жанындағы жолдастары «енді қайтер екен?» деп тұрғанда, данышпан аяқ киімінің екінші жұбын шешіп алып, анау алғашқысы түсіп қалған жаққа қарай лақтырып жібереді.

Данышпанның мына қылығына түсінбеген біреуі шыдай алмай: «Неге бұлай жасадыңыз?» деп таңғала сұрайды. Оған күле қарап оқымысты былай деп жауап береді: «Теміржолды паналаған бір пақыр аяқ киімнің бір жұбын тауып алса, екіншісін де тауып қисін», — дейді. Дара сыңарының өзіне керегі болмайтынын ұғынып, өзінен гөрі бір жарлыға көмек болатынын түйсінген данышпанның даналығы өзгелерге үлгі болды.

№5. Мәтін бойынша тапсырмалар

Оқу мақсаты:	7.1.1.1. мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;
Сабақ мақсаты:	Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алады.

<p><i>«Стоп кадр» әдісі</i> <i>Орындалу алгоритмі:</i> Мәтіннен үзіндіні тыңдайды; Үзіндінің белгілі бір жеріне келген кезде стоп айтылып, ары қарай жалғастыру ұсынылады; Ауызша да, жазбаша да орындауға болады; Тапсырмалар үлгісі: <i>Ары қарай оқиға қалай өрбіді деп ойлайсың?</i> <i>Бұл үзінді не туралы?</i> <i>Өз қиялыңмен оқиғаны жалғастыр</i> <i>Осы үзіндіге байланысты сұрақтар құрастыр.</i> <i>Естіген ақпараттарды 5 сөйлеммен жаз.</i> <i>Дескриптор:</i> Мәтіндегі оқиғалардың дамуын болжайды; Өз қиялдарымен аяқтайды.</p>	<p>Аты жаһанға мәшһүр данышпандардың бірі достарымен қала қыдырып жүріп, пойызына кешігіп қалады. Өрең дегенде қуып жетіп, енді міне бергенінде, аяғындағы аяқ киімінің бір сыңары шешіліп, түсіп қалады. Бұл кезде жерге қайта түсіп алу мүмкін емес еді. Себебі, жүйткіген темір тұлпардың жылдамдығы сәт сайын күшейіп келеді. Жанындағы жолдастары «енді қайтер екен?» деп тұрғанда...</p>
--	--

Жаңа технологиялардың қоғамдағы рөлі

А мәтіні

Қазіргі заманда жаңа технологиялар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Смартфондар, интернет, әлеуметтік желілер – осының бәрі қазіргі қоғамды түбегейлі өзгертіп, коммуникацияның, білім берудің және бизнес жүргізудің жаңа әдістерін тудырды.

Біріншіден, жаңа технологиялар ақпарат алмасудың жылдамдығы мен қолжетімділігін арттырды. Әлемнің кез келген жерінен қажетті ақпаратты бірнеше секунд ішінде аласыз. Бұл әсіресе білім беру саласында үлкен өзгерістерге жол ашты. Онлайн курстар мен вебинарлар арқылы кез келген адам өзіне қажетті білімді үйде отырып ала алады.

Екіншіден, технологиялар қоғамның әр мүшесі арасындағы қарым-қатынасты да өзгертті. Әлеуметтік желілер адамдардың өз ой-пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Алайда, бұл әлеуметтік желілердегі жалған ақпараттардың таралуы сияқты өз кемшіліктерімен де көрініс табады.

Үшіншіден, бизнес саласында жаңа технологиялар өнімділік пен тиімділікті арттырып, жаңа мүмкіндіктерді ашты. Электрондық коммерция, цифрлық маркетинг, даналық технологиялар компанияларға жаңа нарықтарға шығуға және тұтынушылармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл өзгерістердің кері әсерлері де бар. Технологиялар жұмыс орындарының қысқаруына және кейбір мамандықтардың жойылуына алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, жеке өмірдің құпиялылығы мәселесі де өзекті болып отыр.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялар қоғамның дамуында үлкен рөл атқаруда. Оның оң және теріс жақтарын ескере отырып, біз болашақта осы өзгерістерді тиімді қолдана білуіміз қажет.

Ә мәтіні

Бірде алакеуім таң алдында қала көшелерінде серуендеп жүргендей күй кештік, аспанда жаңа күн сәулелері көкжиекті жұптап келе жатқанын көрдік. Айналадағы әрбір ғимараттың қабырғасынан алыстағы болашақтың елесіндей сан түрлі экрандар жыпырлап, өз тағылымын ұсына бастады. Сенсорлы тақталар шетсіз шексіз ақпараттық мұхит болып, айналандағы әрбір жанға желкен болды. Көшелерде жасанды интеллектпен басқарылатын көліктер жымдасып, ешқандай әбігерсіз қозғалыста, ал аспанда дрондар мың құбылған бейнелерді тасымалдауда. Уақыттың өзі, өрнекті жұмбақ сағат тәрізді, әрбір адамның қолындағы сағаттар мен көз алдарында жыпылықтап тұрған біткен ретті орындалып, табиғи ритммен үндесіп жатқан. Ертегі елінде жүргендей әркім өзіне керек білімге қол созым жерде екендігін сезінгендей, ал бұл технологиялар болса, адамдарға ғұмыр кешудің жаңа қырларын, жаңа мүмкіндіктерін ашып бере алады. Жаңа дүниелерді ойлап табу мүмкіншіліктері жасампаздықтың ыңыраған әуеніндей естіліп, шабыт ағысын жаңа белестерге бастап тұрғандай. Осылайша заманауи технологиялар қоғамдағы тыныс-тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналды. Олар өткен шақты алыс жазықтықта қалдырып, болашақты жаңа бояумен, жаңа мүмкіншілікпен толтыруда. Бұл – адамдарды бір-біріне жақындастыратын, алыс пен жақынды бауырдай табыстыратын бір тылсым күш екенін де ұмытпаған жөн. Қорыта айтқанда, жаңа технологиялар адамзатқа таңғажайып армандардың шынайы болуына сеп болып, олардың қолынан келмейтінді мойындатуға мүмкіндік бере отырып, қоғамның дамуына белсенді қатысуда.

Оқу мақсаты: 7.2.4.1 - идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау

Сабақ мақсаты: 7.2.4.1 - идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдай алады.

Дескриптор:

- мәтіндердің тақырыбын анықтайды;
- мәтіндердің мақсатты аудиториясын анықтайды;
- мәтіндердің стильдерін анықтайды;
- стильге тән тілдік құрылымдардан мысалдар кетіреді

1-мәтін	2-мәтін
Мақсаты	
Аудиториясы	
Мазмұны (Бір сөйлеммен)	
Стилі	
Тілдік құралдар	

Ұзақ жасаудың «сыры»

3.

Жеке гигиена әр адам әрқашан сақтауы керек жалпыадамзаттық іске жатады. Дейміз ғой. Бірақ италиялық мүсінші Микеланджело баршаға белгілі бұл ұстанымнан тым алшақ болды. Ол үнемі етікпен, киіммен ұйықтайтын. Тіпті онысын бірнеше апта бойы ауыстырмай жүре беретін. Ал жуу дегенді мүлдем атамаңыз. Ойына да келмеген.

Сөйткен әйгілі Микеланджело 87 жас жасады. Мүсіншінің ұзақ өмір сүруінің қаншалықты гигиенамен байланысты екенін білмейміз, бірақ бұл бір күлкілі кездейсоқтық екен.

Egemen.kz сайты. «Сіз білесіз бе?» айдары

«Блум түймедағы» әдісі арқылы дұрыс сұрақ қоюды үйрену

Орындалу алгоритмі:

Білім алушылар мәтінді тыңдайды;



Дескриптор:

- Мәтінді мұқият тыңдайды;
- Тыңдалған мәтін бойынша 6 түрлі сұрақ құрастырады

16-сурет

Ән күдіреті

Әміре сахна ортасында әуелі халыққа ізет көрсетіп, бас иді. Басында оюлы тақия, үстінде жеңіл шапан, қолында домбыра. Ол шеті түпсіз көрінген кең залға қарады да, «Қанапия» әнін айтты. Жастық шағы киіз үй мен кең далада өткен Әміреге бұл зал үлкен болып көрінсе де, ол айтуға келгенде, тар сезілді. Сондықтан оның таудан тау асып, жаңғыртатын сұлу да ашық дауысы Еуропа тыңдаушыларын қатты таңдандырды. «Қанапия» әнінің аяғын созып барып, домбыраны желпіндіре бітіргенде, тілдің керектігі болмады. Ән аса күшті дауыспен шарықтап барып аяқталғанда, сүйсініп отырғандар қайран қалысты. Ән тым тез біткендей. Ұйып тыңдаған халық әнші орнынан тұрып, бас игенде ғана ду қол шапалақтады. Залдан «бис...бис...» деген дауыстар жамырай естіліп жатты [44].

(108 сөз)

Жарқын Шәкәрім

Оқу мақсаты: 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау;

Сабақ мақсаты: 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды.

Орындалу алгоритмі:

- Бір білім алушыға мәтінді мәнерлеп оқу тапсырылады;
- Білім алушыларға мидың суреті салынған сурет таратылады;
- Суреттің ішіне мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.

«Ең ақылды» әдісі



Дескриптор:

- Мәтінді мұқият тыңдайды;
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.

Еңбек

Бір ауылда еңбекқор жанұя өмір сүріпті. Бұл жанұяда ата-аналары балаларын кішкентайынан еңбексүйгіштікке баулып, еңбек етудің маңыздылығын үйрететін болған. Бала кезінен олар ата-аналарына үй шаруашылығында, бақшада көмектесіп өсті. Олар жазда бақшада көкөністер мен жемістер өсіріп, күзде оларды жинап алып, қыста азық ретінде пайдаланатын.

Бір күні балалар әкелерінен:

— Әке, не үшін біз күн сайын осыншама көп жұмыс істейміз? Балалар ойнап жүргенде, біз неге еңбек етеміз? – деп сұрапты. Сонда әкесі оларға:

— Балам, еңбектің арқасында ғана біз алға жылжи аламыз. Еңбек ету арқылы біз өзіміздің және жақындарымыздың өмірін жақсартамыз. Сонымен қатар, еңбек бізді тәрбиелейді, шыдамдылық пен табандылыққа үйретеді, - деп жауап берген екен.

Уақыт өте келе балалар бұл сөздердің қаншалықты шындық екенін түсіне бастады. Олар өскенде әрқайсысы өз ісінің шебері бола білді. Қандай қиын күндер болса да, олар ешқашан еңбектен қашқан жоқ. Ата-аналарының айтқан сөздері шын мәнінде олардың өмірлік қағидасына айналды. Балалардың бірі мықты фермер болып, өзінің жерінде үлкен егін алқабын құрды. Екіншісі шебер ұстаз болып, ауыл балаларына білім мен тәрбие берді. Үшіншісі кәсіпкерлікпен айналысып, өз ауылында жұмыс орындарын ашып, өз үлесін қосты. Жылдар өтсе де, олардың ата-аналарының еңбексүйгіштікке баулыған тәлім-тәрбиесі олардың өмір жолында үлкен рөл атқарды. Еңбек арқылы ғана адамның өмірі жақсы жаққа өзгертінін олар жақсы түсінді, және бұл даналықты келесі ұрпақтарына жеткізуді ұмытпады.

(201 сөз)

Оқу мақсаты: 7.1.2.1. Әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;

Сабақ мақсаты: 7.1.2.1. Әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдайды.

Көркем шығармадан автор көзқарасын үстіңгі бағанға, көтерілген мәселені төменгі бағанға жазады



Көшпелілер мәдениеті

1. Мақсаты

Берілген мәтіннен тіркесті сөздерді теріп жазу арқылы орфографиялық нормаға сай жазу, әрі біріккен сөздердің емлесін меңгеру;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Тіркесті сөздерді теріп жазады;
- Біріккен сөздердің емлесін біледі ;

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну. Қолдану

Адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінеді. Біріншісі – рухани мәдениет, екіншісі – материалдық мәдениет. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері, кескін өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күн көрісінен туған дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Зиялы қауым арасында, тіпті оқымысты ғалымдар арасында мәдениет және өркениет ұғымдарын шатастырушылық әлі де кездеседі. Осы арада олар шаруашылық жүргізу мәдениетінің, саяси мәдениеттің, экономика мәдениетінің тағы сол сияқты мәдениеттердің болатындығын ескермеді. Осыдан барып, мәселен, көптеген адамдар мәдениетті тек қана өнер туындылары құрайды деп ойлайды да, оны өркениетпен тең қойып, жаңсақ түсініктерге жол береді. Мәдениет тарихында күні кешеге дейін еуропалықтар Батыс дүниесінің ғана мәдениетін мойындап келді. Оларда мәдениет жасаушы тек еуропалықтар делінген кеудемсоқтық теория белең алды. Бірақ Шығыс өркениетін жасаған мәдени мұралардың ғажайып үлгілері оларды өздерінің менменсіген қисындарынан бас тартуға мәжбүр етті. "Мәдениет" деген ұғымның аясы өте кең. Адам ой-санасы мен әрекетінің нәтижесінде туындаған құндылықтарды біз мәдениет дейміз. Мәдениетті кейде шартты түрде материалдық және рухани деп екіге бөледі [46].

(140сөз,)

Тапсырма

2. Тіркесті сөздерді теріп жаз.
3. Біріккен сөздердің емлесіне тоқтал.

Дескриптор:

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	

Тіркесті сөздерді табу	1	Тіркесті сөздерді біледі Тіркесті сөздерді ажырата алады Мысалмен дәлелдейді	1 1 1
Біріккен сөздердің емлесі	2	Біріккен сөздерді ажырата алады Біріккен сөздердің емлесі біледі	1 1
Барлығы			6

Музыкалық аспаптар

Мақсаты 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау,

7.4.4.1 етістікті қолдану, морфологиялық талдау жасау;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Қарамен жазылған сөйлемдерге морфологиялық талдау жасайды;
- Етістіктерді теріп жазады;

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну. Қолдану

Музыкалық аспаптар – халық мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі. Бұл рухани дамудың көрсеткіші, әлемді қабылдау мен діни сенімдердің өзіндік ерекшелігі. Қазақтың ұлттық аспаптары – бұл тарихи мұра ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани дамуының, рухани байлығының, эстетикалық талғамы деңгейінің көрсеткіші, ғаламның музыкасын қайта жаңғырту қабілеті мен дарыны. Олар тек көңіл көтеру немесе құлақ құрышын қандыру үшін ғана жасалмаған. **Қазақ халқының тіршілігі ән-күй өнерімен астасып жатты.** Музыканың көмегімен әлем халықтарының тарихы туралы білім беріліп, этикалық нормалар енгізілді. Қазақтарда аңыз бар, оған сәйкес көктен құйылған әндер көшпенді қазақтардың құлағына жеткен. Музыка халықтың жүректеріне еніп, әуезді әндердің жарыққа келуіне себеп болған. Шынында да, қазақ халқында ерекше музыкалық қабылдау бар. Қазақтың музыкалық аспаптары – музыканттардың шебер саусақтары жібітетін қатып қалған ән. **Қазақ аспаптарының жиырмадан астам түрі бар. Бұл санаттағы үрлемелі аспаптар ерекше орын алады.** Олардың арасында ең танымалдары: Сазсырнай – саздан жасалған үрлемелі аспап. Сыртқы пішіні жұдырыққа немесе тауық жұмыртқасына ұқсас. Бұл үрлемелі аспаптың дауысы желді суреттейді. Негізі дыбыс шығару үшін алты тесікке дейін жасалады. Гүлді суретпен безендіріледі. Бұрындары аспапты шопандар қолданған [47].

(167 сөз)

Тапсырма

1. Қарамен жазылған сөйлемдерге морфологиялық талдау жаса.
2. Етістіктерді теріп жаз.

Дескриптор:

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	

Қарамен жазылған сөйлемдерге морфологиялық талдау жасау	1	Өз таптарын біледі Морфологиялық талдау жасай алады	1 1 1
Етістіктерді теріп жазу	2	Етістіктерді біледі Етістіктерді ажырата алады Сөйлемдегі қызметін ажырата алады	1 1 1
Барлығы			6

Ауа райы және климаттық өзгерістер

Мақсаты 7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау арқылы септік жалғауларын табу және орфографиялық нормаға сай жазу;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннен септік жалғауларын табады;
- Орфографиялық норманы біледі;

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну. Қолдану

Атмосфераның құрамы. Жер шарын жан-жағынан атмосфера деп аталатын ауа қабығы қоршап жатыр. Ол жердің ішкі қабығы. Ауа дегеніміз әр түрлі газдардың қосындысы. Олардың ішіндегі ең көбі азот – N 78 % . Оттегі — O 21 % құрайды. Ауада азот көп болғанымен, тіршілік үшін ең маңыздысы -оттегі. Адам мен жануарлар оттегімен тыныстайды. Ол – кез келген организмнің тіршілігі үшін қажетті зат. Өсімдік те, жануарлар да оны ауадан алады. Бұдан басқа ауа құрамында көмірқышқыл газы бар. Ол жанудан және жануарлардың тыныс алуынан түзеледі. Бұл газдың ауа құрамындағы үлесі аз болғанмен (0,03 %), жердегі тіршілік үшін маңызы зор. Өсімдіктердің өсіп жетілуі (тіршілік) үшін қажет. Ауаның құрамына газдардан басқа су буы, түрлі шаң-тозаңдар кіреді. Атмосфераның төменгі шекарасы айқын, ол жер немесе су беті. Биіктік артқан сайын ауа сирей береді де, ақыр соңында ғаламдық кеңістікке ұласып кетеді. Сондықтан да жоғарғы шекараны дәл белгілеп айту қиын, шамамен 2-3 мың км шамасында бітеді. Төменгі қабатта ауа тығыз әрі ауыр болады. Ауа көзге көрінбейді, қолға ұстауға келмейді. Бірақ қайда барсақ та бізді қоршап тұр [42].

(159 сөз)

Тапсырма

1. Мәтіннен септік жалғауларын табыңыз.
2. Орфографиялық норма дегеніміз не?

Дескриптор:

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннен септік жалғауларын табу	1	Мәтіннен септік жалғауларын ажырата алады	3

Орфографиялық норма	2	Орфографиялық норманы біледі. Дәлел келтіре алады.	3
Барлығы			6

Халқымыздың батыр қыздары

Мақсаты 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды;
- Суреттегі ақпаратты анықтай біледі;

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну. Қолдану

Қазақ халқының арғы-бергі тарихында білек күшімен, шешен тілімен, ақыл парасатымен үлгі болатын батыр қыздар аз болмаған. Ертедегі Қыпшақ қыздары, «Тұрандот ханшайымдар» сұлу сымбатымен, табиғи тартымдылығымен, шығыс қыздарына тән ерекше сән-салтанатымен Еуропаның рыцарларын құмар еткен. Олар расында да өте сұлу, көзге түсерліктей болған. Қазіргі қазақ даласында мұндай қыздар аз болмаған. Зарина – Сақ патшасының қызы. Ел тағдыры үшін өз махаббатын құрбан етеді.

Бөрте ханым – Шыңғысханның әйелі. Қоңырат тайпасының қызы. Жат елдікке пенде болғанмен, ұрпақ тәрбиесінде өз елінің ұлттық тағылымын меңгерте білген.

Мұндай батыр қыздардың қатарын кешегі Ұлы Отан соғысы мен Тәуелсіздік құрбандары да толықтыра түседі. Домалақ ана (Нүрила) – Бәйдібек бидің жары. Нүрила барлық адамға өте мейірімді, ақылды, әулие әйел болған. Домалақ ананың осындай қасиеттерін бүгінгі ұрпақ бойына сіңіріп өссе, онда келешегіміздің көкжиегі одан сайын кеңі түсер еді.

Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы. Жазушы Сәбит Мұқанов «Балуан Шолақ» романындағы аналар бейнесін аса қызық сомдаған. Өмірде өнегелі болған аналар бейнесі көркемөнерде ұрпаққа ғибрат берерліктей тәрбиелік маңызы зор. (165 сөз)

Тапсырма

1. Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құра.
Ерлік, Отан, ғибрат, батырлық.
2. Бұл кімнің суреті және ол туралы не білесің?



17-сурет

Дескриптор:

Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
-------------------	---	------------	------

	тапсырма	Білім алушы	
Сөйлем құрайды	1	Сөздерді қатыстырып сөйлем құрай алады	1
		Грамматикалық байланысына мән береді	1
		Сауатты жазады.	1
		Сөздердің мағынасын біледі	1
Мәлімет айтады	2	Қазақтың батыр қыздарын біледі.	1
		Мәншүктің ерлігі жайлы біледі	1
		Ойын жүйелі жеткізе алады	1
Барлығы			7

Қиял түрлері

Мақсаты 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Оқшау сөзді біледі;
- Сұрақ құрастыра алады;

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну. Қолдану

Қиял *актив, пассив* болып екіге бөлінеді. Түс көрудің физиологиялығын жан-жақты түсіндіріп берген П.Павлов болды. Ұйқы кезінде ми клеткаларының бәрі тежелмейді, кейбір бөлімдері қозу жағдайында болып жұмыс істей береді. Мидың мұндай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды. Осы «күзетші пункттерден біздің бұрын қабылдаған, көрген, естіген, қолға ұстап, дәмін татқан заттарымыздың бейнелері мида қайтадан «тіріледі». Түсте небір ақылға сыйымсыз образдардың жасалатыны белгілі. Өйткені бұл кезде мидағы сигнал жүйелерінің арасындағы байланыс әлсірейді, мұнда негізінен бірінші сигнал жүйесі ғана қызмет істейді. Сөздік сигналдардың әсер етпеуі мида кездейсоқ образдардың пайда болуына жағдай жасайды да, соның нәтижесінде түске қайдағы «кереметтер» кіреді. И. Сеченов осындай түстерді «болған әсерлердің болып көрмеген қиысулары» деп сипаттаған. Түсте реалдық образдар мен нәрселердің фантастикалық түрде қосылуынан ғажайып образдар жасалады. Ұйқы кезіндегі осындай ғажап фантазиялық бейнелер де өмірде бар нәрселердің жиынтығынан құралған. Бұл — адамның ояу кезіндегі басынан кешкен оқиғалары, ойы мен мақсаты, тілегі мен арманы, естіген-көргендері, істеп жүрген қызметі, басқалармен қарым-қатынасы т. б. ұйқыдағы адамның түс көруіне себепші болатын фактілердің есебі жоқ. Мәселен, ұйқыдағы адамның жүрегіне бір салмақ түссе, оның жүрегі қатты соға бастайды. Осыған орай адам мынадай түс көреді. Өзін қуған біреуден қашады, бұдан ол ентігіп, булығыады да. Түс көрудің мазмұны адамның, көбінесе, қызығуына, талғамына орайлас келіп отыратындығы да шындықпен жанасымды факт. «Егер иттің түсіне сүйек кірсе, саудагердің түсіне ақша кіреді» деген мақал да біздің осы пікірімізді қуаттайды. Өмірде ешбір естімеген, көрмеген нәрселер түске кірмейтіндігін ғылым дәлелдеп отыр.

(205 сөз)

Тапсырма

1. Оқшау сөз дегеніміз не? Мысал келтір.
2. Мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастыр.

Дескриптор:

Бағалау критеріі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Оқшау сөздер	1	Оқшау сөздерді біледі	1
		Оқшау сөз түрлерін ажырата алады	1
		Мысалмен дәлелдейді	1
		Сөйлемнің грамматикалық байланысына мән береді	1
Сұрақ құрастыру	2	Мәтін мазмұнын меңгерген.	1
		Сұрақ құрастыра алады	1
Барлығы			6

Домбыра – халық мұрасы.

Оқу мақсаты: 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру

Сабақ мақсаты: мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның сыңғырлаған үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған. Әрбір шаңырақтың төрінде ілулі тұратын домбыра ұлттық өнерді ұлықтайды. Оны ұлтымыздың жаны дерсің. Халқымыз бабаның көзіндей, қазақтың өзіндей болған қастерлі дүниенің қадір-қасиетін құрметтей біледі. Әдетте домбырасы жоқ шаңырақты мұрасы жоқ үй ретінде бағаланады. Ғасырлар бойы сақталған даланың рухы мен бабаның ғұрпын бүгінге жеткізген ұлттық құндылықтың тамыры тым тереңде жатыр. Домбыраның өзіне тән үні бар, сол қоңыр үнді нағыз шебер ғана өз нақышына келтіріп орындай алады.

Қашанда қазақ пен домбыра егіз екенін айтады. Екеуінің біртұтас ұғымға айналып кеткеніне тарих куә. Сол қасиетті қара домбыраның күмбірлеген үні талай қазаққа рух береді. Оның шанағынан төгілген әсем әуен мен тәтті күйге тәнті болып, құлақ құрышын қандырамыз. Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастар көп. Бұл қуантарлық жайт. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің қолымыздан келеді.

(167 сөз)

Тапсырма

1. Етістіктің шақ түрлері теріп жаз.
2. Рай түрлеріне тоқтал.

Дескриптор:

Бағалау критеріі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	

Етістіктің шақ түрлері.	1	Етістіктің шақ түрлері біледі Етістіктің шақ түрлерін ажырата алады Мысалмен дәлелдейді	1 1 1
Рай түрлері	2	Рай түрлерін ажырата алады	1
Барлығы			5

Оқу мақсаты:

7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау;

7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау.

Қазақ ауа райын қалай болжаған?

Қазақ халқы табиғат құбылысына ерекше атау беріп, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, көз аштырмас боранда шөпке қарап ел іздеген. Мысалы, киік өз лағын аяқтандырып, желге қарсы жүгірткен уақытты «құралайдың салқыны» десе, «Үркер жерге түспей жер қызбайды» деп ауа райының қандай болатынын болжаған. Олай болса, метеорология мамандары мен арнайы құрылғылар пайда болмай тұрып, ауа райына қалай болжам жасалғанын және табиғат құбылысын бір сөзбен қалай атағанын біле жүрейік.

Аласапыран – наурыз бен сәуір айларында қар еріп, жер лайсаң болып, шаруашылыққа қолайсыз болатын мерзім.

Амал – ыстық пен суық, қар мен жаңбыр, жел мен боранның үздіксіз соғып тұруын халық осылай атайды. Ұлттық сандық ұғымда жеті амал бар. Олар: күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, қыс тоқсан, ай тоғамы.

Бесқонақ – наурыздың 17-21 күндері аралығында болатын жауын-шашынды күндер. Бұл суық әрі лайсаң мезгіл болғандықтан, жұрт бесқонақтан қатты сақтанған.

Бөрісырғақ – бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктері жауып, ақпан айында ат құлағы көрінбейтіндей боран болатын күндер. Профессор Серік Негимов «Бөрісырғақты» «крещенский мороз» деп аударуға келмейтінін айтады. Қазақта бұл күндерді «Сарышұнақ аяз» дейді.

Қарашаның қайтуы – құстар жылы жаққа қайтып, қар түсіп, күн суитын уақыт.

Құралайдың салқыны – мамыр айының аяғында болатын суық жел. Осы желге қарсы киік өз құралайларын аяқтандырып, өргізетіндіктен осылай аталған.

Құсқанаты – наурыз айының соңында құстардың келуімен қар аралас жаңбыр жауып, суық жел тұратын уақыт. Халық мұны құсқанаты деп атап, амалға жатқызған.

Қызыр қамшысы – сәуір айының ортасында жер бусанып, оңтүстікке жаздың жайлы күндері келе бастайтын уақыт. Халық әдетте «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп айтады.

Қырбастың қызылы – Қазақстанның солтүстігінде желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз.

Қырық күн шілде – маусым-шілде айлары кезінде 40 күнге созылатын ыстық.

Қыс шілдесі – қаңтардың соңғы күндеріндегі қатты аяз.

Мизам шуақ – қыркүйек айының екінші онкүндігінде жаңбыр жауып, түнде шөп басына шық түсетініне қарамастан, күндіз шуақты болатын күндер. .

Сүмбіленің тууы – қыркүйек айының соңғы онкүндігінде жауын-шашын басталатын суық күндер, Сүмбіле жұлдызы көрінетін мезгіл.

Таразының тууы – тамыз айының ортасында ауа райы салқындап, алғашқы күз нышаны біліне бастайтын уақыт.

Текенің бұрқағы – желтоқсанның соңғы онкүндігінде далада қатты боран соғатын кез.

Үркердің батуы – маусым айында үркер мүлдем көрінбейтін уақыт. Осыдан кейін қырық күн шілде басталады.

(337 сөз)

Тапсырма:

1. Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбын анықтаңыз.
2. Мәтіннің негізгі ойын табыңыз.
3. Айтылымда дауыс ырғағы мен сөз мәнерін, интонация, логикалық екпінді сақтаңыз.

Дескриптор:

Бағалау критеріі	Тапсырма	Дескриптор (білім алушы)	Балл
Тыңдалым мәтінінің тақырыбын табады	1	Тақырыбын анықтайды;	1
Мәтіннің негізгі ойын анықтайды		Негізгі ойын анықтайды;	2
Сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын, дауыс ырғағы мен сөз мәнерін, интонация, логикалық екпінді сақтап айтады		Сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын, интонация, логикалық екпінді сақтап сөйлейді	3
		Ойын жүйелі жеткізеді	1
Барлығы			7

Оқу мақсаты:

7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу.

Жауымен батыл шайқасқан қаһарман

1942 жылы тамызда 19 жасар жас қыз Мәншүк Мәметова екінші дүниежүзілік соғыс майданына аттанды. Фашистік басқыншылармен шайқаста ол батырлық пен батылдықты танытты. 1944 жылы 1 наурызда Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен жауынгерлік тапсырмаларды үлгілі орындағаны мен ерлігі үшін оған қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бес жасында ол ата-анасынан айырылып, Алматы қаласында туыстары Ахмет пен Амина Мамедовтың қамқорлығына береді. Баланың ата-анасының сүйіспеншілігін тәтесі мен ағасының қамқорлығы мен сүйіспеншілігі алмастыра алды. Оның шын есімі – Мансия. Қыз өзінің сүйкімді лақап атын «Манчук» деп атады.

Соғыс басталғанға дейін Мәншүк рабфак пен медициналық институттың екі курсына бітірді. Бұған дейін, 1937 жылы Ахметтің ағасы қуғын-сүргінге ұшырады. Мәншүк, егер ол соғысқа барса, сүйікті ағасы қайтып оралады деп үміттенді. Бірнеше рет батыр қыз майданға сұранды. Ақыры шешім қабылданып, ақыры Қызыл Армия қатарына алынды. Ол алдымен 1-ші атқыштар дивизиясында хатшы, содан кейін медбике қызметін атқарды.

Уақыт өте келе, Мәншүк пулеметшілер курсына бітірді. Ол өз міндеттерін өте жақсы орындап, жаумен батыл шайқасты. Көп ұзамай аға сержант Мәметова пулеметті есептеудің алғашқы нөмірі болды. 1943 жылдың күзінде Невель қаласы үшін ауыр шайқастар болды. Мәншүк бірнеше пулеметі бар командада жаудың шабуылына қатты тойтарыс берді. Жарақат алса да аруды жалғастырды.

Сарбаздар шегінуге шешім қабылдағанда, олар жараланған Мәншүкті өздерімен бірге алып кеткілері келді, бірақ ол бас тартты. Ол өзінің өмірі үшін өз сарбаздарына кетуге мүмкіндік берді. Кейбір мәліметтерге сәйкес, сол күні аға сержант Мәметова жетпіске жуық қарсыласын жойып, ақыры аяғында оқ тиіп қаза табады.

1982 жылы Орал қаласында Мәншүк Мәметованың үй-мұражайы ашылды. Онда Мамедовтар отбасының фотосуреттері, құжаттары, жеке заттары қойылған. Қазақ жауынгер қызының есімін еліміздің ауылдары мен қалаларындағы көшелерде, мектептерде бар және алаңдарда ескерткіштер орнатылған. Қазақ халқының мақтанышы Мәншүк Мәметова батырлық пен Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі болып қала береді [43].

(278 сөз)

Тапсырма:

Мәтінді оқып, диалог құраңыз. Диалогта эмоционалды-экспрессивті сөздерді, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелді қолданыңыз.

Дескриптор

Бағалау критеріі	Тапсырма	Дескриптор (білім алушы)	Балл
------------------	----------	-----------------------------	------

Диалогта эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданады. Пікірталаста тез шешім қабылдап үйренеді	1	Тыңдалым мәтінін тыңдайды; эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданады; диалог құрастырады; пікірталасқа түседі; Шешім қабылдап үйренеді.	1 1 1 1 1 1 1
Барлығы			7

Оқу мақсаты:

7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру;

7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.

Жаралы ақбөкен

Ертеде бір мерген өмір сүріпті. Аңшылықты кәсіп етіп, ауыл-аймағын асырап жүрсе керек. Аңға шыққан сайын, «қанжығама бәленбай олжаны байлаймын» деп ниеттеніп жүреді. Одан басқасын көрсе де керек қылмайды екен.

Күндердің бір күнінде тағы да далаға аттанады. Бұл жолғы ниеті – ақбөкен. Жол-жөнекей басқа аң пен құс кездесе де, елемей жүре беріпті. «Оғымды тек ақбөкенге жұмсаймын» дейді. «Іздеген – табар» дегендей, күн сарыла жүріп бір ақбөкен үйіріне кезігеді.

Қанжығам майланды, табан терім ақталды деп ыңғайлана береді. Іштей «сенде жазық жоқ, менде азық жоқ» деп дұғасын айтып, мылтықтың шүріппесін басып қалады. Ақбөкендер үрке жөнеліп, қыратты асып кетеді.

Аңшы мерген бірден көздеп атқан бөкенін іздейді. «Құралайды көзінен атқан» мерген осы жолы жаңылышты. Атқан оғы бөкеннің артқы сирағына тиіп, ақсандап ол да қашып бара жатады. Сонда мерген «Мен ешқашан мүлт кетпейтінмін. Атқаным, сол жерде құлайтын. Үлкендер ақбөкенді атпа, киесі оны сақтайды, сені ұрады деуші еді. Сол екен ғой. Есіміз барда елімізді табайық», – дейді.

Ауылға келіп, осы әңгімені айтып берсе керек. Сол әңгіме дүкеннің ортасында бір сыбызғышы да отырған екен. Әңгіменің желісімен бір күй тартады. Халық арасында бұл күй «Жаралы ақбөкен» деп аталып кетеді.

Тапсырма:

1. Мәтінге жоспар құрыңыз.

2. Мәтіндегі есімше, көсемше тұлғалы етістіктерді табыңыз.

Дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор (білім алушы)	Балл
-------------------	----------	--------------------------	------

<p>әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады.</p>	<p>1</p>	<p>мәтіннің кіріспе бөліміне сәйкес жоспар құрады мәтіннің негізгі бөліміне сәйкес жоспар құрады мәтіннің қорытынды бөліміне сәйкес жоспар құрады</p>	<p>1 1 1</p>
	<p>2</p>	<p>Есімшелерді анықтайды көсемше тұлғалы етістіктерді табады</p>	<p>1 1</p>
<p>Барлығы</p>			<p>5</p>

8- сыныптарға арналған мәтіндер

Адал сауда

Индонезия елінің Горонтало шаһарында пайда болған бес саудагер жайындағы әңгімені әуелі қала базарындағы сатушылар естіп білді. Әр тұтынушыны түстеп танитын саудагерлердің аңдыған-баққандары сол емес пе?

Сөредегі дүниесін асыра мақтап, ылдым-жылдым өткізіп жіберуге дағдыланған, адамдарды алдап-сулап баюдың жолына түскен олардың бойын іштарлық, қызғаныш сынды қызылкөз нәпсі жайлағалы қа-ша-ан?! Байқайды, жаңадан келген саудагерлердің азық-түліктері мен жеміс- жидектері тез өтіп кетеді. Қалалықтардың тіпті үйме-жүйме болып, кезекке тұрып жатқандарын көрмейсіз бе?

– Бұл нендей сиқыр, япыр-ау?!

– Бөтен елдің бөгде жандары жұрттың басын айналдырып, дуалап қойғаннан сау ма, өзі?!

– Затымыз өтпейтін болды!

– Аналарға тиым салу керек!

– Басынуларын!

– Үндемеген сайын үдетіп барады, – деп салды тұрғылықты саудагерлер. Қолдары жүрмеді, заттары өтпеді. Бұл қырсықтың келімсек сатушылардан келгенін білген сайын ашу-ызалары шықты. Нәпсі-қызғаныштары шыдатпай әрекет жасауға құмбыл кірісті.

– Табандарыңды тайдырыңдар!

– Қайдан келсеңдер, сонда жөнеліңдер!

– Оңдырмаймыз! – деп қоқан-лоқы көрсетті қала саудагерлері.

– Неге кетулері тиіс?!

– Саудалары адал.

– Сендерге ұқсап таразыдан жемейді.

– Момын жандар, – деп қала жұртшылығы шыр-пыры шыға қарапайым, кішіпейіл, жуас жат жұрттықтарды қорғады.

Дау-дамай соңы жұдырықтасуға жетіп, төбелеске ұласты да, жергілікті саудагерлер жат жұрттықтарды соққыға жықты.

Арашаға келген Қазы бес саудагердің басшысы Бахриддинге сұрақ қойды.

– Қайдан жүрген жансыңдар? Кімсіңдер?

– Біз мұсылманбыз. Алланың нәсібімен келіп қалған жайымыз бар.

– Мүләйімсуін қараңыз. Қуланғылары келеді, – деді қала саудагерлері айқайлап.

Қазы қолын көтеріп, шуылдақ жерлестерін тоқтатты.

– Жұртты сонша неге дүрліктірдіңіздер?

– Біз емес шырқ бұзған, – деді бөгде жандар бір ауыздан. – Жазығымыз жоқ секілді, бізді неге соққыға жықты?!

– Менің де білмегім осы, – деді Қазы сабыр сақтап.

– Бахриддин әпендім, шыныңызды айтыңыз? Естуімше, сіздердің саудаларыңыз жүріп кетіпті. Жұртшылық қалалық сатушылардан зат алуды азайтыпты, сол рас па?

– Шын.

– Ендеше бәрін айтыңыз. Жұртшылықты қалай каратып алдыңыздыр?

– Біз хақ мұсылманбыз. Әуелі жаратушы Алланың құлы, хазырет Мұхаммед ғалейһи уәссаламның үмбетіміз. Саудамыз адал, таразыдан жемейміз. Сатқан затымыздың бүлінгені, жарамсызы болса жасырмай айтамыз. Ұнатпай кері қайтарса, қайтып аламыз, кішіпейіл, қарапайым болуға тырысамыз. Жылпылдатып жылдам өткізіп жіберуді мақсат етпейміз. Содан болар, біздің заттарымыз өтімді, ал мұсылман үшін адал сауда сауапты іске жатады.

Бахриддиннің уәжіне тоқтаған Қазы бөгде бес саудагерді қалада қалдыруға шешім қабылдайды. Кейіннен сол бес саудагер арқылы Горонтало шаһарында мұсылмандық кең тараған екен.

Т.Әбдірайым (327 сөз)

Оқу мақсаты: 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау

Сабақ мақсаты: мәтінде көтерілген мәселені (әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтаңыздар.

Тапсырма:

Берілген мәтіннің негізгі ойын анықтап, онда көтерілген тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерді талдаңыз.

Орындау қадамдары:

1. **Мәтінді мұқият оқып шығыңыз.** Мәтіндегі оқиғалардың мазмұнын және кейіпкерлердің әрекеттерін саралап, олардың өзара қарым-қатынасын түсініп алыңыз.

2. **Тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерді бөліп көрсетіңіз.** Мәтінде сипатталған мәселелерді екі санатқа бөліп, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

○ Тұрмыстық мәселелер: Әңгімеде күнделікті сауда-саттыққа байланысты қандай мәселелер орын алған?

○ Әлеуметтік мәселелер: Әңгімеде адамдар арасындағы қандай қатынастар сынға алынған?

3. **Мәтіннің негізгі ойын анықтаңыз.** Кейіпкерлердің әрекеттері мен дауларынан қандай қорытынды немесе басты идея шығады? Мәтін авторының негізгі ойы не екенін түсіндіріңіз.

4. **Жауабыңызды жазбаша түрде баяндаңыз.**

Дескриптор:

Бағалау критерилері	Балл (жалпы – 6 балл)
Мәтіннің мазмұнын дұрыс түсіну және мазмұнға сай мәселелерді анықтай біледі	2

Әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді нақты ажыратады	2
Мәтіннің негізгі ойын анықтап, дәйекті жауап береді	2

Тапсырма. Мәтінді тыңдап, көтерілген мәселені анықтаңыздар.

Қазіргі таңда адамдардың рухани байлығы, олардың әлеуметтенуі көкейкесті мәселелерге айналып отыр, себебі олардың өмірлік бағыт-бағдарларын анықтайтын қоғамдық қатынастарға икемделуі тұлғааралық қарым-қатынастарға, ұлтаралық қарым-қатынастарға, гуманизм қағидаларына негізделуі тиіс. Адам баласының тұлға ретінде дамып қалыптасуына оның өскен отбасылық, әлеуметтік ортасы, ұлттық салт-дәстүрлері көп әсер етеді. Кез келген жеке тұлғаның дербес психологиялық ерекшеліктерімен қатар ұлттық сана сезімдері, ұлтжандылығы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі сияқты ұлттық ерекшеліктері болады.

Ұлттық тәлім-тәрбие ұлттық тіл арқылы іске асатыны анық. Тіл – адамдардың байланыс, қарым-қатынас құралы. Ал басқа ұлт мәдениетімен танысу сол ұлттың тілін білу арқылы іске асырылады. Қазіргі жалпы білім беру мектептерінде ана тілімен қатар шет тілдерінің де оқытылуы осы себептен. Тек білім алу үшін ғана шет тілдері оқытылмайды, ол

– практикалық қажеттілік, ол – заман талабы. Бірақ ұлттық сана-сезім дамуының іргетасы – ана тіліне деген сый-құрмет.

Халық тағдырындағы тілдің маңыздылығын бағалауға, құндылығын арттыруға байланысты айтылған мынандай ұлағатты ойлар күні бүгінге дейін өзекті болып отырғаны баршамызға анық: «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды»

(М.Әуезов)

Дескриптор:


- мәтінді тыңдап, көтерілген мәселені анықтайды;
- мәтінде қандай ой қозғалып отырғанын айтады;
- өз пікірлерін мәтінге сүйене отырып дәлелдейді.

Оқу мақсаты: 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу;

Сабақ мақсаты: мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазады;

Тапсырма

Берілген диаграммадағы деректерді мұқият қарап, маңызды мәліметтерді көрсете отырып жазыңыздар.



Дескриптор:

- диаграммадағы мәліметтерді кему ретілігімен жіктейді;
- маңызды ақпараттарды анықтайды;
- құрылымын сақтап, мәтін жазады (кіріспе, негізгі, қорытынды)



19-сурет

Оқу мақсаты:

8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;

Сабақ мақсаты

ұқсас тақырыптағы ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (сипаттау), құрылымын салыстыра талдайды.

Тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқыңыз. Тақырыбын, түрлерін (сипаттау), құрылымын салыстырыңыз.

А мәтіні

Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады. Мысалы: аң аулау, еңбек құралдарын жасау, от жағу, тамақ пісіру, киіну, жарасымды өмір сүру, екінші біреуге ұнау, ортамен қатынаста болу, т.б.

Бұл талап-тілектер қоғамдық прогреске, өрлеуге тікелей байланысты. Әр қоғамдық кезеңде жаңа талап, тілектер пайда болады, өндіріс құралдары дамиды. Мәселен, бір кездерде жазба әдебиеті болмады, соның нәтижесінде фольклор қалыптасты, кейініректе білімнің қалыптасып, жазудың шығуы қоғам алдына жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы пайда болды. Информатика дамыды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттілігі туындады. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамның тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды.

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты.

Ә мәтіні

Мәдениет (латын. *Cultura* – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат».

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ

қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып, қалыптасады. Мысалы: аң аулау, еңбек құралдарын жасау, от жағу, тамақ пісіру, киіну, жарасымды өмір сүру, екінші біреуге ұнау, ортамен қатынаста болу, т.б.

Бұл талап-тілектер қоғамдық прогреске, өрлеуге тікелей байланыста. әр қоғамдық кезеңде жаңа талап, тілектер пайда болады, өндіріс құралдары дамиды. Мәселен, бір кездерде жазба әдебиеті болмады соның нәтижесінде фольклор қалыптасты, кейінірек те білімнің қалыптасып, жазудың шығуы жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы пайда болды. Информатика дамыды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттігі туды. Сөйтіп, мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамның тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды.

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты.

А мәтіні	Ә мәтіні
Тақырыбы	
құрылымы	
Мақсаты	
Мазмұны	
Аудиториясы	

Дескриптор:

- екі мәтінді оқып, тақырыбын анықтайды;
- мәтіннің құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) ажыратады;
- екі мәтінді салыстыра талдайды

Оқу мақсаты: 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу

Сабақ мақсаты: оқылым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазады

Тапсырма

Мәтінді оқып, аннотация жазыңыздар.

Қазақстан ғарышкерлік дамуының басынан бастап ғарыш кеңістігін игерумен байланысты болды. «Байқоңыр» ғарыш айлағынан алғашқы жасанды Жер серігі 1957 жылы ұшырылғаны белгілі. Әлемдегі тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин де 1961 жылы «Восток» ғарыш кемесімен қазақ даласынан ғарышқа аттанды. Қазақстандық ғарышкерлердің ұшуы кезінде басқарылатын кешендердің бортында әлемдік ғарышкерліктің негізгі бағыттары бойынша ғарыштық эксперименттер жүргізілді. Қазақстандық ғарышкерлердің «Мир» ОК мен ХҒС-тағы ғылыми бағдарламаларын орындау арқылы айтарлықтай ғылыми және қолданбалы маңызы бар нәтижелер алынды.

Бұл бірегей оқиғалар – ХХ ғасырдың ең үлкен жетістігі. Кейіннен АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Италия сияқты елдер де өз азаматтарын ғарышқа ұшыра бастады. 70-жылдардың басында бұл қатарға Жапония, Қытай, Нидерланд, Испания және басқа елдер қосылды. Қазіргі таңда әлемнің 200-ден астам елі ғарыш қызметімен айналысады. Олардың көпшілігінде өздерінің ғылыми және қолданбалы маңызға ие жасанды серіктері бар.

Биыл – отандық ғарыш ғылымы және бүкіл Қазақстан үшін айтулы жыл. Нақты айтқанда, 2021 жылғы 12 сәуірде әлем жұртшылығы адамзаттың ғарышқа ұшуына 60 жыл толғанын атап өтті. Бұл оқиға басқарылатын космонавтиканың әлемдік символы болды.

Осы уақыт аралығында 570-ке жуық ғарышкер-зерттеуші ғарышта болған екен. Ал олардың 150-ден астамы ғарышқа қазақ жерінен ұшып, «Байқоңырда» ғарышкер мәртебесін алды.

Қазақстанда басқарылатын кешендер-дегі ғарыштық зерттеулер қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Т.Әубәкіровтің ұшуымен тікелей байланысты. Дәлірек айтқанда, аталған зерттеулер 1991 жылы «Қазақстан-Ғарыш» нысаналы кешенді ғылыми бағдарламасы аясында серпінді дами бастады.

Академик Ө.М.Сұлтанғазиннің ғылыми жетекшілігімен Қазақстан Республикасының ҒЗИ мен ЖОО және Ресей Фе-дерациясының ғарыш саласы ұйымдарының ғалымдары мен мамандары «Мир» ОК бортында ғылыми зерттеулер мен эксперименттердің бағдарламаларын сәтті орындады. Бұл жұмыстарға қазақстандық ғарышкерлер де қатысты.

Әлемдік басқарылатын ғарышкерліктің даму тәжірибесі және «Мир» ОК

мен ХФС бортында Қазақстан Республикасының ғылыми ізденістері мен ғарыштық эксперименттерінің бағдарламаларын іске асыру ұшу алдын-дағы кезеңде даярлықтан өтетін ғарышкерлерге жаңа бірегей ғылыми нәтижелерді алуда айқындаушы рөл берілетінін көрсетті. Бұл өздерінің функционалдық міндеттерін орындау және ұлттық ғылыми бағдарламалар шеңберінде ғарыштық зерттеулер мен эксперименттер жүргізу үшін ғана емес, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде бірін-бірі өзара алмастыру мақсатымен басқа елдердің ғылыми бағдарламаларын іске асыру үшін қажет болды [48].

Дескриптор:

- мәтінді оқып, бөліктерге бөледі
- әр бөлігінен ақпараттар жинақтайды;
- ақпараттардан жинақы мәтін жазады;
- мәтіннің баяндау желісін сақтайды.

9- сыныптарға арналған мәтіндер

Жаһандану дәуіріндегі мәдениет

Жаһандану – елдер экономикасы, саясаты мен мәдениетінің бірігуін күшейтеді. Пайдасы да көп, зияны да жетерлік. Көп пайда әкелетін саласы – экономика мен индустриялық даму. Яғни халықаралық бәсекелестікке жол ашады. Жаһандану барысында басқаларға жұтылып кетпей, салт-дәстүрді дамытып, ұлттық мүддені сақтау үшін күресу керек. Біз әлемнің бір бөлшегіміз. Жалпы, ескі дәстүрдің озығын алып, тозығынан арылу, өзгелерден қалып қоймай, дамудың даңғыл жолына түсуге тиіспіз. Қазір интернет заманында бәрі араласып кетті. Уақыт көз ілеспес жылдамдықпен өтуде. Сондықтан заманауи ұлттық сананы күшейту керек. Бұл – өзі көзге көрінбейтін күрес, мылтықсыз майдан. Ана тілімізді дамыту – парыз. Жаһандануға білім, ғылыммен ғана қарсы тұра аламыз.

Мәдениеттің жаһандануы көлік құралдарының мүмкіншілігінің артып, экономикалық байланыстардың жиілеп, коммуникация құралдарының күрделеніп, әртүрлі этникалық мәдениеттердің сұхбаттасу жолдарының кеңеюінің негізінде біртұтас әлемдік өркениетке интеграциялануы процесі сипатында болып келеді. Қазіргі заманғы техникалық жетістіктер жаңа көлік құралдары мен жаңа коммуникация формаларының қалыптасуымен мәдениетгермен тікелей байланысқа қол жеткізу мүмкін болды, яғни мәдениетаралық байланыстардың ауқымын айтарлықтай кеңейтті. Адамдардың қозғалысы күйі арта түсті: жүйрік ұшақтар адамды санаулы сағаттар ішінде әлемнің кез келген нүктесіне жеткізе алады [50].

2-мәтін

ЭКСПО дегеніміз не? Оның бізге берер пайдасы қандай? Ол не туралы болмақ? ЭКСПО — индустрияландыру символы. Техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме. «ЭКСПО» көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысады. Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес. Оған бірнеше факторлар ықпал еткендігі аян.

Біріншіден, елордамыздың әлемдік-деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды.

Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі.

Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі. Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады [49].

Адам құқығы – ең қымбат қазына

Еліміздің құқық қорғау мәселелерін ілгерілетудегі жоғары нәтижелілігін ерекше атап өткен Мемлекет басшысы кеңесте сөйлеген сөзінде: «Мен адам құқықтарын қорғау бағытына ерекше назар аударамын, өйткені оның жай-күйі, сайып келгенде, біздің қоғамның даму деңгейіне әсер етеді», деп атап өтті.

Біз құқықтық және әділ мемлекет құру жолымен кезең-кезеңімен ілгерілеп келеміз. Мұны ел Президенті «Мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі – саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру» деп түсіндіреді. Ал бұл міндет соңғы үш жылда адам құқығын қорғау саласына едәуір өзгерістер енгізіп, осы бағыттағы жұмыстарды біршама ілгерілетіп түскені анық. Солардың ішіндегі елеулісі – Үкімет бекіткен Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспар.

Адамның ажырамас табиғи құқықтары деген ұғым бар. Бұл құқықтар мен құндылықтар адамға туа бітеді. Жаратылыстың құдіреті сол – адам дүние есігін ашқанда нәсіліне, дініне, тіліне, туған жері мен ұлтына қарамай бәрі тең және олардың құқықтары бірдей. Оның ең бастысы – өмір сүруге деген құқығы. Конституцияның 15-бабын есіңізге түсіріп көріңіз. Онда: «Әркімнің өмір сүруге құқы бар» деп жазылған. Демек кез келген мемлекет ең алдымен адамның жайлы өмір сүруіне жағдай жасауы керек. Мұның сыртында адамның саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, тіпті экологиялық құқықтары бар. Түптеп келгенде адам құқығының сақталуы – мемлекет іргетасының беріктігі болып саналады. Себебі

«құқықтық нигилизм» – өте қауіпті құбылыс. Егер заң орындалмаса, жай қолжаулық болып қалса, халықта заңға деген құрмет қалмайды, мемлекет пен билікке деген сенім де болмайды. Ал тарихтан белгілі – мұндай сенімсіздіктің салдары өте ауыр.

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Бізде бұл туралы арнайы доктрина да бар. Ал құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен өркендеуі, елдегі демократиялық процестердің дамуы адам бостандығы мен құқығын сақтау сынды ең асыл құндылықтарымен тікелей байланысты. Басты ұстанымы да адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және оларға қысым жасауға жол бермеу болып қала береді. Жарлық Үкіметтің алдына жаңа міндеттер қойып, қызмет бағыттарын айқындап берді. Бұл іс-шаралар елімізді барлық қызметі құқық нормаларына бағынатын, әр азаматының қадір-қасиетін, бостандығы мен құқықтарын қорғауды алдыңғы орынға қойған құқықтық мемлекет ретінде сипаттайды [51].

Биотехнология және оның негізгі бағыттары

Биотехнология дегеніміз – биологиялық организмдердің қатысуымен жүретін процестерді, адамның мақсатына сай өзгерту арқылы өндірісте пайдалану. «Биотехнология» деген терминді алғаш рет 1919 жылы венгр ғалымы К.Эики енгізді.

Қазіргі биотехнологияның басты мақсаты – өсімдіктердің жаңа сорттарын, жануарлардың асыл тұқымын, микроорганизмдердің штаммаларын шығару. Оны адам өміріне қажетті заттар өндіру үшін биологиялық нысандар мен процестерге негізделген жаңа ғылымның және өндірістің сапасы деп қарауға болады. Ата-әжелеріміз ежелден микроорганизмдерді қымыз бен шұбат, айран ашытуға, құрт пен ірімшік жасауға, нан ашытуға, тері илеуге, т.б. қажетті заттарды дайындауға пайдаланған.

Қазіргі биотехнологияның мынандай бағыттары бар: микробиологиялық өндіріс, жасушалық инженерия және гендік инженерия. Биотехнологияда биохимия, микробиология, молекулалық биология, генетика ғылымының жетістіктері нәтижесінде өте бағалы белсенді заттар – гармондар, ферменттер, витаминдер, антибиотиктер, органикалық қышқылдар- сірке, лимон, сүт және кейбір дәрі-дәрмектер алынады. Қазір ең жоғарғы өнімді микроорганизмдер штаммаларының көмегімен 150-ден астам биологиялық заттардың түрлері синтезделді. Мысалы, адам және кейбір жануарлар организмінде синтезделмейтін амин қышқылы лизинді тек микроорганизмдер арқылы алады. Егер жануарлар организмінде лизин жетіспейтін болса, оның денесінің өсуі тоқтайды. Сондықтан лизинді жануарлардың жем-шөбіне қосып береді.

Биотехнологияның биологиялық әдістерін қоршаған ортаны ластаудан тазарту үшін қолданады. Ластанған суларды микроорганизмдердің көмегімен тазартады. Үлкен қалалардың, өндіріс орындардың шығарған зиянды қалдықтарын тазарту кейбір бактериялардың қатысуымен жүреді.

Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы ой

Ғаламтор – ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Интернетті қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат мен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Мазалап жүрген сауалдарының жауабын табады. Әлемдік жаналықтар мен оқиғалардан хабардар болып отыруға көмектеспек. Бұл жағынан интернет адамның білімі мен қабілетін, тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Ғаламторда шек жоқ. Алыста жүрген ата-анаңмен де, туған-туыстарыңмен де емін-еркін байланыс ұстайсың, сөйлесесіз, хабарласасың. Тіпті, адамдардың қолы жетпейтін жерге осы ғаламтордың қолы тиіп тұр. Көрісе алмаған адамыңмен ғаламтор арқылы байланыс орнатасың. Ғашығын да ғаламтордан тауып жатқандар қаншама.

Ғаламдық желі, сөзсіз, адамның білімін жетілдіруге көмектесетін құрал. Соның арқасында шет тілін үйреніп, түрлі курстар мен тренингтерге қатысуға болады. Одан бөлек, ғаламтор – нағыз табыс көзіне айналып отырған сала. Онымен табыс тауып отырғандар да аз емес.

Өкінішке орай, жоғарыда айтылған ғаламтордың артықшылықтарына қарамастан, оның зиян жақтары да көп болып шықты. Ғаламторға деген тәуелділік қазір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы күнделікті байланыс бұзылып барады. Адамдар бір-бірімен сөйлесуді, әңгімелесуді, сырын бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Жылы шырай танытып, шүлдірлеп сөйлесуден, жанды, табиғи қатынастан қалып барамыз.

Ғаламтордың келесі зиянды тұсы – адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкін.

Одан бөлек, қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар да көбейді. Олардан сақтанудың да қамын жасаған абзал.

Жалпы компьютердің алдына артық отырып алмай, ғаламторды ретімен пайдаланса, өзіне қажетті деген сайттар мен ресурстарға кіріп, керегін ала алса, онда ғаламтор түк те зияны жоқ. Тек тәуелді, масыл болып қалудан қашқан жөн [52].

Сырымбет

Күн шыға Сырымбетке жеткен жолаушылар Шыңғыс аулында бұрылуға дәті бармай, тау бауырында аттарын шалдырған. Күймелі арбадан қарғып түскен Ақжігіт алды-артына қарамай, Сырымбеттің биігіне өрмелей жүгіріп еді. Жолындағы қалың қарағайды сырғандай екі қолмен алма-кезек жасқап, жалғыз аяқ жолмен еңкеңдей басып жан ұшыраған талдырмаш баланың жалаңаш шоқыға шыға келгенде көзі жайнап сала берген.

Сырымбет – андағайлап алыстан көз тартар аса биік болмағанмен, етегінде жарқыраған көл, бауырында сылдырап аққан кәусар бұлақ, сыңсыған қалың жынысты әсем шоқы. Ең биігінен қарағанда Көкше даласының көп тұсы алақанға салғандай анық көрінеді. Екі өкпесін қысқандай еңсесін басқан қала

қапырығынан, аядай жерде аят оқып, күні-түні сарнап, күңіренген мешіт тірлігінен Ақжігіт жалаңаш төскейге шыға келгенде, бар азаптан құтылған қамаудағы адамдай тынысы кеңіп сала берді. Ентігін басқан білім алушы айна көлдерге, қалың орманға, алыстан мұнартқан көгілдір тауларға дейін тойымсыздана қарап, арқан бойы көтерілген жазғы күндей жүзі жайнап:

- Аһа-һей, а-һей! –деп қалай айғайлап жібергенін аңғармай қалды. Бар алап саңқылдаған бала даусымен жаңғырып, орман ішінде, көл бетінде, сыңсыған бүкіл құс атаулы дүрліге ұшқандай болды.

Кітап

Кітабымен жүрегіңді жылытқан жазушының бәрін де жақсы көресің. Бірақ солардың ішінде өз көңіліңе өте ұнап, өзгелерден ыстық болып танылғандары болады. Оны көрмесең де білетін, танымасаң да танитын сияқтысың. Айта берсе, ол сенің жақын адамың, тіпті туысың тәрізді болып тұрады. Алыстағы ағайынның анда-санда жазар сәлем хатын сағына күтетіндей. Жақсы көретін жазушының шығармасын аңсай тосасың. Оның не жазып жатқаны жөнінде газет бетінен екі-үш жол ғана хабар оқысаң, көңіліңе медеу болып қалады. Ал енді ол кітап дүкеніне келіп түскенде, сенің қуанышыңда шек болмайды. Баспахана бояуының исі аңқыған ол кітаптың сыртын үйіңе жеткенше әлденеше рет сипап та қоясың, тезірек отырып оқуға асығасың. Ал оны оқи отырып, жаның рахаттанады, жүрегің оттай лауланады. Өкпенді толтыра терең-терең тыныс алып, аса бір ләззатты ыстық күй кешесің. Сен ол кезде жазушының кім екенін ұмытасың. Сенің көз алдында сол кітаптағы оқиға ғана, соның кейіпкерлері ғана тұрады. Жақсы кейіпкер жаныңа қанат бітіріп, сені жақсылыққа, адалдыққа, әділдікке, адамгершілікке талпынтады. Сүйген асыңның бойға қан боп тарап, тіршілігіңе қуат берері тәрізді, сүйікті кітап кейіпкерлері де өмір бойы сенің жадында жүреді, жүрегіңе лүпіл, жаныңа жылу береді.

Ғаламтор желісінің мүмкіндіктері

Көптеген адамдар, әсіресе ғаламтор қолданушылары, ғаламтордың адамзаттың ең үлкен жетістігі екендігімен келісері анық. Ол, қалтқысыз ақпарат көзі болуымен қатар, адамдарға қажет біліммен сусындауға, қиюы келмес мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Әлемдік тордың жан-жақты, білімді, көзқарасымыз кең болып, көптеген қызықты дүниелерді үйренуімізге себі мол.

Оған қоса, ғаламтордың тағы бір артықшылығы – мемлекеттер мен құрлықтар арасындағы шекараны жойып, адамдарға араларындағы қашықтыққа қарамастан бір-бірімен араласуға, сөйлесуге мүмкіндік беруінде. Тіпті, әлемдік тор арқылы әлемнің екі бұрышындағы адамдар достасып, махаббатырын да тауып жатады.

Танымдық бағдарламаларды көру, жаңа ақпарат алу, білімімізді толықтыру, шетел тілдерін үйрену арқылы ғаламторда уақытымызды тиімді әрі пайдалы өткізе аламыз. Ей адамдар ғаламтор арқылы мамандық алып, жұмысқа орналасып жатады. Бұлардан бөлек, ғаламторды жолын білгендер табыс көзі

ретінде қолдана алады. Соңғы жылдарда дәл осы ғаламтормен байланысты түрлі мамандықтар пайда болған.

Әрине, ғаламтордың пайдасы мол екендігі даусыз. Алайда оның зияны да аз емес. Ғаламтордың зиян жайлы сөз болғанды ең бірінші қозғалатын тақырып – ғаламторға тәуелділік. Ал бұл аңыздан алынған термин емес.

Ғаламтор қолданушыларының 10%-ы ғаламторға тәуелді екендігі ғылыммен дәлелденген. Тіпті, олардың бірқатары ғаламторды үй, тағам, су іспетті өмірлік маңызды дүние деп есептейді. Оңтүстік Корея, Қытай, және Тайваньда ғаламторға тәуелділікті ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарастырады.

Десе де ғаламтордың зияны тек мұнымен шектелмейді. Компьютер мониторының алдында ұзақ уақыт отырудың өзі көзіміздің көруіне теріс ісер етсе, компьютер алдында дұрыс қалыпта отырмағанның салдарынан қимыл-тірек аппаратымызға зиян келеді.

Адам психикасына кері әсер ететін ақапараттарды да ғаламтордың зиянды жағына қоса аламыз. Ғаламтор арқылы алаяқтар жеке тұлға жайлы мәлімет алып, оны өз мақсатына қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдік тор арқылы компьютер жүйесіне зақым келтіріп, зиянын тигізетін вирустар тарайды [53].

Орталық азияның демографиялық ахуалы

Серік Қаржаубаев, сарапшы:

- Бүгінгі таңда Қазақстан мен жалпы Орталық Азия елдеріндегі халықтың өмір сүру деңгейі біршама жақсарып келеді. Әлеуметтік мәселелерді шешудің арқасында халықтың өмір сүру ұзақтығы артып отыр. Қарт адамдардың қатары 4,5 пайызға өскен. Бұның бәрі аймақтағы тұрғындардың көбеюіне оң әсерін тигізуде.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жүргізген зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша, аймақтағы орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші артқан.

Мәселен, Өзбекстанда ол – 73,8 жас, Тәжікстанда – 73,7, Қазақстанда бұл көрсеткіш – 72,4 жасқа жетсе, Қырғызстанда – 70,9 жасты құрап отыр, Ал Түркменстанның орташа өмір сүру ұзақтығы – 70,4 жас. Жалпы аймақтағы аға буын өкілдерінің үлесі 5 пайызға артқандығы байқалады. Бұл орайда ең жоғарғы өсім Қазақстанда болса, ең төменгі көрсеткіш Тәжікстан елінде тіркеліпті. Сондай-ақ отандық сарапшылардың мәлімдеуінше, бүгінде Орталық Азия елдеріндегі 14 жасқа дейінгі білім алушылардың саны 20,5 млн-нан асыпты. Бұл аймақтағы бар тұрғындар санының 29 пайызына тең. Осы тұрғыда Тәжікстан елі көш бастаса, Қырғызстандағы көрсеткіш баяулай түскен.

Егер де бұл өсім бүгінгі қарқынынан таймаса, 2018 жылы аймақтағы оқушылардың үлесі 30 пайызға жететін болады. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Демографтардың айтуынша, қазір өңірде туу көрсеткіштері өсіп, халықтың негізгі дені жастардың үлесінде. Осылайша, өткен ғасырдың 80 жылдарындағы қалыпты дамыған демографиялық көрсеткіштердің деңгейіне жеттік деп сеніммен айта аламын [54].

Қақтығыстарды шешу жолдары мен әдістері

Қақтығыстар орын алған жағдайда тараптар солардың көмегімен келісімге келетін келіссөздер мен шегініс жасау әдістері үлкен рөл ойнайды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттер орын алуы мүмкін қақтығыстарды күш қолданбай және бейбіт жолдармен шешуге келісім береді, ал халықаралық қоғамдастық бейбітшілік пен келісім кепілі ретінде әрекет етеді. Осы ретте, мемлекеттер қақтығыстарды шешуде негізінен бейбіт әдістерді басшылыққа алады, бірақ қазіргі күнде өз мақсаттарына террор мен күш көрсетумен қол жеткізуге ұмтылатын ұйымдар көптеп пайда бола бастады. Оларды ешқандай кінәлары жоқ бейбіт тұрғындардың өлімдері де тоқтата алмайды. Өкінішке орай, террорлық әрекеттер заманауи әлем елдері өмірлерінің шынайылығына айналды. Бір сөзбен айтқанда, экстремистік топтар заманауи әлем қауіпсіздігіне төніп тұрған басты қауіп-қатерлердің біріне айналды.

Қазіргі күндегі заманауи мемлекеттердің үкіметтері террористік қозғалыстардың таралуына жол бермеуге ұмтылады. Ол үшін саяси әдістер де, күштік құрылымдардың ынтымақтасуы да, заңнамалық шаралар да кеңінен пайдаланылады. Жекелеген мемлекет басшылары террорлық әрекеттердің алдын алу мақсатында ауқымды қаржылар бөлуде [55].

(144 сөз)

10-сыныптарға арналған мәтіндер

Оқу мақсаты: 10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;

Сабақтың мақсаты:

- білім алушылар мәтін үзінділері мен суреттерді байланыстыра отырып, тақырыпқа болжам жасай біледі;
- ақпаратқа сүйене отырып пікірін білдіруге және ой қорыта білуге үйренеді.

1-тапсырма. Суреттерге назар аударыңыз. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыпқа болжам жасап көріңіз.



«Аталы жұртымыздың, ұлтымыздың ардақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенше істеп кетелік».

А.Байтұрсынов

«Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді»

А.Байтұрсынов

1. Ұсынылған дәйексөз мен суреттер сіз үшін қандай ақпарат береді?
2. Неліктен газеттің қоғам, халық үшін маңыздылығына ерекше назар аударылған деп ойлайсыздар?
3. Тіл мәселесін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы шеше аламыз ба?

Дескриптор:

- үзінділер мен суреттерді салыстыра алады -2 балл;
- тақырып бойынша болжам жасай алады -2 балл;

2-тапсырма.

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту. Сөз мәдениеті қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталау беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру сөз мәдениетіне жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану Сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөз мәдениеті сөйлеу әдеби деген ұғыммен ұштасып жатыр.

Сөз мәдениеті – адам мен қоғамның рухани мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігінің бірі. Себебі әрбір адам (әсіресе білімді) дұрыс және әдемі сөйлей білуі қажет. Атақты сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білу де өнер. Тілін білмеген – түбін білмейді», - деп бекер айтпаған.

«Сөз мәдениеті» тіркесі қазіргі лингвистикада екі мағынада қолданылады:

Сөз мәдениеті – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Кейбір зерттеушілер тілдің көріктеу құралдарын, яғни стилистикалық заңдылықтарды дұрыс пайдалануды сөз

мәдениетінің объектісі деп таниды.

Сөз мәдениеті – тілді нормалау мәселелерін жетілдіру мақсатында зерттейтін тіл білімінің саласы.

1-тапсырма. Мәтін бойынша сөз мәдениетіне қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

2-тапсырма. Сөйлеу тілін дамытуға көмектесетін бес ұсыныс жазыңыз.

Біріншіден, _____

Екіншіден, _____

Үшіншіден, _____

Төртіншіден, _____

Бесіншіден, _____

Дескриптор:

– мәтіннен сөз мәдениетіне қойылатын талаптарды іріктей алады – 1 балл;

– өзінің сөйлеу тіліндегі кемшілікті анықтай алады – 1 балл;

3-тапсырма. «Жас журналист» айдары бойынша топтық жұмыс. Берілген мәтінді пайдалана отырып, өз біліміңе сүйеніп мәтінді жалғастырыңыз.

Дәйексөз: «Тіл – адамзаттың ең үлкен жетістігі. Бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін ғана емес, бойларына сіңірген өз тілдері арқылы тарихын, мәдениетін тануға ұмтылады»

1-топ.

Ахмет Байтұрсынұлы:

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт білім алушысын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, білім алушылар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз...»

2-топ.

Ғұмар Қараш:

«Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып,

жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады.

Жалпы өнер білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім өнерді таратуға мүмкін емес.

Тіл – ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады...»

3-топ.

Халел Досмұхамедұлы:

Мәдениетіміздің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.

Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі қор қате. Бұл оқығандардың һәм балалардың есінен шықпауы керек...

1. Мәтінде қандай мәселелер қарастырылған деп ойлайсың?

Кем дегенде 3 мысал келтіріңіз.

2. Автордың ойын нақтылайтын аргументтерді табыңыз.

3. Сіздің ойыңызша, автор қандай мақсат қойды деп ойлайсыз?

4. Автордың ойымен келісесіздер ме? Дәлел келтіріңіз.

Дескриптор:

– мәтінде көтерілген мәселелерді анықтай алады – 2 балл;

– мәтінді жалғастыра алады – 2 балл;

– автор ойын анықтап, дәлел келтіре алады – 2 балл;

Қалыптастырушы бағалау:

«Екі жұлдыз, бір тілек»

Тесланың түйсігі

Никола Тесла 1856 жылдың 10 шілдесінде Австро-Венгрия, қазіргі Хорватияның Смилян қаласында дүниеге келген. Ол данышпан физик, инженер, электротехника және радиотехника саласында еңбек еткен өнертапқыш. Ұлты – серб.

Тесла дүние есігін қатты найзағай болған түні ашқан. Отбасылық наным-сенімге байланысты босандырып алған кіндік шешесі найзағайды жамандыққа болжаған. Ол шақалақ «қара түнектің баласы» болатынын айтады, бірақ туған

анасы оған қарсы шығып: «Жоқ, ол күн сәулесінің баламасы болады», - деген екен.


Өткен ғасырдың 30-жылдары АҚШ-тың «Ntw York Times» пен «Time magazine» сынды белгілі басылымдарының тілшілері әлемдік деңгейдегі ғалым Никола Тесланың үйінде жиі қонақта болып тұрған. Ол кезде Манхэттендегі «Governor Clinton» қонақ үйінің 20-қабатында тұратын атақты ғалым журналистерге өз жұмысын қалай бастағаны, өнертапқыштық жолға қалай түскені туралы қызықты әңгімелерін айтып береді екен. Тілшілерді әсіресе Тесланың ХХІ ғасыр туралы ойлары қатты қызықтырады.

Тесланың «Ең қызықты, адамдар қалтаға салып жүруге болатын шағын құрылғылар арқылы байланысады. Аспанда ұшақтар адамның басқаруынсыз, яғни ұшқышсыз ұшады. Олар жерден радиотолқындар арқылы басқарылады деген пікір де сол кезде ақылға қонымсыз саналғаны анық.

Тіпті Тесланың ақыл-есі дұрыс емес, фантаст, қияли адам деп санағандар да табылған екен. Алайда, бұл ХХІ ғасырдың адамы үшін үйреншікті жайт, өйткені автомобильді телефондар пайда болған 20 жылға жуық уақыт ішінде өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді. Ал алғашында электр энергиясының өзін сиқыр деп қабылдаған. ХХ ғасыр адамдарын адам баласын ұялы телефон арқылы мұхиттың арғы бетіндегі адаммен еш қиындықсыз сөйлесе алады дегенге сендірудің қандай қиын болғанын өзіңіз елестетіп көріңіз.

«Бүкіл әлем үлкен миға айналады. Адамдар бір-бірімен арақашықтыққа қарамастан, лезде хабарласа алатын болады.» деген ойлар бүгінгі ғаламтор туралы екенін ғалымның өзі білді ме екен?!

1-тапсырма. Мәтінді оқып, төмендегі сандарға байланысты қандай ақпараттар берілгендігін анықтаңыз.



Дескриптор:

– Мәтіннен берілген сандарға байланысты ақпараттарды таба алады – 2 балл;

2-тапсырма.

– Мәтіндегі негізгі ойды және жазылу мақсатын табыңыз.

Жазылу
мақсаты

Three empty blue rounded rectangular boxes stacked vertically, intended for the student to write the main idea and purpose of the text.

Дескриптор:

мәтіндегі негізгі ойды және жазылу мақсатын анықтай алады – 2 балл;

3-тапсырма.

Мына суреттерге қатысты мәтіннен мысалдар келтіріп, ғаламдық мәселермен байланыстырыңыз.



Дескриптор:

– Мәтіннен мысалдар келтіріп, ғаламдық мәселермен байланыстыра алады – 2 балл

Көркем мәтін бойынша тапсырмалар:

Менің өнерлі жеңгем
(әңгіме)

Бибіжамал біздің үйге пенде боп жарытпады. Шешем өлген соң, аз уақыттан кейін, ол Смағұл тәтем екеуі ажырасып кетті. Біздің үй енді кіл еркек тұратын үйге айналды.

Кіл еркек тұратын үйде ешқандай да береке тұрмайды екен. Түтін уақтылы түтемейді, кір жуылмайды, жыртығымыз жамалмайды... Әкем мен ағаларымның біреуісі тезірек үйленбесе, болмайтын болды.

Бұл жолғы кезек Сатылғандікі. Колхозда есепші болып істейтін мырзалауымыз. Солқылдаған жас жігіт, бұрын бұл тәрізді бұғалыққа басы ілініп көрмеген.

Бір күні аяқ астынан үйленді Сатылған. Нарынқол жақтан түнделетіп бір әйелді алып қашып келді. Аты Әлиман. Күйеуі қайтыс болған келіншек екен. Ерінің туыстары әмеңгерлік жолмен қайнағаларының біріне қоспақ болған. Әлиман оған көнбеген. Өзінен де гөрі жастау, көрікті жігіт Сатылғанмен қол ұстасып, тартып отырған.

Әлиман ақылды да мінезді, биязы жан еді. Жүріс-тұрысы өте сабырлы. Шешек шығып, шұбарлау болып қалған ақшыл өңі сұлу болмағанмен, біртүрлі мейірбан, сүйкімді.

Қашып кеткен әйелдің соңынан бақан алып қуатын баяғы заман жоқ. Әркім сүйгеніне барады. Қостөбеге аман-есен жеткен соң, Әлиман біздікі болып қала берді.

Жоқты бар етіп, ұқсата білетін алтын саусақ әйелдер болады ғой, Әлиман соның нақ өзі еді. Ас жоқта, түтін түтетіп, ас пісіреді. Киім жоқта, бұрын іске аспай жатқан бірдеңелерді жаңартып, киім жасап береді. Ол келді де, біздің үйде бұрын болмаған береке, тазалық орнады. Оның өзімен бірге ала келген біраз төсек-орны, дүние-мүлкі бар еді. Солар біздің жаман үйді мүлдем басқаша етіп жайнатып жіберді. Даладан кіріп келгенде, мен талайға дейін, басқа бір үйге кіріп келгендей әсер алып жүрдім. Бұрынғы ыбырсыған көңілсіздіктің қарасы өшкен.

Үй іші тап-таза болып жатқан соң, әкем екеш әкем де сырттан аяғын тарп-тарп басып кіре бермейтін болды енді. Етігін тазалап, сүртіп кіреді. Төрге қорыншақтап, әзер шыққандай болады. Кешке қарай ұлтарақ-шұлғауларын бұрынғыша пештің жан-жағына қоңырсытып жайып тастамайды.

Бұрын жоқ жез самауыр, азын-аулақ бүтін шыны-шәйнек пайда болған біздің үйде. Таза дастарқан пайда болған. Бұлар да жеңгем алып келген мүліктер.

Жеңгемнің бипаз қолы тамақты да дәмді етіп істеуші еді. Ол қуырған арпа-бидай еш уақытта жалындамайды, бадырап әдемі қуырылады. Ол тартқан талқан ұндай майда әрі аппақ. Ол пісірген нан алмадай қып-қызыл. Сіз Әлиман жеңгемнің қолына бір уыс ұн, бір борша ет қана әкеп беріп қараңызшы. Ол одан не істер екен? Бір үйдің іші лықа тоятын, дәмі ауыздан кетпейтін ши кеспе істеп береді.

Жеңгем аз сөйлейтін, дауыс көтеруді білмейтін. Ақылға да, мінезге де бай адам еді. Киімді таза киінеді. Басындағы жаулығы, қанша көрсеніздер де, шаңқандай аппақ. Көйлекті мол етіп әрі ұзын киеді, үлкен көрсе, алдынан қия басып өтпей, иіліп сәлем етіп тұрады.

Әлиман маған өз шешемдей қалтқысыз мейірбан еді. Бір үйге қыдырып барса, жетектеп ертіп алады. Дастарқанға қолым еркін жететін жерге, өзінің қасына отырғызады.

О, сіз жеңгемнің киім жамағанын көрсеніз! Жыртық киім оның қолынан өткенде, бүтін киім болып шығады. Қайдан тапса да, киімнің өз түсіне үйлесімді жамау табады. Ол жамаған жамау киімге біртүрлі сән беретін еді.

Кәдімгі ақ киізді сырып, ол маған әрі жеңіл, әрі жылы тамаша пима істеп бергені есімде. Аяқта бар-жоғы білінбейді, жұп-жұмсақ. Киіп қалсаң, өз-өзіңнен жүгіргің келіп тұрады.

Тап-тұйнақтай, әдепті келіннен именіп, әкем енді таңертеңгі шайға ауы мен бауы салбыраған дабы дамбалмен келіп отыруды және қойды.

Қайран ғана Әлиман жеңгем!

Қайран демей қайтейін, біздің сорлы боп жаралған маңдайымызға ол да сыймады...

Әлиман жеңгем Сатылғаннан үш-төрт жас үлкен еді. Әрі бұрын күйеуде болған адам ғой. Біздің үйдің ел санатына қосылуын көре алмаған іші тар ағайынға енді бірінен бірі қағып әкетуге жарайтын өсектің тозбас добы табылады. «Сатылған жігіт болмай, жидіп қалсын! Осы елде қыз құрып қалғандай, байы өлген қатынды алғаны несі? Өз теңі табылмағандай, сарқарын

қатынды алып, не басына күн туды? Шеше ете ме?», «Е, Әлиманның көрпе-жастық дүниесіне қызыққаны да...» — Ағатайымды ағаш атқа мінгізген осы тәрізді шақпа әңгімелер Қостөбеде ысқаяқ желдей есе бастайды. Ағайым қайда барса да, құйын боп алдын орап, жүргізбеуге айналады. Он екіде бір гүлі жана ашылған жас жігіт бұған, әрине, намыстанады.

Сатылғанның Әлиманға деген жылы қатынасы өзгере бастайды [60].

Б.Соқпақбаев (613 сөз)

Менің салақ жеңгем (әңгіме)

Мен біреуіне біреуі ұқсамайтын неше түрлі жеңгелерді бастан кештім.

Шешемнің науқасы күннен күнге асқына берді. Ары қарамаса, бері қарамайтын болды. Басын да жөндеп көтере алмайды. Тамақты тәтем жасайды, ыдыс-аяқты тәтем жуады. Тіпті арпаға дейін Смағұл тәтем қуырады. Қуырылған арпаны мен келі сұрап әкеліп, кеузеймін. Келі түюге әбден-ақ жаттығып алғам. Алақанымды түкіріктеп, құлашымды кең жазып соққанда, келінің түбін түсіре жаздаймын.

Кеузелген дәнді тәтем ұшырады.

Талқанды қол диірменмен тартамыз. Бұл азап жұмыс. Ап-ауыр шомбал тасты айналдыруға менің шамам әрең келеді. Жіңішке білектерім салдырап талып кетеді.

Тартылған талқанды елеп, майдасын бір бөлек, сағын бір бөлек аламыз. Сатылған мен Ыдырыс даяр тамақты жегенді ғана біледі. Біреуі үй тіршілігіне намыс көріп, мырзалықпен жоламаса, екіншісі аюдай ебедейсіз болғандықтан жоламайды.

Үйде әйел қолы болмай, береке болмайтыны қатты білінді. Ол үшін ағаларымның бірі үйленуі керек. Кезек, әрине, жасы үлкен Смағұлдікі.

Қайдан қалай тауып әкелгені есімде жоқ, тәтем бір күні қалбиған бір қара әйел алып келді. Шектен шыққан олақ та, салақ та жан екені көрініп тұр. Шаш дегенің таралмай, дудырап, орамалдың жан-жағынан шығып кеткен, бөрнедей аяқ-қолы қап-қара. Беті балшықтан жасағандай быттиған май бет. Үстіндегі киімдері әрі лас, әрі тозып біткен. Қап-қара күс шынтағы көйлектің жыртық жеңінен көрініп жүреді.

Түр-түсі осындай бола тұрып, әйелдің аты тамаша-ақ еді — Бибіжамал. Соңынан ере келген, өзіне аумай тартқан бес-алты жасар қызы бар. Оның да аты осал емес — Айгүлсім.

Бибіжамалдың бір қолы үй тіршілігін істеп жүрсе, екінші қолы шашының арасына, киімінің тігіс-тігісіне кіріп алып, шағып маза таптармайтын арамза ұсақ мақұлықтармен үнемі күресуде болушы еді. Азандағы тамақты сапырып немесе отты сырып жатып, мықынын қасып-қасып алады. Екі шаруа, екі қанағат бірден орындалып жатады...

Қазан-ошақ күйесінің жарым-жарты бөлегі әменде Бибіжамалдың қолына, бетіне жабысып жүреді. Қазанның күйесіне былғап алған қолымен ол құлағын қасиды, содан қарала құлақ болып шыға келеді.

Қолы бос кезде Бибіжамалдың жаны сүйетін бір ісі болушы еді. Ол — үй сыртындағы күнеске астына тулақ төсеп, теңкиіп жатып алып, қызының тізесіне басын қойып, шашының битін қарату. Айгүлсім бұл істің шебері болуы керек. Тырнағы найзадай болып өсіп кеткен, саусақтарымен шаштың арасын бір-бірлеп ашып, қанішер мақұлықтарды быртылдатып аяусыз қыратын.

Ақыл-ой жағынан да жеңгем өзінің түр-түсінен оншалық алыс кете қоймаған.

Бір күні Қостөбеге Өмірбек дейтін бір милиционер келеді. Бибіжамалға кезігіп:

— Жеңге, сіздің ауылда жақсылап пима баса алатын әйел бар ма? — деп сұрайды.

— Бар. Мына мен басамын, — дейді жеңгем.

— «Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан кездеседі» деген осы екен ғой. Онда маған бір пима басып берсеңіз, қалай болады? Еңбегіңіз ақталады, — дейді Өмірбек.

— Өзің бір сылқым жігіт көрінесің, қайным. Бассам, басып берейін.

Ертесінде Өмірбек біздікіне орта қап жүн және алдын ала жеңгемнің көңілін аулап біраз шай-шамалақ әкеп тастайды.

Уәделі күн болады. Өмірбек даяр пималарын алуға келеді. Бибіжамал: «Басып бола алмай жатырмын, үш-төрт күннен кейін кел», — деп қайырып жібереді.

Тағы келсе, тағы басып болмаған.

Бұл екі арада, обалы нешік, жеңгем біздің үйді пима басатын заводқа толық айналдырып бітіп еді. Күндіз-түні қазанда бұрқылдап қайнаған су, үйдің іші толы бу. Бірімізді біріміз көре алмаймыз. Осы бір шуаш сасыған соқыр тұманның ішінде жеңгем бірдеңені оқтаумен былш-былш ұрады да жатады. Жақын барып қарасаң, онысы көлемі жаялықтай киіз болып шығады. Енді бір кезде әлгі киіз байпаққа, одан киіз етікке ұқсағандай болады.

Пиманың ұзын саны екеу болмай, көбейіп барады.

Өмірбек үшінші рет келеді.

— Жеңге, дайын болады ма?

— Дайын...

Өмірбек үйге кіреді. Бибіжамал оның алдына біреуіне біреуі ұқсамайтын екі пиманы тастай береді:

— Мә, қайным, киіп көр.

Қайнысының көзі баданадай болады:

— Ойбай-ау, жеңге, мыналарыңыз пима ма, не зат? Екеуі екі басқа ғой?

— Ендеше, мынаны киіп көр. Осылардың ішінен өзіңе ұнағандарын таңдап ал, — дейді де, жеңгем сылқым жігіттің алдына төсектің астынан топырлатып және бірнеше пима алып тастайды. Бірінен бірі үлкен, қиқы-жиқы ұсқынсыз бірдеңелер.

Өмірбек жер қапқанын бір-ақ біледі.

Ұялып, қызаратын Бибіжамал емес, сәмпылдап айтып отыр:

— Бір кезде пиманы тәуір-ақ басатын секілді едім. Не қара басқанын, қара басып, сенің пималарыңды ұқсата алмай қойдым, қайным. Табыскер жігітсің ғой, және біреуге бастырып аларсың, қапа болма оған. Ал мына пималарымды алам десең, ал. Ұнағанын өзің киерсің, ұнамағанын, әйел, бала-шағаларың бар шығар, солар киер...

— Саған пима басып береді деп сеніп жүрген мен де ақымақ екенмін! — дейді де, Өмірбек жерде үйіліп жатқан пималарды төрге қарай бар пәрменімен шаша бір теуіп, үйден шығып кетеді.

Жеңгем енді быркылдап ұрсып, Өмірбекті соңынан тілдеп жүр:

— Өй, қараң қалғыр, о несі! Жарты қап жүнім шығын болды деп өле ме! Алмасаң, адырам қап! Өзім киіп алам. Қызым киеді. Соншама еңбектеніп, мен енді бұларды лақтырып тастар деймісің!

Бұзаубас қиқы-жиқы ұсқынсыз пималардың екеуін, шынында да, жеңгем өзі, екеуін қызы киіп алды. Сөйтіп, қыстан аяқтары көпіріп, тоңбай шықты [59].

Б.Соқпақбаев (718 сөз)

Оқу мақсаты:

10.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу

Сабақ мақсаты:

мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазады

1. Тапсырма

Екі мәтінді оқи отырып, салыстырмалы кестені толтыр

Шығарма атауы	Шығарма бойынша іс-әрекеті	Шығармадан үзінді	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары
«Менің өнерлі жеңгем»	Өмірге көзқарасы, танымы			
	Моральдік нормалары: әділдігі, адалдығы, еңбексүйгіштігі			
	Тәрбие компоненттері: Амандасу, киім кию, сөйлеу, қарым-қатынас жасау мәдениеті			


«Менің салақ жеңгем»	Өмірге көзқарасы, танымы			
	Моральдік нормалары: әділдігі, адалдығы, еңбексүйгіштігі			
	Тәрбие компоненттері: Амандасу, киім кию, сөйлеу, қарым-қатынас жасау мәдениеті			

2-тапсырма

Екі шығармадағы басты кейіпкерлердің мінез-құлық, әрекет ету, жағымды немесе жағымсыз болып көрінген эпизодтарын салыстыра келе, олардың этикалық өсу-кему динамикасын (диаграмма арқылы) жаса.

Үлгі:

Мәселен, «Абай жолы» романында басты кейіпкер Абайдың балалық шағынан бастап, жасамыс кезеңіне дейін ақылы, ойы, еңбекке қабілетті дағдылары өсіп отырды. Медресе аяқтаған бала Абай мен дана Абайдың арасында айтарлықтай өсу мен даму бар. Бұл тұтас шығармада анық көрінеді.



3-кесте

Дескриптор:

Бағалау критерилері	Балл (жалпы – 6 балл)
мәтін құрылымын біледі	
эртүрлі графикалық мәтіндегі деректерді салыстырады	

маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазады	
--	--

11-СЫНЫП

Оқу мақсаты: 11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;


11.4.1.1 - мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Сабақтың мақсаты:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтай біледі;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.



Мәтін алды жұмыс «Галерияға шарлау» әдісі арқылы тақырыпты болжаңыздар.



21-сурет

1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. «Сканерлеп оқу» әдісі.



Оқылым. 1 -топ

Дәйексөз: Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.

1 -топ

I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт

Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат білім алушысы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-

ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

1. Атқа міну мәдениеті

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі.

Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді.

Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді.

Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына бейімделген мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті.

2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия

Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады.

Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді.

3. Аң стилі

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды.

Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі» өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына айналып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.

Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес.

4. Алтын адам

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам».

Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған.

Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді күдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыз зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі.

2 -топ

5. Түркі әлемінің бесігі

Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды.

Орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.

6. Ұлы Жібек жолы

Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды.

Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының

басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

3 -топ

II. Тарихи сананы жаңғырту

Дәйексөз: Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.

1. Архив – 2025

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр.

Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан **тарихи-археологиялық қозғалыстар** құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады.

2. Ұлы даланың ұлы есімдері

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларымыздың есімдерін мақтан тұтады.

Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Өз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «**Ұлы даланың ұлы есімдері**» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.

3. Түркі әлемінің генезисі

Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты.

Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады.

4. Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі

«Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарак, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді.

Осының негізінде білімді дәріптеуге және туризмді дамытуға баса мән берілуі қажет [57].

5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы

Бұл жоба аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

Сонымен қатар қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет.

Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жоба білім алуды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды.

Көнерген сөздер мен мәтіндерді суреттерімен қоса беруге, айқын видеоматериалдар формасында ұсынуға болады. Музыкалық дыбыстар мен әуендер табиғи аспаптармен ғана емес, олардың заманауи электронды нұсқалары арқылы да шығарылады.

6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі

Қазіргі замандағы халықтардың тарихи таным-түйсігінде кино өнері ерекше орын алады. Жалпы халықтың санасында фильмдердегі жарқын кинообраздар іргелі ғылыми монографиялардағы деректі портреттерден гөрі маңыздырақ рөл атқарады.

Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет ететін өскелең ұрпақтың да талғамына ерекше назар аудару керек.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін.

2-тапсырма мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;



22-сурет

1-тапсырма. Топпен жұмыс

1. мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды.
2. тиісті ақпаратты анықтай біледі.

Дескриптор

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды – **3 балл**
- тиісті ақпаратты анықтай біледі – **2 балл**

2-тапсырма. Жеке жұмыс.

Дескриптор

- өз ойларыңды ортаға салыңыздар – **3 балл**
- өз позициясыңызды талқылаңыз – **2 балл**

Оқу мақсаты:

11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;

11.4.5.1 - мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

Сабақтың мақсаты:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтай алады,
- мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана алады.

деген еңбек жазып қалдырды. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда И.Д.Бухгольцтың, С.Лихаревтың, И.Унковскийдің және басқа ғалымдардың экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар Ертіс өзенінің алабын Зайсан көліне дейін, Тарбағатай тауының және Жетісу Алатауының сілемдерін зерттеді. А.Бекович-Черкасскийдің ғылыми экспедициясы Арал теңізін және Каспий теңізінің аумағын картаға түсірді, сондай-ақ, қазақ халқы туралы кейбір этнограф мәліметтер жинады. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін (1731), оны ғылыми тұрғыда зерттеу ісі неғұрлым кең түрде және жедел қарқынмен қолға алынды. 1725 жылы құрылған Ресей ғылым академиясы Қазақстан өлкесін географиялық, геологиялық және этнографиялық тұрғыда зерттеу үшін 1733 жылдың өзінде-ақ экспедиция ұйымдастырды. 1733 жылдан 1771 жылға дейін Баты Қазақстанға академияның көптеген экспедициясы келіп қайтты, бұл экспедицияларды С.П. Крашенинников (1711-1755), И.Г.Гмелин (1709-1755), И.И.Лепехин, П.С.Паллас, И.П.Фальк, П.И.Рычковтар басқарды.

Орынбор тұрақты экспедициясы құрылды, оған И.К.Кирилов, П.И. Рычков, В.Н.Татищев (1686-1750) сияқты белгілі орыс ғалымдары жетекшілік жасады.

1. Мәтін қай стильде жазылған?

А. ауызекі сөйлеу стилінде

В. көркем әдебиет стилінде

С. ғылыми стильде

Д. ресми іс-қағаздар стилінде

2. Мәтіннің стилін қандай тілдік ерекшеліктер арқылы дәлелдейсіз?

3. Мәтіннің құрылымы қандай? Талдап жазыңыз.

4. Мәтін қалай рәсімделген? Дәлелдеңіз.

5. Мәтіннің жанрын анықтаңыз және мәтіннен дәлел келтіре отырып, 3-4 сөйлеммен жазыңыз.

Дескриптор

– мазмұны бойынша өз болжамын айтады;

– мәтін тыңдау барысында өз болжамын салыстырады;

– қазақ әліпбиіне қатысты өз көзқарасын жеткізеді;

– сұрақтарға жауап береді;

– сыни тұрғыдан өз ойларын тұжырымдап, баға береді.

ҚБ «Өзара бағалау»

2-тапсырма. Жұптық жұмыс

Берілген мақалдар мен нақыл сөздерді оқып, мағынасын айт. Олардың қайсысы мазмұны жағынан бір-бірімен үндеседі? Ойыңды дәлелде. Тыныс белгісінің қойылу себебін түсіндір.

1. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

2. Жақсы сөз – жарыс ырыс.

3. Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.
4. Жанды жаралайтын да сөз, емдейтін де сөз.
5. Шешеннің тілі ортақ, шебердің бізі ортақ.
6. Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар.
7. Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың.

Дескриптор:

- берілген мақалдар мен нақыл сөздерді оқиды;
- мағынасын таратып айтады.
- олардың қайсысы мазмұны жағынан бір-бірімен үндесетінін өз ойымен дәлелдейді.

ҚБ «Бір ұсыныс, бір тілек»

3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі

«Тіл» сөзіне қатысты қатысты мынандай сұрақтарға жауап беріңіздер:

1. Қайда? Сіз «тіл», «мәдениет», «тарих» атауларына қатысты сөздерді бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңдер?
2. Қалай? Тіл қалай тарих және мәдениет көрсеткіші болып табылады? Мысал келтіріңіздер.
3. Қандай? Тілдің жойылуы немесе өркендеуі қандай себептерге байланысты?

Дескриптор:

- «Тіл» сөзіне қатысты қатысты сұрақтарға жауап береді.
- Тіл тарих және мәдениет көрсеткіші екені туралы айтады;
- Тілдің жойылуы немесе өркендеуінің себептеріне байланысты пікірін білдіреді.

ҚБ «Өзін-өзі бағалау»

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.

Мен сабақта қиналдым, себебі

Маған сабақта ұнады, себебі

Маған.....оңай болды, себебі

Мен бүгін..... әсерде болдым, себебі

«***Аяқталмаған сөйлем***» әдісі арқылы нені білгенін, маңызды ақпарат не болғанын және қиын тудырған тапсырманы паракқа жазып береді.

Шырғалаң

(Әңгіме)

Ақпан-тоқпан да аяқталды. Сақылдаған сары аяздың беті қайтты. Өйткенмен, ызғар әлі сіресіп тұр.

Қасат қарды сықыр-сықыр, ғырт-ғырт басып, автобус аялдамасына қарай асыққан Рүстем бір мезет жалт етіп көк жүзіне көз тіккен.

Аспан «қабағы» да жазыла қоймапты. Түйдек-түйдегімен созыла жайылған желең бұлт еңсе басатындай. Бұл да өзінің сәл жабырқау күйінің Астананың дәл қазіргі ауа райына сәйкесетінін аңдап, еріксіз жымияды.

Мұның да көңіл түкпірінде шеті сетінемеген бір сең бар... Жан сыздатар ауыр мұң бар...

Астананың да алапат суығы сынғанымен, бөрісырғақ борандардың демі әлі сезілетіндей болады. Сол ұйытқыған түтек қайта айналып соқпайды деуге келмес. «Қардың басын қар алар» дегендей, тентек бұрқасынның, кемі, тағы бір екілене жүйткітіп өтетіні анық. Осыны ойлағанда бұрыла қайырылып, Елорданың көз ұшындағы ірге тұсына күдіктене қарады. Өзі, сонда өліара шаққа жеттік пе, жетпедік пе...

Ығы-жығы, қарбалас қалада ерсілі-қарсылы ызғытқан автомобиль нөпірінің мотор гуілі, азынаған сингал құлақ тұндырады.

Осы көліктер қайда асығады екен? Жаяу жүргіншілер де ылғи безек қағып, қай жақтарға қарай жанығады?..

Анда-санда осындай түйткіл де қылаң беріп қалатыны жоқ емес.

Әлбетте, түсінікті ғой, ұшқыр заманның талабы солай, алып шаһарда діттеген межеңе уақытылы жетіп, тиісті үлесінді қармап үлгермесең аузың аңқиып, бармақ шайнап қала бересің. Дегенмен, ол ниет те өз алдына; кейде бұлардың қимылы жанұшырып, алқымнан алған қиындықтан безе қашудың көрінісі сияқтанады. Қызық. Бірақ алдыңнан бәрібір орағытып қайта шыға келетін ауыртпалықтан қайтіп құтыларсың?

Кейде осынау әрекет жөңкіле жосып, үдере көшкен мың-сан киіктің кескінін көз алдына әкеледі. Ара-арасында қатты асығу, жүру ережесін бұзу салдарынан бір-біріне соғылып, бүйірі майысқан, бампері жапырылған машиналарды көргенде екпіндете жортып жүріп, жол торыған түз тағысына сауырын алдырған тұлпарлар елестейтіні бар. Егер бір сәт биіктен қараса, жалпы қозғалыс құжынаған құмырсқа илеуіне ұқсар ма еді...

Арагідік осынау қозғалыс толқыны арасынан бүрсеңдеп, бұлкектей салып бара жатқан бір-екі итті көріп қалды. Олардыкі де қу тамақтың қамы. Түрлері жүдеу. Алба-жұлба. Шіркін, тірлік... Қайтерсің енді...

Иә, айнала ию-қию. Жағалай жанталасқан жұрт, негізінен, Астананың сол жағалауындағы су жаңа әкімшілік ғимараттарына асыққан қызметкерлер болып шығады.

Күндегі көрініс осы. Сонау жыпырлаған көп «құмырсқаның» бірі – өзі. Таңертең ояңған бойда сабаққа баратын жас ұлдарымен жағаласып, беті-қолын асығыс жуады. Бір тілім нанға май жағып жеп, бір шынаяқ шәй ішкен болады. Жатар алдында әйелі үтіктеп қойған костюм-шалбарын үстіне іліп, ырсылдап, аяқ-киімін киеді. Осыдан кейін тоны мен құлақшынына қол созады. Одан тоңазытқыштан шағын пластмасса қалбырға салынған түскі азығын алып, сыртқа беттейді. (Қалбырда, әдетте, екі-үш кесек ет, бірер жапырақ нан, жуа, көкөніс жатады. Бұл – асқа ақша үнемдеген түрі-тін. Бір бөлімнің бастығы болса да, осынысына арланып көрмепті).

Бүгін де автобуска ертерек ілігіп, жұмыс орныма кешікпей жетейін деп адымдап келе жатқан беті еді.

Кенет тіліне «Белка в колесе» деген тіркес оралды. Өзінің күнделікті тірлік «ырғағын» ойлағандықтан шығар. Осыны қазақша не деуге болар еді? «Шығыршықта шыр айналған тиін» дей ме... Әй, онша дәл емес-ау. Әйтеуір, мұныкі де жандалбаса жүгіріс қой...

Астананың жұмысбасты қауымы таңғы жаттығудағы жауынгерлердей тас кеңселеріне қарай өршелене ұмтылады. Әсіресе, сағат тілі тоғызға тақаған сәтте елдің бір-бірін қағып-соғуы жиілейді. Өйткені, қызмет орындарына кешіксе, айлықтары қысқарады, тоқсан сайын қолға тиетін сыйақыдан қағылады. Өзара қақтығыс кіреберістегі бақылау-өткізу пунктіндегі тар қуысқа кептелген кезде тіптен күшеймекші.

Мектепте жас әдебиетшілер үйірмесіне қатысқаны бар. Жетекші ағайлары шығарма жазғызса, екі сөзінің бірінде көзі ежірейіп: «Конфликт керек, конфликт» деп қақсаушы еді. Соны алыстан іздеудің керегі жоқ екен. Айналаның бәрі аяқ бассаң-ақ қызу тартыс, қым-қуыт қайшылық...

Қабақтары қатулы, жүздері салқын сақшылар да әрбір адамды, жау тұтқындағандай, бастан-аяқ тінтіп, ұзақ әурелейді. Кейде осы әрекет намысын келтіретін. Баяғы бала кезде ауылдағылардың топырлатып қуықтай есіктен шығарып, қой санайтын кезін ойлайды. Бұл да тура сондай сурет.

Әлдебір басқарма, шағын бөлімдердің қатардағы мамандары мынандай «қорлыққа» үнсіз төзіп, білектегі сағаттарына әлсін-әлсін қарап, ауыр күрсініп, бас шайқап, тықыршып тұрады. Ал аздаған мансабы, кішігірім билігі бар Рүстем секілділер тез ширығып, ашу шақырады.

– Әй, бауырым, күнде осынша тексеруге неге құмарсың? Тездетсеңші! Қалатын болдық жұмыстан, – деп түтігеді.

Бірақ полиция қызметкері де өз міндетін лайықты атқаруы керек. Белгіленген тәртіп солай.

– Кәне, бір қадам артқа шегініңіз! Қалтаңыздағы заттарды жәшікке салыңыз. Бері қараңыз. Айналыңыз, – деп қол детекторын сумандатып, жұмысын жалғастыра береді.

Рүстем енді сыртында қозғалақтасып, кезек күткендердің біріне ренжи бастайды.

– Сен де итермелей бердің-ау, айналайын. Кішкене кимелемей әрірек тұршы. Кіресің ғой.

Ол да бір пәле іздеп қалған пәтшағар екен, шақ ете түсті:

– Ағай, что вы толкаетесь?

– Какой я тебе «ағай»? Мне тридцать четыре года.

– Вы выглядите как мой папа...

– А ты выглядишь как моя бабушка.

– Хам...

Міне, саған «конфликт». Баяғыда ақ найзаның ұшымен, ақ белектің күшімен ел мен жерді қорғаған ата-бабалар ұрпағымыз күндердің күнінде аядай кеңсе аузында иін тіресіп, осылайша орысша салғыласып тұрады деп ойлады дейсіз бе?!

Бұл да қызық. Қызық емес-ау, шынында, қасырет шығар.

Ал мына «агай-и» деп аузын қайшылап, «майысып» тұрған әйелдің қырықтан әлдеқашан асып кеткені даусыз. Бетіне опа-далапты да аямай-ақ жағыпты жарықтық. Бірақ онысы өңін жасартып тұрғаны шамалы. Өзі ашуланғанда шын кейпіне енетін болуы керек; көгерендеп, жұлқынып-жұлқынып, тепсініп-тепсініп қояды. Көзі бағжаңдаған сұры қандай жаман! Сүйегі де ірі екен. Жарты түйенің етіндей болып, мұны шынтағымен нұқып-нұқып қалғанда бүйірін түсіре жаздағаны. Ары қарай салғыласа, істі ушықтырып, өзгелердің де жүйкесіне тиетінін сезген Рүстем енді үндемей құтылуды ұйғарды.

Әлден уақытта «арпалыс» та аяқталып, ішке енген.

– Ух-һ, – деді иыққа ілген қол сөмкесін үстелінің тартпасына салып жатып.

Жаңа ғана шаштары дудырап, алқын-жұлқын, ентіге кіргендер лезде өзгеріпті. Қолма-қол кергіп, кербездене қалатындары да таңырқатады. Біреумен сөйлесе де ыңыранып, әрең жауап қатып тұрғандарын байқайсың.

Зәулім ғимарат ішінде әрі-бері сабылып жүздеген адам жүр. Осылардың бәрі не бітіреді екен? Елдік мүддеге, Отанға тигізетін зәредей пайдалары бар ма?

Жанталас саябырсып, бөлмесіне кіріп, сырт киімін шешіп, айнаға қарап шаш тарап тұрған мұны кейде осы сұрақ мазалайды. Ойлап көрсе, өзінің де тындырып, қиратып жүргені шамалы сияқты. Күнделікті күйбең. Құжат рәсімдейді, жан-жаққа түрлі хаттар даярлайды. Оларға қол қойғызып, мөр бастыру үшін де өзге кабинеттер алдында сарылып кезек күтеді. Тіпті, бір шаруаны кузау үшін екі-үш күн жүруі де ғажап емес. Басшыларының көңілін табуға тырысады. Жетекшілері кейде мақтайды, кейде ескерту жасайды.

Сол «дерт» біртіндеп бұған да жұғыпты. Бұл да қол астындағы екі-үш адамға үйіп-төгіп тапсырма береді. Есеп-қисаптарын тексеріп отырып, арасында дауыс көтеретін кезі болады. Әкетіп бара жатқан немене «ашу» десеңізші...

Әйткенмен, өз-өзін сөгуге онша асықпайтынын да аңдап қалды. Себебі, бөлім бастықтығына дейінгі жолда қаншама тер төгіп, ұйқы-күлкіден, демалыстан бас тартты емес пе. Сенбі мен жексенбі күндері де жұмысқа келіп, қағаздарын бұрқыратып, компьютерге шұқшиып, еңбектенетін әдетті тастай алмады. Әуелде бүгінгі істі ертеңге қалдырмайын, тапсырылған міндетті қалайда артығымен атқарайын деп тырмысатын. Келе-келе кеңсеге бір соғып кетпесе тұра алмайтын «кеселге» шалдықты. Әйтпесе демалыс күндері Рүстемді іздеп жатқан ешкім жоқ.

Бұл да қарапайым ауыл баласы-тын. Мектепте жақсы оқыды. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласатын елгезек болып өсіпті. Үйдегі жұмысқа да үлгеріп, көршілерге қолғабыс жасап, жүгіріп жүретін. Ересектерге де, қатарластарына да осы қасиетімен қадірлі болды. Әсіресе шал, кемпір жақсы көрді.

Ақсақалдар жағы мұның елден ерек кептер асырайтын әуестігіне сүйсініп:

– Рүстемнің айрықша мейірімділігін көгершін ұстайтынынан-ақ байқауға болады ғой. Сол мінезі бұл балаға бақ болып қонады әлі, қара да тұр, – деп отыратын.

Тоқсаныншы жылдардың аяғы шетелдік көлік мінген адамды сирек кездестіретін уақыт еді.

Рүстем достарымен бірге Әбдіғали ақсақалдың үйінің жанында тұрған сүліктей қара «Гойото» автомашинасына қатты тамсанып, даурыға талқыласып үйіне қайтқан. Келсе, әкесі мен шешесі шүңкілдесіп шәй ішіп отыр. Анасы:

– Әбдіғалидың ұлы облыс әкімшілігінде істейді екен. Ақшаны пішендеп орады дейді ғой ол жерде. Менің де құлындарым күні ертең-ақ ержетіп сол әкімшілігінің қақ төрінде отырады әлі. Тіл-көзім тасқа, менің баламды мұғалімдері де ылғи мақтайды, – деді бұған сонша мерейлене қарап.

Бұған әкесі де шынтағындағы жастығын арлы-бері аударыстырып, арқаланып қалды:

– Е, онда тұрған не бар, аман болса одан да жоғары қызметтерге ілігер. Тек, әйтеуір, ешкімнің ала жібін аттамай, мемлекет қазынасына қол сұқпай, абыроймен жүрсе болды емес пе! Лауазымың да, көлігің де – қолдың кірі. Ең алдымен адамгершілікті, кісілік қасиетті жоғалтпау керек!

Бұдан соң екеуі мұны ортаға алып алып, әулеттің келешекте жеткізетін ортақ армандары туралы көпке дейін қауқылдасты. Керемет бір кездер екен.

Содан бастап, расында да, әкімшілікте еңбектенсем деген мақсаты айқындала беріпті.

Есеп сабақтарына да жүйрік еді, мектепті бітіре салысымен Астанаға келіп, экономист мамандығы бойынша оқуға түсті. Оны да жақсы аяқтаған. Бірақ жұмыс таппай, бір жылдан аса сенделіп қалды.

Бірде немере ағасының үйінде бос жұмыс орындарын жарнамалайтын газетті парақтап жатыр еді, ағайы аудандық әкімдіктің экономика бөліміне маман қажет екенін айтып келген.

– Байқау жариялапты. Тезірек сен де құжаттарыңды өткіз, – деді.

Жатпай-тұрмай дайындалған. Алайда жолы болмады. Комиссиядан өте алмады.

Араға уақыт салып сынаққа және қатысқан. Бұл жолы әлгі ағасы бір таныс тауыпты. Комиссия мүшесінің біріне «сыйақы» беру керек көрінеді.

Бастапқыда бұл:

– Ойбай, аға, ондайдың қажеті жоқ! Керек емес. Қара жұмыс істесем де аштан өлмеспіз, – деп ыршып түскен-ді.

– Үндеме, – деді ағайы. – Әкеңмен хабарласып, шаруаны ыңғайлап та қойдық. Сен өз кәсібіңнің қыр-сырын білсең жеткілікті емес пе. Әлгіндей әрекетке бармасақ, әңгіме көпке созылып, жүріп қалатын түрің бар.

Ұзамай әкесі байғұс бір қарасын сойып, тиісті қаржыны салып жіберген. Бұл іштей қатты қынжылса да, ағасының дегеніне көнбеске амалы қалмапты.

Содан бір күні әкімдіктің су жаңа жас маманы болып шыға келді.

Жұмысын жанын сала атқаруға ұмтылатын. Алғырлықтың, тиянақтылықтың арқасы шығар, ақырындап араға жылдар салып, облыс әкімшілігіне, одан Астанаға ауысқан...

Уақыт дегенің неткен жүрдек. Екі аралықта он бес жылға жуық уақыт зулап өте шығыпты. Әрине, әр тұстарда ерекше есте қалатындай қуанышты сәттер аз болған жоқ. Үйленді, өзі де әке атанды.

Қызмет бабында аяқтан шалу, алдау мен арбау, сыртыңнан сөз тасу дегендей құйтырқылықтың да бірталайын көрген.

Әйтеуір, өмірдің өз «ойын ережесі» болатынын түйсінді. Осыған қалайда бағынуың керек. Шегінетін, ымыраға келетін кездерде икемделіп, қайрат көрсететін тұста тайынбау қажеттігін білді. Шыдамға, сабырға төселді.

Қажыған, мұқалған, жұқарған кездерді де өткеріпті. Сондайда «әй, қойшы, құрысыншы бәрі!» деп қолды бір сілтеп, бетіңмен кете алмайсың. Зияның балашағаңа тиеді. Сен жіберген қателіктің залалын, тіпті, бір-екі буын ұрпағыңның тартуы да ғажап емес. Ал олардың тағдырымен ойнауға қақың бар ма...

Қандай тексеруден де аман шығатын. Алайда қызмет, қызмет деп жүріп, табиғи болмысынан, адами қалпынан біртіндеп ажырап бара жатқанын сезбей қалғандай екен де. Галстугін қылқына тағып алып, өзін өте бір қасаң тәртіпке салып тастағанын кешірек ұғынғандай. Мұның зияны да жетіп артылатын секілденеді.

Кабинетінде шағын шәйнегі бар. Соның бауын тоққа тығып, бөлме есігін ішінен кілттеді де, үстел үстіне газет жайып, ауқаттануға кірісті. Көз қиығымен сағатқа қараса, түскі үзілістің аяқталуына әлі де талай уақыт бар екен.

Екі қолын қалтасына салып, тұнжыраған күйі бөлмені әрі-бері кезіп, едәуір жүрді. Одан терезеден қарап, сыртты тамашалады. Биіктен «Нұрсая» аллеясы айқын көрінеді. Серуендеп жүрген адам қарасы көп. Алты ай қыс болатын Астанаға да көктем айының келгені еске түсті. Балаларын ойнатып жүрген ерлі-зайыптыларды аңдап, «осы демалыста мен де ұлдарымды қыдыртамын, – деп шешкен. – Әлде соларды алып Бурабайға тартып кетсем бе екен?»

Балаларының сабағына да мән бермепті. Жұмыс, жұмыс деп, үйдегі міндеттің бәрін келіншегінің мойнына артып қойыпты...

Қалған нанды целофан қалтаға салып алып, кабинетті жауып, тысқа шықты. Күн маужырап тұр. Көгершіндер жүрген жерге жақындап, қолындағы нан қиқымын септі. Кішкене күнінен құсқұмар бала кейін сол әуестігін де әбден ұмытыпты-ау.

Кептерлерге жем шашып отырып, өзінің тамақты үйден әкеліп ішетін әдетінің сырын қаражат үнемдеу үшін де емес, бір мезгіл жеке қалуды, оңашада ойланып-толғануды көксеуден туатынын алғаш рет пайымдады.

Әлден мезгілде өзінің қаптаған құс арасында отырғанын аңғарған. Ойнап жүрген жеткіншектер де бұл көріністі қызық көріп, үймелей қалыпты. Таң атпай келіп, жұмыстан түн жарымында шығатын адам бір сәт көктем лебін, жаз жұпарын аңсайды екен. Рүстемнің алқымына өксік тығылғандай болды. Қарап отырса, ылғи сырты күліп тұрғанымен, іші қан жылайтын сәттері жиі көрінеді.

Тіршіліктің қарапайым ғана рахатын сезіне алмауы қандай өкінішті. Қызмет қуамын деп жүріп, кісілік қасиеттен жұрдай болғаны қалай? Ауылда өзінің тілеуін тілеп отырған ата-ана, бауырларына бармағалы, тіпті, телефон арқылы тілдеспегелі де талай уақыт өтіпті. Жолдастары да жуысуды қойған. Барыс-келісі азайған соң ағайынмен де қарым-қатынас сиреген. Араласпағаннан кейін уақыт араны мүлдем суытыпты.

Жастайынан әдеби шығармалар оқуға құмар еді. Алайда, кейінгі әріптестері одан да айнытты. Олардың айтуынша, қазіргі заманда көркем әдебиеттің түк те пайдасы жоқ. Керісінше, «Тез баю жолдары», «Өз ісінді бастау», «Бизнестің қырсыры» сынды тақырыптар әлдеқайда тиімді. Ал әдеби дүниені жағдайыңды

толық жасап, шет елде демалып жатқан кезде оқу керек деп ақыл қосады. Бұл да хал-ахуалды реттеп алайын деп қаншама кітап алды. Оқып та жатыр. Бірақ мол байлық пен асқан дәулеттің қарасы көрінбейді...

Кеңсеге қайта кірген соң да көп толғанды.

Сонда, өзі, мыңдаған адам жоғары лауазымды қызметке, билік пен мансапқа не үшін ұмтылады? Мақсат не? Әрине, мол дәулет, бақуатты тұрмыс кім-кімді де қызықтырады. Бірақ өлермендіктің де өз заңдылығы бар шығар. Мысалы, бұл жұмысына үйінен тамақ тасып, ақша үнемдеп жүрсе де айлығы бірде жетіп, бірде жетпейді. Әжесі марқұм: «Тарылсаң, одан ары тарыға бересің» деуші еді. Тегінде, сол сөздің жаны бар екен.

Кезінде қарапайым маман болып жүріп, «көкелерінің» көмегі арқылы бір күнде жауапты хатшылыққа жоғарылаған өзінен ересектеу әріптесінің әрекетін ұмытпайды. Сонда өзін қоярға жер таппаған ол: «Қызмет деген шынында қызық екен, ә, қызмет деген қызық екен» дей беріп еді. Ертеңіне-ақ күрт өзгерді. Ине-жіптен жаңа шыққандай сықия киініп, оқтау жұтқандай сіресіп келген ол таң атпай ғимарат ішін азан-қазан қылып, еден жуатын әйелге зіркілдеп, ұрсып тұрды. Соны көріп таң қалғаны. Өте жуас, қой аузынан шөп алмайтын биязы адамның бір-ақ сәтте басқа жанға айналғаны қайран қалдырған. Енді ойласа, қазір өзінің де содан ешбір айырмасы бар ма?

Кейде осы жерде табысқан кейбір әріптестері сияқты «аға» жағалап, қазіргімнен де үлкен қызметтерге ұмтылсам, қолдан келіп тұрғанда көлденең табыстың ретін тауып, пайдаға кенелсем деп те ойлайтын-ды. Бірақ әкесінің «ешкімнің ала жібін аттама, ел ризығына қол салма, адал бол» деген сөзі санасына мықтап бекіпті...

Рүстем қойындәптерін ашып, қаламын қолына алды. Алдағы жұмыс кестесін қағазға түсіріп қою да жас маман күнінен келе жатқан әдеті еді. Ең алдымен ата-анасына телефон соғып, апта аяғында балаларын қыдыртуды, баяғы жас шақтағыдай әйелімен қолұстасып киноға баруды түйді. Сөйтіп, бұл жолы тұңғыш рет жұмыстың емес, «ұсақ-түйек» тірліктің жоспарын түзуді ұйғарған. Осылайша он бес жыл бойы әбден бейімделген өмір-салтына өзгеріс енгізбекші.

Істі неден бастасам екен деп терезеге телміріп отырды. Кенет алдындағы телефон шырылы селк еткізген.

– Алло, Рүстем Тұрарович, сізді бастық шақырып жатыр.

– А, жақсы. Қазір... Қазір келем...

Мекеме басшысы мұны шұғыл түрде екі апталық іссапарға жөнелту туралы шешім қабылдапты.

Ол асыға басып, автотұрақтағы қаптаған көліктер арасын қақ жарып, үйіне қарай дедектеп бара жатты. Тезірек киім ауыстырып, қажетті заттарын алып, жолға шығуы керек.

Ал әлгі тәтті қиялы мен жоспарларының бәрі жайына қалды.

Әй, бұл шырғалаң ғұмыры бітпейді-ау [58].

М.Мұқаш (2249 сөз)

Оқу мақсаты:

11.1.1.1 - мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;

11.4.5.1 - мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу ;

Сабақтың мақсаты:

– мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтай алады,

– мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана алады.

1. Мәтінге қатысты тапсырмалар:

1. Әңгімедегі Рүстем бейнесі қандай? Оның мінезін, әдеттерін және көзқарастарын талдап, 2-3 сөйлеммен баяндаңыз.

2. Автор Рүстемнің қала өміріне деген көзқарасын ашып көрсетеді. Мәтіннен осыған байланысты үзінділерді тауып, мысалдар келтіріңіз.

3. Әңгімеде қала өмірі қалай суреттелген? Автордың сипаттауларына сүйене отырып, Астана қаласы бейнесін көз алдыңызға елестетіңіз. Қала өмірінің қай сипаттары әңгімеде басты назарда?

2. Болжау жасау және шығармашылық тапсырмалар

1. Рүстемнің болашағы қалай өрбиді деп ойлайсыз? Қала өмірі мен жұмыс орнындағы атмосфера оған қалай әсер етеді? Өз ойыңызды дәлелдеңіз.

2. Әңгімедегі қоршаған орта Рүстемнің ішкі дүниесіне қалай әсер етеді деп ойлайсыз? Осы жағдайды ескере отырып, Рүстемнің күнделікті өміріне байланысты қысқа монолог жазыңыз (3-4 сөйлем).

3. Тыныс белгілерін қолдану

1. Төмендегі сөйлемді көшіріп, қажет тыныс белгілерін қойыңыз: «Басшыларының көңілін табуға тырысады жетекшілері кейде мақтайды кейде ескерту жасайды».

2. **Күрделі сөйлем құрастыру:** Рүстемнің таңертеңгі жұмысқа дайындығы жайлы бірнеше жай сөйлемдер берілген. Осы сөйлемдерді бір күрделі сөйлемге айналдырып, дұрыс тыныс белгілерін қолданыңыз. Мысалы, «Ол таңертең ерте тұрып, беті-қолын жуып, таңғы асын ішеді» және «Жұмыс киімін киіп, автобусты күтеді» деген сөйлемдерді біріктіріп жазыңыз.

Дескриптор:

Бағалау критерилері	Балл (жалпы – 6)
мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды	2
тиісті ақпаратты анықтай алады	2
мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана алады	2

3. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАТА ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН КӨРКЕМ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Зерттеудің әдіснамалық негізі болып шетелдік және отандық педагогиканың, психологияның және әлеуметтік теориялық тәсілдері мен ережелері; білім беруді демократияландыру, саралау идеялары, мәдени тәрбие; тұрақты даму мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар мен халықтың мәдени мұрасы мен дәстүрлерімен таныстыру процесінде тұлғаның жан-жақты және үйлесімді, рухани дамуы туралы ғылыми педагогиканың мақсаты алынады. Тілге бойлата оқыту әдістемесі туралы шетелдік зерттеулермен қатар тіл үйретуге арналған отандық ғалымдардың және қазақ педагогикасы тарихында елеулі еңбектер қалдырған қазақ зиялылығының да еңбектері сараланды.

Мәселен, Ж. Аймауытұлының «Психология», «Тәрбиеге жетекші», Мағжан Жұмабайұлының «Педагогика», «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол», Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы», «Әліпби», Тіл – жұмсар» және тағы да басқа тарихи құнды педагогикалық мұралардағы негізгі ойлар алынды.

М.Әуезов кезінде А.Байтұрсынұлының еңбегін бағалай келе: «Ахаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да А.Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды» [64], – деп оқыту мәселесіне байланысты өз ойын білдірген.

Мағжан Жұмабайұлы оқушыны сөйлеуге үйрету туралы: «Білім алушы тілінің дұрыс өркендеуінің *бірінші шарты* оқушыға сөзді бұзып сөйлемей керек. Және оқушыға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек. *Екінші* – оқушыны өзі теңді оқушымен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек. Былдырласын, шолжындасын – сөйлей берсін. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп», – деп нақтылайды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта қазақ тілін оқыту – өзекті мәселелердің бірі болғаны белгілі. Осы орайда қазақ тіліне толық ендіру әдістемесін елімізде алғаш бастап, эксперимент жүргізген ғалым М. Жадринаның: «Заман талабына сай жас ұрпаққа білім берудегі келелі мәселенің бірі – тілді шынайы қарым-қатынас құралы ретінде үйрету. Өйткені жаңа парадигма аясындағы нәтижеге бағытталған білім моделінің басты кейіпкері білім алушының жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті, рухани дүниесі бай тұлға болуы оның ана тілді ғана емес, сонымен қатар басқа да тілді толық меңгергеніне тікелей байланысты. Әр білім алушының тілді ана тілінің табиғи болмысына сай меңгеруі оның дүниетанымын, ой-өрісін дамытып, табиғат берген бейімділік пен қабілеттің көзін аша түсетіндігі көпшілікке мәлім. Ал екінші, үшінші тілді үйрену білім алушыға қосымша жаңа мүмкіндіктер

береді, оның білім мен білігі артады, мәдени деңгейі өседі», - деген түйінді пікірі де *тілге бойлата оқыту әдіснамасына* негіз болды.

Еліміздегі және шетелдік тәжірибені пайдалана отырып, жинау, талдау, зерделеу, салыстыру әдістері мен типтері (сипаттаушылық, корреляциялық және эксперименттік) пайдаланылады.

Жобаға қатысты негізгі ақпарат тілге бойлата оқыту әдістерін талдаған, сол әдістер бойынша жұмыс жүргізген шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді жинап, саралау, олардың негізінде өз зерттеу мақсатымызға сай жаңа түйінді ойлар мен тұжырымдар жасау, теориялық және әдіснамалық база ретінде материалдарды жинау, талдау, қорытынды жасау тәсілдері қолданылады.

Жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер, жаһандану жағдайында тілге үйрету бойынша жаңа көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер басшылыққа алынады.

1. *Тілді білім алушылардың күнделікті тіршілігіне сай үйрету* – мектепке келгеннен бастап, үйлеріне кеткенге дейінгі аралықта қазақ тілді орта (қоңырау кезінде де, Топта да қазақ тілінде қозғалмалы ойындар, шаралар ұйымдастыру) құру керек. Білім алушымен мектеп ұжымы мүшелері тек қазақ тілінде қарым-қатынас жасайды (дәрігер, асханашы, кітапханашы т.б.).

2. *Кіріктірілген білім беру* – Топта пәндердің ортақ тақырыптары негізінде белгіленген лексиканы меңгертеді.

3. *Бір педагог – бір тіл*, яғни қазақ тіліне бойлата оқыту сыныбында жұмыс істейтін педагог, орыс тілін білсе де, білім алушылармен тек қазақ тілінде сөйлесуі керек. Педагог қазақ тілін жетік меңгеруі, орыс тілін жақсы түсінуі тиіс. Бұл тіл тұлға мен жағдайдың арасында байланыс туындауы үшін қажет. Білім алушы педагогтің сөйлеу тіліне еліктеп, сөйлесу дағдысы қалыптаса бастайды. Педагог оқушыларға оқу материалдарын өзге тілге аудармайды. Шетелдік тәжірибе бойынша орфографиялық жаттығуларда ғана аударма жасауға болады.

4. *Қарапайымнан күрделіге, барлығын бірге қайталау*. Сөздерді, сөйлемдерді қайталату әдісі білім алушыларды қазақ тілді ортаға енгізіп, олардың есту, дыбыстау және сөзді дұрыс айту қабілеттерін дамытады.

5. *Білім алушылардың сөйлеу тілінде кеткен қателіктерді «қате» деп айтпау*. Педагог сөйлемді басқаша айтып, дұрыс сөздің үлгісін көрсетуі керек. Түзетулер көп жасалса, білім алушының тіл үйренуге деген ықыласы бәсеңдеуі мүмкін. Бастысы білім алушы жалпы не туралы айтылғанын түсінсе болды, педагог біртіндеп оның дұрыс сөйлеуін ұйымдастырады.

6. *Сөйлеу формасы мен мазмұнының маңызы*. Педагог білім алушылармен сөйлесу барысында қол қимылын, ым-ишараны, көрнекі құралдарды көп қолдануы керек. Бейімделген тілін (анық, ақырын және грамматикалық тұрғыдан жеңіл) қолданады.

7. *Тілді үйренуге білім алушыларды мәжбүрлемей, ынталандыру керек*. Топта білім алушыларды өз этнопедагогика принциптеріне негізделген тәсілдер арқылы тіл үйренуге ынталандыру, нейропедагогика әдістері арқылы қазақ тілін тез және жеңіл үйренуге жағдай жасау, зерттеу-жобалау дағдыларын қалыптастыру, қойылымдар, ұлттық аспаптар оркесторы, ұлттық ойындар жарысын ұйымдастырып, білім алушыларды толық қамту, қолдау, мадақтау.

Бастауыш сынып білім алушылары мектепте күні бойы болатындықтан, күн тәртібі толық қазақ тілінде ұйымдастырылады. Қазақ тіліне бойлата оқыту әдістемесімен оқыту үшін республика бойынша таңдалып алынған қазақ тілінде білім беретін мектептердің 1-сынып білім алушылары мен педагогтері, ата-аналары қатысады. Қазақ тілінде оқитын сыныптар түске дейінгі уақытта жалпы бағдарлама бойынша білім алады. Түстен кейінгі уақытта ұзартылған күн тобы ретінде үй тапсырмаларын орындап, ойын арқылы және педагогтер ұйымдастырған әлеуметтік жағдаяттарға байланысты тілді арнайы ортада меңгереді.

Сыныпта педагог білім алушыларға қолайлы орта жасайды, білім алушылар өздерін еркін сезінеді. Тілдік ортада визуалды және аудио құралдарды қолдану ақпаратты жылдам қабылдауына көмектеседі.

Басқа пәндерден сабақ беретін педагогтер бастауыш сынып педагогтерімен бірлесе отырып, ортақ тақырып бойынша жылдық, айлық және апталық оқу жоспарында меңгерілетін лексиканы белгілеп алуы тиісті.

Пән бойынша қажетті құрал-жабдықтар мен іс-әрекет суреттерінің атаулары қазақ тілінде жазылады. Үйренген жаңа сөздерді есте сақтауына, түсінуіне, сөздік қорына белсенді енгізуіне және өзара қарым-қатынас кезінде қолдануын қадағалайды, қате кеткен жерлерін сөйлесу арқылы түзетіп отырады.

Оқу жылының басында (қыркүйек) және соңында (мамыр айында) білім алушылардың қазақ тілінде сөйлеу деңгейлері анықталады. Ал әр аптаның соңында педагогтер білім алушылардың сөздік қорды меңгеру деңгейін өзара бірлесіп талқылайды.

Барлық педагогтер бақылау күнделігін жүргізеді. Бақылау күнделігіне жеке білім алушылардың немесе сыныптың тілді меңгеруде кездескен қиындықтары мен жетістіктері қысқаша жазылады. Пән педагогтері өзара нәтижені талдап, алдағы жұмыс жоспарын белгілегенде міндетті түрде бақылау нәтижелерін есепке алып жоспарлайды. Тілдік ортаға енгізу қағидалары мен әдістерін педагогтар қатаң ұстанады. Бұл жұмыс үлкен шыдамдылық пен білім алушыға деген жылы шырай, сүйіспеншілік арқасында жүзеге асады. Сабақ барысы білім алушыға қызықты, тартымды болуы керек. Олардың ең басты жұмыс құралы – қазақ тілі. Қазақ тілі арқылы білім алушылармен пікірлесіп, ойнап, тапсырмалар беріп, олардың орындалу барысын түсіндіріп, бағыттап, алынған нәтижелерді саралайды. Білім алушының тіл үйренуге ынтасын ояту педагогтерден асқан шеберлікті талап етеді.

Қазақ тіліне бойлата оқыту процесін жүргізетін педагогтің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Тілдік ортаға енгізу сыныбы педагогі:

- жоғары педагогикалық білімді бастауыш сынып педагогі;
- қазақ тіліне бойлата оқыту бағдарламасы бойынша білімін жетілдірген;
- қазақ тілін жақсы білуі (немесе қазақ тілі оның ана тілі болуы)
- позитивті, эмоциялық тұрғыдан салмақты;
- білім алушыларды жақсы көруі, мейірімді;
- әртістік қабілетті (ым-ишара, пантомима қабілеті);

- белсенді, креативті, мәнерлеп сөйлеу, дикциясының болуы;
- бастауыш білім берудің әдістемесін және білім алушыларының тұлғалық және жас ерекшеліктерін білуі;
- адами құндылықтарға ие болуы;
- тіл жанашыры;
- ойын, танымдық, шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың жаңа технологияларын меңгеруі;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жоғары деңгейде меңгеруі керек.

Педагог жұмысының қағидалары:

- білім алушылармен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу;
- білім алушылармен тәжірибе және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- білім алушылардың сезімдік-эмоциялық қасиеттерін дамыту;
- білім алушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Тілдік ортаға енгізу сыныбы педагогінің көмекшісі:

- қазақ тілін қолдана отырып, өз бетінше сөйлеу белсенділігін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- білім алушыларды негізгі педагог берген тапсырмалар мен ойынның түрлі мақсаттарымен таныстыру;
- білім алушыларды өз беттерінше ойын мақсаттарын анықтауға, ойын барысында жетекшілік рөл атқаруға бағыттау;
- білім алушының өз бетінше белсенді, сан түрлі, шығармашылық ойындарын ойнауға және қазақ тілінде өз қатарларымен араласуға жағдайлар жасау;
- қарым-қатынас, ынтымақтастық барысында, күнделікті өмірде алған білім мен дағдыларды қолдана білуге үйрету.

Жалпы, тілге бойлата оқыту, тілдік орта құру үшін білім алушылардың *көркем мәтінді оқып*, түсінуі, қабылдауы, поэтикалық ойлау қабілетінің дамуы маңызды. Осы орайда, Т. О. Есембеков көркем мәтін туралы: «Көне грек тіліндегі *phileo* – «сүйемін» және *logos* – «сөз» деген тіркестен құралып барып, тұтас қалыптасқан «филология» ілімінің мағыналары тарихи даму барысында бірде «парасатқа құштарлық», енді бірде «даналыққа іңкәрлік», кейде «сұлу сөзге ынтызарлық», кейінірек «сөз гармониясын тану» және т.б. болып дамып, өзгеріп, түрленіп отырғаны белгілі. Әр кезеңдегі осындай анықтамалар аталмыш ұғымның табиғатының күрделілігін ғана емес, сонымен бірге ерте ғасырлардағы гуманитарлық ғылымдардың бастапқы синкреттілігін көрсетіп тұрғандай. Бірте-бірте тарихи даму барысында «асыл сөзге деген махаббат» ұғымы «даналыққа іңкәрлікке» деген түсінікке қарсы қойыла бастаған, сөйтіп бұл құбылыстың филология мен философияның іргелерінің ажырауына әкеліп соққаны туралы тарихи деректер бар» деп атап өткен [3].

Мәтін көркем және көркем емес болып екіге бөлінеді. Көркем мәтін ассоциативті-бейнелі ойлауға негізделсе, көркем емес мәтін логикалық ойлауға құрылады. Көркем мәтінде өмірлік материал автордың шығармашылық қуатымен көркемдік әлемге айналады. Көркем мәтін өз кезегінде прозалық және поэзиялық болады. Зерттеуші Н.С.Валгина: «Для нехудожественного текста

важна логико-понятийная, по возможности объективная сущность фактов, явлений, а для художественного – образно-эмоциональная, неизбежно субъективная», – деп жазады [65]. Ғалымның пікірінше, көркем мәтін ассоциативті-бейнелі ойлауға негізделсе, көркем емес мәтін логикалық ойлауға құрылады. Көркем мәтінде өмірлік материал автордың көзімен көркемдік әлемге айналады, сондықтан көркем мәтінде суреттелген өмір құбылыстарының астарлы мағынасы болады.

Көркем мәтін – филологияның зерттеу объектісі. Ғалымдар көркем мәтіннің келесі қасиеттерін атап көрсетеді: қабылдауға икемділігі, автор интенциясының көрініс табуы, аяқталғандық, басқа мәтіндермен байланысы, эмотивтік қасиеті және т.б. Бұл орайда Н.А. Николина көркем мәтіннің қасиет-белгілерін төмендегідей ажыратады:

– *біріншіден*, көркем мәтінде автордың көркемдік әлемі жасалады, яғни өмір шындығы авторлық интенцияларға орай көркемдік шындыққа айналады. Көркем мәтіннің мұндай қасиеті «фикционалдық» (ойдан жасалған, жалған) терминімен аталады. Аталмыш термин мәтіннің ішкі әлемінің шарттылығын, қиялдан туғандығын білдіреді. Фикционалдық көркем әлемнің әртүрлі қабаттарын, уақыт пен кеңістікті, баяндау құрылымын қамтиды. Әрине, шығарманың жанрлық түріне байланысты (ғұмырнамалық, тарихи, деректі, фантастикалық және т.б.) өмір шындығы мен көркемдік шындықтың ара-қатысы әртүрлі дәрежеде көрінеді.

Көркем мәтіннің басты қызметі – оқырманға эстетикалық әсер беру. Бұл қызмет әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады;

– *екіншіден*, көркем мәтін құрылымы жағынан күрделі жүйе құрап, тұтастығымен ерекшеленеді;

– *үшіншіден*, көркем мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты болып келеді;

– *төртіншіден*, көркем мәтін басқа мәтіндермен байланысып, оларға сілтеме жасайды немесе оның элементтерін өз бойына тоғыстырады. Бұл мәтінаралық байланыстар оның мағынасына әсер етіп қана қоймайды, негіз де бола алады. Мәтінаралық (интермәтінділік) байланыстар шығарманың астарлы мағынасын ашып, көпүнділігін айқындайды;

– *бесіншіден*, көркем мәтін нақты және жасырын ақпарат береді.

Тілге бойлата оқытудағы **А.Байтұрсынұлының әдістемесі** де тақырыбымызды айшықтайды.

Тілге және тілдің қолданысына қатысты алаш арыстары бірқатар ұсыныстарын айтып, қазақ тілінің теориялық ғылыми негіздемесін жасағанын білеміз. Бұл тұрғыда олардың еңбектері бүгінгі күнде де өзекті болып отыр.

Мәселен, Ғұмар Қараш: «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп... соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жанартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм

жылдам ұмытылады» десе, Халел Досмұхамедұлы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек» деп атап өткен еді.

Ал Міржақып Дулатұлы: «Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі бел кемшіліктің қандай екенін білу керек» деу арқылы тіл туралы өзінің ұстанымын білдірген.

Қазақ тілінің әдістемелік негізін қалаған тұлғалардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше. Ол – қазақ тіл білімінің негізін салушы, ғалым, ағартушы және қоғам қайраткері. Ол қазақ тілінің құрылымын зерттеп, оның грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерін айқындап, тілдің ұлттық таным мен мәдениеттің сақтаушысы ретіндегі маңызын ашып көрсетті. Ахмет Байтұрсынұлының тілге бойлау, тіл арқылы оқыту және көркем мәтінді талдау әдістері қазақ тілінің ғылыми-әдістемелік тұрғыда дамуына зор ықпал етті. Оның еңбектері мен ғылыми мақалалары бүгінде де қазақ тілін оқыту әдістемесінде өзекті.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімін дамытудағы еңбектері айрықша маңызды. Ол қазақ тілінің морфологиясы, синтаксисі, фонетикасы сияқты тіл білімінің салаларын жүйелеп, ғылыми негізін қалады. Оның бұл бағыттағы негізгі еңбегі – «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын оқулықтар жинағы.

«Тіл – құрал» – қазақ тілінің грамматикасын жан-жақты талдап, оны ғылыми жүйеге түсірген алғашқы еңбек. Бұл кітаптың әр бөлімінде тілдік тақырыптар жүйелі түрде берілген. Мысалы, бірінші бөлімде фонетика мәселелері қарастырылса, екінші бөлімде морфология талданады, ал үшінші бөлімде синтаксис қарастырылады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін зерттеуде өзіндік жүйесін жасап, өзіне тән атаулар енгізді [62].

Ахмет Байтұрсынұлының тілді зерттеудегі тағы бір маңызды еңбегі – тілдік бірліктерді логикалық құрылым негізінде жіктеп, қазақша тілдік атауларды енгізу. Ол фонетика, морфология және синтаксиске қазақша атаулар беріп, қазақ тілін өз тіліміздің ерекшеліктеріне сай оқытудың алғашқы іргетасын қалады. Бұл қазақ тілінің грамматикасына тән терминдерді қалыптастыруға негіз болды. Оның тілдік білімдегі жаңалықтары қазіргі қазақ тіл ғылымының дамуына үлкен үлес қосты.

Ғалымның ойынша, тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – халықтың танымы, мәдениеті мен тарихы екенін жақсы түсіну. Ол ұсынған тіл арқылы оқыту әдісі қазақ тілі мен әдебиетінің тәрбиелік және танымдық мәнін арттыруға бағытталған. Ахмет Байтұрсынұлы тілдің көмегімен білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды жеткізуге ерекше мән берді. Ол оқушыны туған тілінде оқыту арқылы ұлттық сана-сезімді оятуды көздеді.

«Оқу құралында» Ахмет Байтұрсынұлы білім алушыларға әліппе үйретіп қана қоймай, олардың ойлау қабілетін дамытуға арналған *мәтіндерді* іріктеп береді. Оқу құралының мәтіндері білім алушылардың түсінігіне жеңіл, оларды

оқу, жазу және ойлау дағдыларын дамытатын қызықты оқиғалар мен шағын әңгімелерден тұрады. Ахмет Байтұрсынұлының бұл оқулығы тек оқу құралы емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды бойға сіңіретін тәрбие құралы ретінде қолданылды.

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі де қазақ әдеби мәтінін оқытуда негізгі бағыт ретінде танылды. Бұл кітапта ол әдебиет теориясы мен оның категорияларын түсіндіру арқылы білім алушыларды көркем мәтінді талдау мен түсінуге үйретті. Әдебиет танытқышта автор көркем әдебиетке қатысты ұғымдарды жүйелі түрде талдап, түсіндіреді, қазақ тілінің ұлттық болмысын айқындайтын көркемдік құралдарды сипаттайды.

Ахмет Байтұрсынұлы **көркем мәтінді талдауда әдебиет теориясына** ерекше мән берді. Ол көркем шығармалардың танымдық және тәрбиелік мәнін түсініп, білім алушыларды қазақ әдебиетінің ерекшеліктерін талдай білуге шақырды. Бұл бағытта ол «Әдебиет танытқыш» еңбегінде көркем мәтінді талдау мен түсінудің әдістемесін жасаған. Мұнда автор әдебиетті жанрларға бөледі: эпос, лирика және драма. Әр жанрды жан-жақты сипаттап, олардың ерекшеліктерін ашып көрсетеді [63].

Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде көркем мәтінді талдау тәсілдері нақты әрі жүйелі түрде ұсынылады. Ол мәтіннің құрылымын, авторлық позицияны, тілдік құралдарды талдауды ұсынады. Әдебиет танытқышта ол қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін салыстырып, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Сондай-ақ, оның әдебиетті ұлттық тұрғыда талдауы, мысалы, қазақтың шешендік өнері, жыраулық поэзиясы секілді ұғымдар арқылы көркемдік тәсілдерді зерттеуі – көркем мәтінді түсінудің жаңа бағытын ашты.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл мен әдебиетті оқыту әдістері қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің негізін қалаған ірі теориялық және әдістемелік бағыттарды қамтиды. Оның тілді терең бойлау арқылы оқыту әдісі – білім алушылардың әдеби сауатын ашып, тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Сонымен қатар, оның тілдік, әдебиеттік және педагогикалық көзқарастары қазіргі әдістемелердің дамуына да негіз болып отыр. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қазақ тілінің ұлттық білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып, қазақ тіл білімінің дамуына әлі де зор ықпал етуде.

Оның тілге бойлау, тіл арқылы оқыту және көркем мәтінді талдау әдістері қазіргі заманғы қазақ тілін оқыту бағдарламаларының негізін құрайды. Ахмет Байтұрсынұлының тілді ұлттық құндылықтар арқылы оқыту әдістері, оның шығармашылық көзқарастары, мәдени мұраларды сақтап қалу жолындағы әрекеттері қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың іргелі негіздерін қалады.

Ахмет Байтұрсынұлы **«Бастауыш мектеп»** мақаласында бастауыш мектептегі тілдің жайы туралы былай дейді: «Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургта болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы.

Осы кезде қазақ білім алушылары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебіне түрлі болу жайын сөйлеу тиіс.

Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі тек хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып жатқаны, бұл мектептің халыққа жақындығы, білім алушылар білімді *ана тілімен үйренгендігі*» [62].

А.Байтұрсынұлы көркем мәтінді оқытудың тиімді жолы ретінде *«Жалқылау әдісін»* ұсынады. Ол өзінің ғылыми-танымдық мақаласында былай дейді:

«Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілетіу болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтатыу.

Жалқылау әдістің жалпылау әдістен артықтығын құуаттайтын пікір XVIII ғасырдың айағында тұады. Бастап тұған жері – Франция. Бастап құуаттаушылар бұл әдістің артықтығын былайша дәлелдеген: Бір нәрсемен білім алушыны таныстырғанда, оның бөлімдерінен бастап таныстырмаймыз, тұтас тұрған тұлғасында таныстырамыз. Мәселен: Шапанмен таныстырғанда жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз, шапанның өзін алып көрсетіп таныстырамыз. Оқыу үйреткенде де сөздің әріптен, бұуынынан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйретіу керек дейді.

Бұларша оқыу үйретіу үшін әліп-бій кітабы болсын, басқа кітаптар болсын – бірі де керек емес. Түсінікті сөздерді алып, білім алушыларға көрсетіумен білім алушылар сөздерді танып, оқып кетеді. Мағынасыз әріптерді, ежіктерді жаттаудан мағыналы сөздерді жаттау білім алушыларға жеңіл де болады, көңілді де болады дейді.

Францияда мұндай пікір тұуып тарай бастағанда, немістерде де осы пікірге келіушілер болды.

Неміс әлімі Гедике деген жалқылау әдісін құуаттаушының бірі болып пікір тартады. Ол құуаттағанда былай дәлелдейді: Дүніе танып, білім біліуіміздің бәрі жалқылау әдіс жолымен болады. Дерексіз заттан деректі затты бұрын таниймыз, мүшелерінен тұтас тұлғасын бұрын таниймыз. Оқушыларға оқыу үйретіуде сол жолмен болыу тійіс, оқыу үйретіу білім алушыларға түсініксіз әріп сыйақты дерегі кем нәрседен басталмай, түсінікті тұтас сөзден басталыу керек дейді.

1791 жылы Гедике тұтас сөзбен үйрететін әліп-бій кітабын шығарады. Бес жасар қызын сонымен үйретіп, үш айда сауатын ашып, кітап оқыйтын етеді. Үш

айда сауат ашып, кез келген сөзді оқып білерлік етіу – о заманда болмайтын оқығға.

Бір әріпті үйретіу үшін бір Гедике неше сөз алады.

Мәселен, «а»-ны үйретіу үшін бізше болғанда мынадай сөздерді алған: *Ар, азық, арғын, ас, ақыл.*

Кітаптың бірінші бетіндегі бірінші жолдағы сөздер осылар болмақ. Басқа жолдарындағы сөздер басқа болмақ, бірақ олардың ішіндегі «а» әрпі болмақ. Бұлардың «а»-сы басында келмейді, орәлімітасында, айағында келеді. Басында «а» келетін атау сөздер өз алдарына бір жол болып, екі-үш жолдан кейін қайта-қайта келіп отырады. Елеулі болыу үшін «а» әрпі бірде қызыл, бірде қара бойаумен басылған. Үйретіу тұтас сөзді оқыудан басталады. Педагог 1-ші жолдағы сөздерді бір-бірлеп көрсетеді, оқыды; Білім алушылар көрсеткеніне қарап педагог айтқанын олар да айтады, солай етіумен білім алушылар әлгі алған бір жолдағы бес сөзді әбден танып көрсеткенде айтарлық, айтқанда көрсетерлік даражаға жеткенде, сөздің бұуынын айырыуға түседі. Онан әрі бұуынның әріптерін айырыуға түседі.

Оны былай істегені педагог бірінші сөзді алып, «а-р» деп екеуін қоспай, жіктерін ашып айтады да, неше бөлініп, айтылып тұр деп сұрайды, сонан соң әр бөлімін бөлек айтқызады. 2-інші, 3-інші, 4-інші, 5-інші сөздерді де солай етеді. Бәрінің де басындағы дыбысы бірдей болып, басқаларынікі ондай болмаған соң, «а» дыбысы айрықша болып шығады. Сонда бұл дыбыстың әрпі мынау деп, «а» әрпін көрсетеді. Басқа сөздерге де басқа әріптермен таныстырғанда істейтін тәсілі осылай болған. Білім алушылар бір беттегі сөздерді танып, оқырлық даражаға жеткенде, 2-інші беттегі сөздерге түскен.

Мұның тәсілі жеке білім алушыларды оқытыуға жараса да, мектепте көп білім алушыны оқытыуға жарамсыз болып шыққан. Негізгі кемшілігі сөзді жаттатыу, сөз әріптен, бұуыннан мағыналы, білім алушыларға түсінікті болғанмен, не үшін былай «ат» етіп сызған нәрсе ат болып оқылыуға тійістігі, онысы білім алушыларға түсініксіз, сондықтан бұл әдіс те іске асып жарымайды, бірақ жалқылау әдіс пікірі өшпейді.

Жалпылау әдіске жан беріп, күшейткен атақты француз оқытыушысы Жакото.

Жакото үйретіу – асылында үйреніуге дағдыландырыу дейді. Білім алушының үйреніу талабын қоздырса, білімнің бәрін басқаның көмегінсіз өзі-ақ алады. Білім алушыға талаптылық тәрбіе беріу үшін басынан табыйғат жолымен үйретіу керек. Табыйғат жаратқан нәрсесін тұтас түрінде жаратады. Табыйғат нәрсесін адам да әуелі тұтас түрінде түйеді. Білім алушы оқытыушы осыны дәйім есінде сақтау керек. Білім алушыға ән үйретпек болсақ, әуелі дауыстың түрін (нотасын), дауыстың даражасын (тонын), сонан соң барып әнді үйретер ме едік. Әуелі әннен бастап үйретер ме едік дейді. Білім алушыны өсімдікпен таныстырсақ, гүлінен, жапырағынан бастап таныстырамыз ба? Айуанмен таныстырсақ, сүйегінен бастап таныстырамыз ба? Тұлға түрінде алып таныстырамыз ғой. Білім алушы үйреткенде сол жолмен үйретіу керек. Нәрсенің бөлшегінен бастап үйретпей, тұтас тұлғасынан бастап үйретіу – дерексіз заттан бұрын деректі қатты алып таныстырыу дейді.


Мұның да дәлелі алдыңғылардікіндей, бұ да әліп-бій кітабы керек емес дейді. Білім алушы үйретіуге айрықша кітаптың керегі жоқ, кез келген кітап жарайды. Кез келген кітаптың бір бетін алып, ішіндегі сөйлемдерді оқытып, оларды сөзге бөліп оқытып, сөздерді бұуынға бөліп оқытып, бұуындарды әріпке бөліп таныстырса, сонымен білім алушы оқыуды үйреніп алады, үйткені әліп-бій әрпінің бәрі кітаптың бір бетінен табылады дейді.

Жакотоның әдісін өзгертінкіреп осы күнде де қолданып отырғандар бар. Әмерійкан әдісі деп айтылып жүрген әдістің негізі Жакотонікі.

Жакотоша үйретіу реті былай болмақ:

Кітаптың алған бетіндегі әуелі келетін, мәселен, мынадай сөйлем екен – «Қалаға жақын жердің бәрі жыйын».

Осы сөйлемді педагог кеспе әріптен жасап, тақтай бетіне тізіп қойып, дауыстап әр сөзін қолымен көрсетіп оқыйды. Сонан соң оны білім алушылар оқығанда, бәрі дауыс қосып көптеп те, жеке де оқыйды жана да қалыпты ретпен оқымай, сөзді есе қосып былайша оқыйды:



Қалаға

Қалаға жақын

Қалаға жақын жердің

Қалаға жақын жердің бәрі

Қалаға жақын жердің бәрі жыйын.

Осылай оқыу білім алушылар сөйлемнің ішіндегі кез келген сөзді танып айтатын болғанша істеледі.

Сонан кейін педагог басындағы сөзді алып, кеспе әріптен бұуынға бөлген түрде бөлек шығарып қояды да бұуын-бұуынына белгілеп оқыйды. Білім алушыларға да солайша оқытып, сөз неше бөлініп айтылатынын айтады. Сөздің бәрін солай оқытып, солай айттырып болғаннан кейін, пәлен бұуынды, түген бұуынды көрсет дейді. Пәлен бұуын қай сөзде, түген бұуын қай сөзде деп сұрайды. Пәлен бұуыны бар, түген бұуыны бар сөзді көрсет дейді. Пәлен сөздің бас бұуыны, аяқ бұуыны қайсы деген сыйақты сұраулар болады.

Сүйтіп, бір сөйлемнің өзінде білім алушылар бұуынның бірнеше түрлерімен танысып қалады.

Әріппен таныстырыу үшін де істейтін тәсілі осы. Бір бұуынды алып, мәселен, «ла»-ны алып, екі арасын ашып қойып, арасын бөліп оқыйды, білім алушыларға оқытады. Неше бөлініп айтылатынын сұрайды. Басындағы, айағындағы әріп әрқайсысы не деп аталатынын айтады, оқығанда қалай айтылатынын айтады. Сонан соң білген әріптерін басқа сөздерден тапқызады. Сонан әрпі екінші, үшінші, тағысын тағы бұуындарды алып, істейтін ісінің реті бәрі осылайша болады.

Бір сөйлемді солайша үйреніп болғаннан кейін басқаларын алып, бұлайша үйретеді. Жалғыз қойылатын шарт:

1) Оқушылар үйренген нәрсесін нық біліу, ол үшін оқыу сабағын дәйім басына бірінші сөйлемнен бастап отырыу.

2) Жаңа сөйлемді оқытуға алғанда ішінде келетін бұрынғы таныс бұуындармен таныс әріптерді білім алушылардың өздері көрсетіуі керек.

Сүйтіп, он шақты сөйлемді оқый білген кезде, білім алушылар бір жағынан әріптерді, бір жағынан бұуын түрлерін танып алып, бір жағынан оқыуға жаттығып, әрмен қарай өз беттерінен оқыуға жараған.

Жакото оқытуға ұста, әдісінде шеберлік толық болғанмен, Гедикенің әдісіндегі кемшіліктен бұ да құтыла алмаған. Ол кемшілік – оқыған сөздерін білім алушылар неге солай оқылатынын білместен жаттау. Ол кемшілігіне қарамай Жакотоның әдісі тәуір-ақ жайылған. Немістер Жакото әдісінің мәнісіне түсінгеннен кейін, Жакотоның әріпті әдісін дыбысты әдіске аудару шарасын қарастырады. Сүйтіп, бір заманда дыбысты жалқылау әдіспен дыбысты жалпылау әдіс – екеуі қатар өркендеп күшейген кезі болған. Онан әрі барып екеуі қосылып, бір әдіс түріне түскен, онысы – жалқылау-жалпылау әдіс. Ол келесі жолы сөз болмақ»

Сонымен қатар, А.Байтұрсынов «Тіл үйрету» мақаласында қазіргі таңда білім беру жүйесінде негізгі бағдар ретінде танылған тілдік дағдылар туралы ой қозғаған: «Үйретіу деген өнер. Өнердің шені-шетіне ешкім жете алмайды: Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі Өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр.

Үйретіу өнер болған соң, ана тілін үйретіу бұ да өнер. Олай болса, басқа өнерлерде болған сындар мұнда да болмақ.

Тіл үйретіу дегенге оқыу үйретіу, жазыу үйретіу, сөйлеу үйретіу кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейінайналасынан үйреніп біліп кетеді. Оқыу мен жазыу ондай емес, бұлар айрықша үйретіуді керек қылады.

Бұрынғы заманда оқыусыз, жазыусыз күнелтіуге болған. Үйткені оны керек қылушы аз болған. Керек болмаған соң, оқыусыз, жазыусыз күнелтіу қыйын болмаған. Бұ заманда оқыу жазыу білетін сауатты адамдар көбейген. Сауатты көбтің ішінде сауатсыздың күнелтіуі қыйын; себебі сауатты көбтің ішіндегі сауатсыз адам құлағы жоқ, тілі жоқ керең-мылқау күйінде болмақ» [62].

Ж.Аймауытұлы «Ұлтты сүю» мақаласында: «Ақылы, сезімі ұстарған қазіргі мәдениеттің төрінде жүрген адам білім алушысын алсақ, әр ұлт өзінің өскенін,

өзінің көркейгенін, жетілгенін, өзінің қожалығын көксіп, жанын салып, қанын судай ағызып, дүние-мүлкін ортаға салып, алысып жатыр. Бұған қарағанда адам білім алушысының өз мешелділігі мәдениет өрлеген сайын күшейіп келеді. «Өзіңе тілегенді біреуге де тіле», «адам білім алушысын бауыр тұт» деген көркем тілек далада қалып, тұрмыс күресі, қанішерлік майданда тұр» деп ұлттық ерекшелікті сақтайтын, әрі оны дамытатын мәдениет деген ұстаным айтады. Әрине, мәдениеттің бірден-бір қозғаушы күші – тіл. Сондықтан да елге жанашырлық тілден бастау алатыны белгілі.

А.Байтұрсынұлы *«Жалқылаулы-жалтылау әдіс»* мақаласында тілді оқытудың тың тәсілін ұсынады:

«Жылдың ортасына дейін кітап қолданыу жоқ. Білім алушылар оқытушының тақтайға жазғанын ғана оқыумен барады. Оқыу әріптен, не дыбыстан басталмайды, тұтас тұрған сөздерді оқыудан басталады. Мәселен, бір білім алушы шегіртке ұстап әкелген екен.

Оқытушы: «Не әкелді?» – деп білім алушылардан сұрайды. Білім алушылар: «Шегіртке әкелді», – дейді. «Шегіртке әкелді» деген сөйлемді оқытушы тақтайға жазады. Өзі оқыйды, білім алушыларға оқытады.

Сонан соң «шегіртке» деген сөзді кірістіріп, басқа сөйлемдер алады. Оны жазады, оқыйды, оқытады. Сүйте-сүйте «шегіртке» деген сөздің жазылуы қайта-қайта ұшырап, білім алушылардың жаттарында қала-қала барып, әбден таныс болып, бірден таныйтын болады. Бірден таныйтын болса, бірден оқыйтын болғаны. Басқа сөздердің де оқыуын сол іретше үйретеді.

Солай етіумен жарты жылдың ішінде 125 шамалы сөзді танып оқыйтын болады. Екі айдай сөздің дыбыс жағына жоламайды. Онан әрі ғана, білім алушылар бірсыпыра сөздің оқыуын енді біліп болды ғой дегенде барып, сөздің дыбыстарын айырта бастайды.

Дыбыс айыртыуға тұқымдас сөздер алынады. Тұқымдас сөздердің дыбыстарының көбі бірдей болады. Дыбыс айыртыуға түсерде жаңа үйретілген сөздер тұқымдастығына қарай сұрыпталып, бірінің астына бірі сатыланып жазылады. Соларды көре-көре, оқый-оқый жүріп сөздердің бәрінде де ұшырайтын ортақ дыбыстардың үнін де, әрпін де айыратын болады». Міне, бұл да көркем мәтінді жаңаша түрде түсінуімізге септігін тигізеді.

Көркем мәтінді оқыту – білім беру процесінде маңызды орын алады, өйткені бұл әдіс білім алушыларға әдебиет арқылы мәдениетпен, адамгершілік құндылықтармен, тілдің эстетикалық байлығымен танысуға мүмкіндік береді. Көркем мәтіндерді оқытуда бірнеше негізгі аспектілерді ескеру қажет:

1. Тілдік дағдыларды дамыту: Көркем мәтіндер білім алушылардың сөздік қорын, грамматикалық құрылымдарды, фразеологизмдерді меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар, мәтіннің көркемдік құрылымын талдау арқылы тілдің стильдік ерекшеліктеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

2. Сын тұрғысынан ойлау: Көркем мәтінді талдау барысында білім алушылар оқиға желісін, кейіпкерлердің мінез-құлқын, автордың идеяларын және әлеуметтік контекстін бағалауды үйренеді. Бұл сын тұрғысынан пікір қалыптастыруға, талдау және синтез дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3. Эмоционалды және эстетикалық тәрбие: Көркем әдебиет – адамның эмоционалды әлеміне әсер ететін күшті құрал. Білім алушылар әдеби шығармаларды оқу арқылы эмоцияларды, сезімдерді түсініп, олармен бөлісуді үйренеді. Бұл сондай-ақ эстетикалық талғамдарын қалыптастырады.

4. Мәдениетпен танысу: Көркем мәтіндер арқылы білім алушылар түрлі мәдениеттермен, дәстүрлермен, тарихи кезеңдермен танысады. Әдебиет әлеуметтік-мәдени контекстте адамдардың өмірін, көзқарастарын, құндылықтарын көрсетеді.

5. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту: Көркем мәтіндерді топпен оқу, талқылау, әсерлермен бөлісу арқылы білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл олардың коммуникациялық дағдыларын күшейтеді.

6. Креатив пен шығармашылық: Көркем мәтіндерді оқыту шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін де маңызды. Білім алушылар мәтіннен алған әсерлерін, ұсыныстарын, альтернативті аяқталуларын немесе сюжеттерін өз қиялдарымен байыта алады.

Көркем мәтінді оқыту әдісі білім алушылардың тілдік, мәдени, эмоционалды және әлеуметтік дамуына әсер етеді. Бұл әдіс шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға, эстетикалық талғамды дамытуға және әдебиет әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Көркем мәтінді оқытудың заманауи әдістері мен әдістемесі білім беру процесінде шығармашылықты, интерактивтілікті және технологияны қолдануды көздейді. Білім алушылардың оқу материалын тереңірек түсінуіне, сын тұрғысынан ойлауға және бейнені жылдам әрі сапалы қабылдауға көмектесетін бірнеше заманауи әдістер мен әдістемелерді атап өтейік:

1. Білім алушыларды пікірталас, топтық жұмыстар және рөлдік ойындар арқылы белсенді қатыстыру. Бұл әдіс білім алушылардың пікірлерін, идеяларын білдіруіне, бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

2. Мультимедиялық ресурстар: Видеолар, аудиоматериалдар, презентациялар және инфографикалар сияқты мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы көркем мәтіндердің мазмұнын байыту. Бұл білім алушылардың визуалды және аудиалды қабылдауын күшейтеді.

3. Білім алушыларға көркем мәтін негізінде жұмысты жасау тапсырмасы беріліп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мысалы, білім алушылар мәтін бойынша театралды қойылым, әдеби шығармашылық жұмыс немесе тақырыптық көрме ұйымдастыруы мүмкін.

4. Сын тұрғысынан оқу: Білім алушыларды мәтінді терең талдау арқылы өз пікірлерін қалыптастыруға және автордың идеясын, кейіпкерлердің мінез-құлқын, сюжет желісін бағалауға ынталандыру. Бұл әдіс сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

5. Проблемалық оқыту: Білім алушыларды нақты өмірлік жағдайларды немесе дилеммаларды талқылауға тарта отырып, олардың аналитикалық дағдыларын дамыту. Көркем мәтіндер негізінде туындаған мәселелер айналасында пікірталастар ұйымдастыру.


6. Цифрлық платформалары мен қосымшаларын пайдалану арқылы көркем мәтінді оқыту. Мысалы, электрондық кітаптар, онлайн оқу ресурстары, немесе мобильді қосымшалар арқылы оқу процесін интерактивті ету.

7. Көркем мәтіндерді оқыту арқылы басқа пәндермен байланыстыру. Мысалы, әдеби шығарма арқылы тарих, психология, қоғамтану, т.б. пәндермен байланыстыру.

8. Креативті жазу: Білім алушыларды өз шығармашылықтарын көрсету мақсатында көркем мәтіндер негізінде өзіндік әдеби жұмыстарын жазуға ынталандыру. Бұл жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Көркем мәтінді оқытудың заманауи әдістері мен әдістемесі білім алушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және мәтіннің терең мағынасын түсінуге көмектеседі. Мұндай тәсілдер оқу процесін қызықты, әрі нәтижелі етеді.

Көркем мәтінді талдау кезінде оның тілдік, мифтік, және символдық қабаттарын зерттеу – шығарманың тереңдігін түсінуге көмектесетін маңызды әдістер. Әрқайсысының тиімді жолдары мен әдістерін, көркем мәтіннің мазмұндық деңгейлерін қарастырайық:



1. *Тілдік қабат*

Тілдік құрылым мен стиль:

- Лексикалық талдау: автордың қолданған сөздік қоры, оның ерекшеліктері, стилистикалық мәні. Мысалы, көп мағыналы сөздер, метафоралар және эпитеттер.
- Грамматикалық құрылым: мәтіндегі сөйлем құрамы, синтаксистік құрылғылар, уақыт формалары. Мысалы, баяндау стилі, авторлық сипаттамалар.
- Құрылымдық талдау: мәтіннің композициясы, бөлімдер мен параграфтардың құрылымы, оқиға желісінің дамуы. Мысалы, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Талдаудың әдістері:

- Мәтінді фрагменттерге бөліп, әр фрагментті терең талдау.
- Негізгі идеяларды, автордың көзқарасын айқындайтын тілдік элементтерді бөлу.

2. *Мифтік қабат*

Мифтік контекстер:

– Мифологиялық символизм: мәтінде мифтік элементтердің, кейіпкерлердің, оқиғалардың қолданылуын зерттеу. Мысалы, дәстүрлі мифтер мен аңыздардағы мотивтер мен архетиптер.

– Космология: Әлемнің құрылымы мен тәртібі, кейіпкерлердің орны, олардың қарым-қатынастары.

Талдаудың әдістері:

– Мифологиялық зерттеулер мен салыстырулар жүргізу. (Мысалы, қазақтың дәстүрлі мифтері мен әдеби мәтіндерді салыстыру).

– Символиканың және мифтік құрылымдардың шығарманың негізгі тақырыбы мен идеясымен байланысын анықтау.

3. Символдық қабат

Символдар мен метафоралар:

– Символдардың маңызы:

Мәтіндегі маңызды символикалық элементтерді анықтау. Мысалы, табиғат элементтері, түстер, кейіпкерлер мен заттар, олардың беретін мағыналары.

– Метафоралық талдау: Автордың өнер туындысында пайдаланылатын метафоралардың символикалық және эстетикалық мағынасы. Талдаудың әдістері:

– Символдар мен метафораларды тізіп, олардың әрқайсысының мәтіндегі мағынасын талдау.

– Символдардың шығарманың жалпы контекстімен, кейіпкерлермен және сюжетпен қалай байланысты екенін анықтау.

Көркем мәтінді талдаудың тиімді жолдары мен әдістері білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сыни ойлау деңгейін арттыруға және мәтіннің терең мағынасына терең үңілуге мүмкіндік береді. Тілдік, мифтік, және символдық қабаттарды зерттеу арқылы білім алушылар көркем шығарманың мәдени, эстетикалық, және философиялық аспектілерін түсінеді.

Сараптама барысында бой көрсеткен бірқатар проблемаларға тоқталсақ. Ол бойынша мынадай ықтимал мәселелерді атап көрсетуге болады:

1. **Грамматика:** Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын бірден түсіну қиынға соғады. Білім алушылар көп жағдайда септік жүйесін, түбір мен қосымша, сөздердің морфологиялық құрылымын түсінуде қиындықтарға тап болады. Мысалы, зат есімдердің және етістіктердің түрлі формада қолданылуы, сондай-ақ олардың байланыстырушы қызметі жасөспірімдер үшін күрделі болуы мүмкін. Дегенмен, білім алушының мәтінді тереңірек қарастыру үшін грамматикалық талдау әдісі өзекті рөл атқарады.

2. **Лексикалық құрылымдар:** Қазақ тіліндегі сөздердің мағынасы мен қолдану аясын меңгеру де қиын. Білім алушылар фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, синонимдер мен антонимдердің мағынасын түсіну барысында кедергілерге тап болады, нәтижесінде сөздік қор мен стилистикалық өзгерістерді қолдану деңгейі төмендейді.

3. **Мәтін мен стиль:** Әсіресе, шығармашылық жұмыстар жазу кезінде білім алушылардың өз ойын жеткізуі, стильдік айырмашылықтарды түсінуі, сонымен қатар тілдік нормаларды сақтауы қиын болады. Көркем және ғылыми мәтіндерді

талдау барысында олардың тілі мен құрылымын дұрыс түсіну қиын болуы мүмкін.

4. **Сөйлеу тілі:** Білім алушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту барысында тілдік дайындық пен тілдің кейбір күрделі тұстарын дұрыс меңгере алмау қиындыққа әкеледі. Көп жағдайда білім алушылар өз ойларын ауызша жеткізуде, пікірталастарға қатысуда немесе интерактивті тапсырмаларды орындауда түйіткілді мәселелерге тап болады.

5. **Тілдік нормалар:** Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуация ережелеріне қатысты түсініктер тиісті дәреже қамтылмай жатады. Қазіргі таңда емлені оқыту да бірте-бірте тысқары қалып барады. Білім алушылар жазба жұмыстарында бұл ережелерді сақтау мәселесінде қиналады. Жазу мәдениетін қалыптастыру үшін грамматика мен орфографияға арналған сабақтар жеткіліксіз болуы мүмкін.

6. **Тілге деген қызығушылық:** Қазақ тілі пәнін оқу мен талдауға деген қызығушылықтың төмендігіне байланысты білім алушылар берілген мәтінді толық түсіну қиындықтарына тап болуы ықтимал. Мәтіндерді талдау барысында олардың әлеуметтік-тарихи контекстерін, автор идеясын түсіну күрделі процесс екені анық.

Осы қиындықтарды талдай келе, оқыту әдістемесінің, оқу бағдарламасының тиімді тұстарына жан-жақты үніліп, білім алушылардың заманауи қағидаларына сай болуын көздеу маңызды. Білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру мақсатында көркем әдебиетпен жұмыс істеу, шығармашылық тапсырмалар орындау, пікірталастар өткізу құптарлық іс. Бұл тәсілдер білім алушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі.

Әдебиетті оқыту әдістері білім алушылардың әдебиетке қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілеттерін дамыту және әдеби шығармаларды терең түсінуге бағытталған әдіс-тәсілдерді қамтиды. Әрбір әдіс әдебиет пәнінің ерекшеліктерін ескеріп, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлеріне сәйкес қолданылады. Төменде әдебиетті оқытудағы негізгі әдістер туралы ақпарат беріледі:

1. Дәстүрлі әдіс

Бұл әдіс педагогтің басшылығымен білім алушыларға әдеби мәтінді түсіндіру және талдау негізінде жүзеге асады. Мұнда педагог оқулықтағы әдеби шығарманы оқып, түсіндіріп, негізгі идеяларын талдайды. Білім алушылар тындап, кейде сұрақтар қояды немесе тапсырмаларды орындайды.

Әдебиетті оқытудағы дәстүрлі әдіс – бұл педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін, білім алушыларға әдебиетті терең түсіндіру, шығарманың мазмұнын ашып, оның идеялық-тақырыптық мәнін жеткізуді көздейтін әдіс. Бұл әдіс көбінесе педагогтің лекция түріндегі түсіндірмесі мен сұрақ-жауап арқылы жүзеге асады. Дәстүрлі әдіс білім алушылардың әдеби білімін қалыптастыру, олардың шығарманы түсініп оқу, мазмұндау, талдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Дәстүрлі әдістің негізгі ерекшеліктері:

– Шығарманы мазмұндау және түсіндіру.

Педагог мәтінді оқып, мазмұнын ашып, білім алушыларға негізгі идеяларын түсіндіреді. Бұл кезеңде педагог автордың өмірі, шығарманың жазылу тарихы және оның маңызы туралы ақпарат береді. Бұл білім алушылардың мәтінді түсінуіне және автордың көзқарасын сезінуіне көмектеседі.

– Кейіпкерлерді талдау.

Дәстүрлі әдісте педагог шығармадағы кейіпкерлердің ерекшеліктерін, олардың рөлі мен сипатын талдайды. Білім алушылар кейіпкерлердің әрекеттері, олардың мақсаттары мен ойлары арқылы автордың идеясын түсінеді.

– Шығарманың композициясы мен құрылымын зерттеу.

Педагог шығармада қолданылған әдеби тәсілдер, сюжеттік желі, композиция және автордың қолданған көркемдік құралдарына назар аударады. Мәселен, шығармадағы қайталаулар, метафоралар, символдар және басқа да әдеби құрылымдар дәстүрлі әдіс арқылы ашылады.

– Талдау және сұрақ-жауап тәсілі.

Педагог білім алушыларға шығарма бойынша сұрақтар қоя отырып, талдау жасауға шақырады. Мысалы, шығармадағы оқиғалардың себеп-салдары, кейіпкерлердің шешімдері және олардың болашақтағы әсерлері туралы ойлану, сұрақтарға жауап беру арқылы білім алушыларды шығарманы тереңірек түсінуге ынталандырады.

– Педагогтің пікірін жеткізуі.

Дәстүрлі әдіс педагогтің көзқарасы мен түсінігін басшылыққа алады, сондықтан педагог білім алушыларға шығарманың мәні мен негізгі идеяларын жеткізеді. Мұнда педагогтің жеке пікірі маңызды рөл ойнайды, өйткені ол шығармаға деген белгілі бір көзқарас қалыптастырады.

– Шығарманы жатқа айту немесе мазмұндау

Дәстүрлі әдісте білім алушыларға шығарманың маңызды жерлерін жатқа айту немесе оқиғаларды қысқаша мазмұндау талап етіледі. Бұл олардың есте сақтау қабілетін дамытады және әдеби мәтіндерді оқуға дағдыландырады.

Дәстүрлі әдістің артықшылықтары:

- Шығарма мазмұнын толық түсінуге көмектеседі.
- Білім алушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады, әсіресе әдебиетке жаңадан келгендер үшін.
- Педагогтің жетекшілігімен білім алушылар әдеби мәтіндерді оңай әрі тез меңгереді.

Ұсыныстар:

- Дәстүрлі әдіс көбінесе білім алушылардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жеткіліксіз болуы мүмкін.
- Педагогтің пікірі басым болғандықтан, білім алушылардың өз бетінше ойлауына шектеу қояды.
- Әдебиетке деген қызығушылығы төмендейтін, себебі білім алушылар өз ойларын айтуда аз мүмкіндік алады.

Әдебиетті оқытудағы дәстүрлі әдіс негізгі білім беру жүйесінде әдебиетті түсіну мен меңгеруде маңызы зор, алайда қазіргі заман талаптарына сай дәстүрлі әдісті заманауи интерактивті тәсілдермен толықтыру оқыту процесінің тиімділігін арттырады.

2. Талдау және талқылау әдісі

Әдеби шығарманы сыныпта талдау – шығарманың идеясы мен мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді. Білім алушылар кейіпкерлердің мінез-құлқын, олардың әрекеттерінің себептерін, автордың идеясын талқылайды. Бұл әдіс білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады.

Әдебиетті оқытудағы талдау және талқылау әдісі білім алушылардың сыни ойлау қабілетін, шығарманы тереңірек түсіну дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл әдіс білім алушыларды шығарманың мазмұнын талдауға, ондағы көркемдік құралдар мен идеяларды түсіндіруге, сондай-ақ өз пікірін еркін айтуға ынталандырады. Талдау және талқылау әдісі әдебиет сабағында мәтінді жан-жақты қарастыруға, оның мазмұны мен идеялық мәнін ашуға көмектеседі.

Талдау және талқылау әдісінің негізгі ерекшеліктері:

– Шығарманың құрылымы мен мазмұнын талдау

Білім алушылар шығарманың сюжеттік желісін, композициясын, негізгі оқиғаларын және олардың бір-бірімен байланысын талдайды. Бұл процесс мәтіннің логикалық құрылымын түсінуге, автордың негізгі ойына жетуге көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушылар мәтіннің тақырыбы мен идеясы туралы тереңірек ойлануға мүмкіндік алады.

– Кейіпкерлерді және олардың мінез-құлқын талқылау

Білім алушылар кейіпкерлердің мінезін, олардың іс-әрекеттерін, көзқарастарын талқылайды. Мұнда кейіпкердің дамуы, оның оқиғалар барысындағы өзгерістері және автордың оған берген бағасы басты назарда болады. Бұл әдіс білім алушыларға кейіпкерлердің жеке қасиеттерін ашып, олардың шешімдеріне баға беруге, сондай-ақ кейіпкерлердің өмірден алған сабақтарын түсінуге көмектеседі.

– Әдеби-стилистикалық құралдарды талдау

Шығармадағы көркемдік құралдар, мысалы, метафора, эпитет, символ, теңеу, гипербола сияқты стилистикалық элементтерді талдау – бұл әдістің маңызды бөлігі. Білім алушылар бұл құралдардың шығарманың көркемдік деңгейін көтеріп, оның мағынасын байытудағы рөлін түсінеді. Көркемдік әдістерді талдау білім алушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, олардың тілдік мәдениетін дамытады.

– Шығарманың идеясын және автордың позициясын талқылау

Білім алушылар шығармадағы идея мен автордың ұстанымын анықтап, талқылайды. Бұл процесс арқылы олар шығарманың әлеуметтік, моральдық немесе философиялық мәселелерін түсініп, автордың көзқарасын бағалайды. Сондай-ақ, талқылау барысында білім алушылар автордың тақырыпты көтеру себебі мен оқырманға жеткізгісі келген ойларын ашуға тырысады.

– Білім алушылардың жеке пікірі мен сыни ойларын айтуы

Талдау және талқылау әдісі білім алушылардың шығарманы қалай қабылдағанын және өз пікірін ашық айтуына мүмкіндік береді. Мұнда олар шығарманың мазмұны мен маңызын түсіну үшін өз пікірлерін білдіреді, сұрақтар қояды, өз түсініктерін қалыптастырады. Бұл олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытады.

Талдау және талқылау әдісінің артықшылықтары:

1. Сыни және шығармашылық ойлауды дамытады. Білім алушылардың ойлау қабілеттерін, әдеби талдау дағдыларын жетілдіреді.

2. Көпқырлы пікір алмасу. Білім алушылар өз ойларын ортаға салған кезде шығарманы әртүрлі қырынан қарастыру мүмкіндігі туады, бұл оқытудың интерактивтілігін арттырады.

3. Тақырыпты терең түсіну. Шығарманы тек беткей түсініп қана қоймай, оның астарындағы терең мағыналарын да аңғаруға мүмкіндік береді.

4. Білім алушылардың белсенділігін арттырады. Талқылау арқылы олар әдебиет сабағына қызығушылық танытып, өз ойларын білдіруге ұмтылады.

Аталған мәселелер бойынша мынадай ұсыныстар қарастырылады:

– Уақытты тиімді пайдалану. Шығарманың барлық аспектілерін талдау көп уақытты қажет етеді, сондықтан бұл әдісті әрқашан қолдану мүмкін болмауы мүмкін.

Барлық білім алушылардың белсенді қатыспауы. Кейбір білім алушылар ұяңдықтан немесе түсінбеушіліктен өз ойларын айтуға қысылуы мүмкін.

Педагогтің жетекшілігі маңызды. Егер педагог талқылауды дұрыс бағыттап отырмаса, талдау біржақты болып қалуы мүмкін.

Талдау және талқылау әдісі әдебиет сабағында білім алушылардың мәтінді терең түсініп, өз пікірін жеткізуіне жағдай жасайды. Бұл әдіс білім алушылардың көркем шығарманы жан-жақты қарастыруына, оның идеясын, тақырыбын, кейіпкерлерін түсінуіне көмектеседі. Сонымен қатар, талдау және талқылау әдісі білім алушылардың шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытып, әдебиетке деген қызығушылығын арттырады.

3. Драма әдісі

Әдеби шығарманы қойылым ретінде сахналау арқылы оқыту әдісі. Білім алушылар белгілі бір мәтінді немесе оқиғаны сахналап, кейіпкерлер рөлін ойнап шығады. Бұл әдіс шығарманы тереңірек түсінуге және шығармашылық қабілеттерді дамытуға көмектеседі.

4. Дискуссия (пікірталас) әдісі

Әдебиет сабағында дискуссия жүргізу арқылы білім алушылар өз пікірін ашық айтып, шығарманы терең түсінуге мүмкіндік алады. Бұл әдіс шығарманың басты идеялары мен кейіпкерлердің әрекеттері туралы сыни ойлауды дамытуға бағытталған.

5. Шығармашылық әдіс

Бұл әдіс білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мысалы, білім алушылар белгілі бір шығармаға байланысты өлең жазу, эссе жазу, сурет салу немесе сахналық қойылым әзірлеу арқылы шығармашылық жұмыстарын көрсетеді.

6. Технологиялық әдіс

Заманауи технологияларды пайдалану арқылы әдебиет сабағын өткізу. Мұнда интерактивті тақталар, электронды оқулықтар, видеоматериалдар және басқа да сандық ресурстар қолданылады. Бұл білім алушылардың қызығушылығын арттырып, шығармаларды түсінуді жеңілдетеді.

7. Жобалық әдіс

Білім алушыларға әдеби тақырыптар бойынша жобалық алушы жасау тапсырмасын беру. Бұл әдіс білім алушылардың іздену дағдыларын дамытып, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйретеді. Жоба тақырыптары белгілі бір жазушының шығармашылығынан бастап, әдеби жанрларға дейін әртүрлі болуы мүмкін.

8. Коммуникативті әдіс

Бұл әдіс әдебиетті оқытуда білім алушылардың тілдік қарым-қатынасын дамытуға бағытталған. Шығармадағы диалогтар, кейіпкерлердің сөйлесу стильдері талданып, білім алушыларға өз ойларын дұрыс жеткізуге үйретіледі.

9. Салыстыру әдісі

Әдеби шығармаларды немесе авторларды салыстыру арқылы оқыту әдісі. Мысалы, екі шығармадағы кейіпкерлердің мінездерін, екі жазушының стильдерін немесе белгілі бір кезеңдегі әдеби ағымдарды салыстыру.

Әдебиетті оқыту әдістерін тиімді қолдану білім алушылардың әдеби білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін де дамытады.

Шет тіліндегі әдебиеттерді оқи білу – шет тілін үйрену барысында алынатын негізгі дағдылардың бірі. Бүгінгі таңда шет тілі педагогі үшін оқу-әдістемелік кешендерді таңдау – дайын әдістемелік әзірлемелер мен оқу-әдістемелік құралдардан бастап қолжетімді, шынайы публицистикалық материалдар мен көркем әдебиетке дейін маңызды. Дегенмен, нақты білім алушыларды оқытудың стратегиясын таңдағанда, оқу бағдарламасында көркем мәтіндерді пайдаланудың орындылығы, сондай-ақ олардың шынайылығы немесе бейімделу дәрежесі туралы сұрақ туындайды.

Шетел тілін оқыту бағдарламаларына көркем мәтіндерді енгізуде дәстүрлі оқытудың отандық әдістері айтарлықтай қолайлы. Көркем әдебиетті оқу аспектісіне қосымша көңіл бөлуге мүмкіндік беретін «үңіліп оқу» бағдары шет тілін тереңдетіп оқытатын мектептер мен жоғары оқу орындарының жоспарына жиі енеді. Отандық әдіскерлер одан келесі артықшылықтарды көреді:

1) Көркем әдебиетті оқу стандартталған білім беру мәтіндерінен алшақтап, білім алушыларды заманауи «жанды» тілмен таныстыруға мүмкіндік береді.

2) Көркем мәтінмен жұмыс – тілдік, лексикалық және грамматикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Жағдайларды, кейіпкерлерді, оқиғаларды бағалай отырып, білім алушыға оқығаны туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік бере отырып, тілдік кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Осылайша, көркем мәтінді оқу – сөйлеу әрекетін ынталандырады.

3) Көркем шығарманы оқу – тілдік және мәдени аспектіні қамтиды. Ол шет тілді қоғамның әлеуметтік, мәдени, құрылымы туралы мағлұмат береді, білім алушылардың жалпы ой-өрісін кеңейтіп, эстетикалық талғамын оятуға мүмкіндік береді.

4) Көркем мәтінді оқу – өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Мысалы, семантикалық ақпаратты өңдеу, оқығанын жүйелеу және талдау, сөздікпен жұмыс.

5) Көркем әдебиет – «адамның шет тілінде қарым-қатынас жасау, басқа мәдениет өкілдерімен белсенді қарым-қатынас жасау, халықаралық деңгейде өз

мәдениетін көрсету мүмкіндігін білдіретін» қосалқы тілдік тұлғаны қалыптастыру құралы.

Е.И.Цвирко аналитикалық оқуға үйрету кезінде көркем шығарманың ғылыми-танымдық және оқу-әдістемелік мәтіндерден мынадай артықшылықтарын атап көрсетеді:

– Көркем мәтін жалпы адамзаттық танымға бағытталғандықтан, жастардың талпынысы мен сұранысына сай келеді.

– Көркем мәтіннің тақырыбы кең және ғылыми-көпшілік және басқа да көркем әдебиеттерден айырмашылығы, арнайы бастапқы білімді қажет етпейді.

– Көркем мәтіннің композициялық құрылымы – бөлшектенудің, фабуланың болмауы – сюжеттің барлық элементтерін конфликтті шешуге бағыттауға мүмкіндік береді, бұл бүкіл оқу үдерісінде қызығушылықты сақтауға мүмкіндік береді.

Көркем мәтінді оқыту – жаңа ғасырмен бірге жүріп отыратын динамикалық процесс. The Cambridge Handbook of Teaching English to Foreigners кітабының «Тіл класындағы әдебиет» тарауының авторы Алан Мэлей бұл жағдайды былай түсіндіреді: «Тарихқа көз жүгіртсек, әдебиет ежелден шет тілін оқытуда лингвистикалық ақпараттың негізгі көзі болды. Алайда шетел тілін оқытудың техникалық құралдарының, әдістемесінің дамуымен және тілдік материалдың қолжетімділігімен көркем шығарманың шет тілін оқытудағы рөлі әлсірей бастады. Ағылшын тілінің өсіп келе жатқан танымалдығы «функционалдық сауатты пайдаланушыларды» жаппай өндіруді талап етті. Бұл процесте әдебиет пен көркем сөзді пайдалану орынсыз, тіпті ішінара зиянды болды. «Ескі» және «жаңа» көзқарастарды жақтаушылар арасындағы пікірталас күні бүгінге дейін жалғасуда, дегенмен «соңғы уақытта әдебиетті және оның оқу процесіндегі құндылығын біртіндеп қалпына келтіру байқалады». 1980 жылдардан бастап көркем мәтін ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесіне біртіндеп қайта орала бастады».

Осылайша, ғалым айтқандай, шет тілін оқыту процесінде әдебиетті пайдаланатын шетелдік әдіскерлер мен педагогтерге түрлі мәселелер туындайды.

Оның ішінде, әдебиеттік оқу – озат оқушының ерекшелігіне сәйкес келуі және сәйкесінше оқу үрдісінің шеңберіне де сәйкестігі маңызды.

Көркем мәтін өзінің грамматикалық құрылымы жағынан күрделі және мәдени тұрғыдан түсініксіз және түсінуді қиындататын қажетсіз лексикалық бірліктерді қамтуы мүмкін. Дегенмен кейбір тәжірибелі педагогтер үшін мәтіннің грамматикалық және мәдени күрделілігі мәтінді тереңдетіп оқуға түрткі болып табылады.

Олай болса, педагогикалық тәжірибеде әдебиетті қолдаушылар көркем мәтінді пайдалануды көптеген тың идеялармен сабақтастыру қажет.

Әдебиет сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі, білім алушыларды өз пікірлері мен ойларын айтуға, өз көзқарасын қорғауға ынталандырады. Оқылған материалды әрі қарай талқылаулар мен талқылаулар үшін пайдаланған кезде әдебиет білім алушылар арасында өзара әрекеттестік орнатуға да көмектеседі.

Көркем мәтінді оқу – зерттелетін тілдің көркемдігін барынша көруге көмектеседі. Әдебиетте ең жақсы авторлар жазған оқиғаларды, орындарды, кейіпкерлерді, қарым-қатынастарды сипаттау мысалдары келтірілген.

Кітап оқу – білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, сыртқы әлеммен қарым-қатынас орнатады. Көркем мәтін грамматикалық ережелер мен мәдени фактілердің жиынтығы ғана емес, оқу тәрбие процесінен тыс әлеуметтік-мәдени факторларды одан әрі зерттеуге қызығушылық тудырады.

Көркем мәтін білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырады, оқу процесін шығармашылық және тартымды етеді, білім алушылардың өзін-өзі бағалауын арттырады.

Линдси Клэнфилд көркем мәтінді зерттеудің үш негізгі тәсілін анықтайды, оларды үш үлгіге біріктіреді: мәдени үлгі, көркем мәтінді өнім, зерттелетін мәдениет туралы ақпарат көзі ретінде қарастырғанда. Негізгі назар әлеуметтік, саяси, тарихи контекстке және мәтіннің әдеби ағымдар мен жанрларға қатыстылығына аударылады. Бұл модель педагогке көбірек бағытталған және университеттің педагогикалық тәжірибесінде кең таралған.

Мәтінді оқу кезінде лексикалық-грамматикалық құрылымдарға немесе мәтінді саналы түрде түсіндіруге мүмкіндік беретін стилистикалық талдауға көп көңіл бөлінетін тілдік модель. Бұл модель білім алушыға көбірек бағытталған, жалпы тілді меңгеруді жақсартады және әдебиетке деген көзқарасты сауатты етеді.

Білім берудегі жаңа тенденциялар білім алушылардың көпбағытты оқуына және мәтін мазмұнын тереңірек түсініп оқу процесіне бағытталған. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар өз пікірлерін білдіруге, өз тәжірибелерін сипаттауға және оқығандарына өз көзқарастарын білдіруге ынталандырылады. Бұл модель оқырман мен мәтіннің өзара әрекеттесуіне ықпал етеді, тіл үйренуді есте қаларлық және жекелендірілген етеді.


Жоғарыда айтылғандарды сараптайтын болсақ, отандық және шетелдік әдіскерлер көркем мәтінді тіл үйрету сабақтарында қолданудың оң әсерін байқап, білім алушылардың тілдік және эстетикалық дамуы үшін көркем сөздің сөзсіз артықшылықтарын атап өтеміз. Әдебиетті пайдаланудың шынайы және табиғи тіл, тіл байлығын дамыту, ауызша сөйлеуді байыту және дамыту, эмоционалды-психологиялық пайдасы сияқты айқын артықшылықтардан басқа, оқу процесінің академиялық сипатына тікелей қатысты тағы бір нәрсе бар. Көркем мәтінді оқу жалпы сауаттылықты қамтамасыз етеді және кез келген саланың сауатты маманын қалыптастыруға қажетті сыни тұрғыдан ойлау, талдау, дербестік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныпта тілге бойлата оқу негізінде көркем мәтінді талдау – оқушылардың тілдік әрі танымдық қабілетін дамытады.

Қазіргі бастауыш мектептердегі деңгейлеп-саралап оқыту әрбір білім алушының жұмыс қарқынын, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерінің ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Кез келген деңгейлеп-саралап оқытудың түпкі мақсаты – оқудың сапасын арттыру. Бірсыдырғы оқу түрлері білім алушының оқуға деген қызығушылығының жоғалуына әкеліп соқтырады, сондықтан дауыстап оқу мен іштей оқу, бәсең дауыспен немесе дауыстап оқу,

қарқынын жылдамдатып немесе баяулатып оқыту т.б. жұмыс түрлерін алмастырып отыру қажет. Сыныптан сыныпқа көшкен сайын өзіндік оқудың көлемін ұлғайтып отыру керек, мұнсыз білім алушының толыққанды дамуы туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Көркем мәтін мен тілге қатысты әдістемелік құрал педагогге мынадай тәсілді ұсынады:



Аталған дағдыларының қалыптасуын тиімді тексеріп отыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламасындағы көптеген мәтіндердің өлең түрінде келетінін ескере отырып, шапшаңдыққа оқу дағдысын тексеру барысында өлең түріндегі мәтіндерді де қолданып отырған жөн. Өлең түріндегі мәтіндерді оқыту кезінде өлең оқу ырғағына, дауыс реңкіне, кідіріс қоя білуіне, эмоционалды бояуына, бейнелі оқи білуіне мән беріледі. Мұндай мәтіндер педагогтің қалауы бойынша алынады.

Оқу техникасын тексеру кезінде педагог білім алушының оқу дағдысын, түсініп және дұрыс оқуын, оқу шапшаңдығын, мәнерлеп оқуын біртұтас алуы қажет.

Білім алушының **түсініп оқуын** тексеру кезінде бәрінен бұрын мәтіннің толық мазмұнын, жекелеген сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің мағынасын түсінуіне көңіл бөлу қажет. Бұл жағдайда педагог мәтін соңынан «Мәтін не туралы?», «Басты кейіпкерлерді ата», «Мәтін бойынша ерекше қалған оқиғаны баянда» деген сияқты қысқа көлемді сұрақтармен тексеруіне болады, алайда көп сұрақпен білім алушыны шаршатуға да болмайды.

Кіші мектеп жасындағы білім алушылардың мәнерлеп оқу дағдысының қалыптасуының басты көрсеткіші – әр оқу кезеңіне (жарты жылдық, жылдық) байланысты оқу бағдарламасында бекітілген оқу тәсілі. Ең тиімді оқу түрі – сөздерді толық оқу, бұл әсіресе 3-4 сынып білім алушылары үшін аса маңызды.

Сабақ барысында білім алушылардың мәтінді бірнеше қайтара оқуы оқу дағдыларының жетілуіне мүмкіндік береді. Бұл іріктеп оқыту, рөлдерге бөліп оқу, хормен оқу, тізбектей оқу, іштей оқу, «көзбен оқу» сияқты әр түрлі оқу түрлері арқылы жүзеге асырылады. «Көзбен оқуды» мәтінмен ауызша жұмыс түрлері алдында (мазмұндау, жоспар құру, тақырып қою т.б.) қолданған тиімді.

Оқу шапшаңдығы да оқу тәсіліне байланысты. Буындап оқитын білім алушылардың шапшаңдығы бір басқа болса, ал тұтас сөздерді оқитын білім алушылардың шапшаңдығы бір басқа. Оқу дағдысын тексеру кезінде білім алушыны «тезірек оқы» деп асықтыруға болмайды. Мұндай асықтырудан кейін ол 1-2 сөзді немесе сөйлемді ғана тез оқуы мүмкін, алайда қайтадан сол кезеңдегі өзінің қалыптасқан шапшаңдығына түседі.

Егер оқу дағдысы оқу жылының басында (10-15 қыркүйекте) тексерілетін болса, оқу шапшаңдығының көрсеткіші өткен сыныптың соңындағы деңгейде болуы тиіс.

Оқу дағдысын тексеру кестесі

№	Сыныбы	I жарты жылдық	II жарты жылдық
1	1	15-20 сөз және белгі	20-25 сөз және белгі
2	2	35-45 сөз және белгі	45-55 сөз және белгі
3	3	55-65 сөз және белгі	65-75 сөз және белгі
4	4	75-85 сөз және белгі	85-95 сөз және белгі

Оқу дағдысын тексеру кезінде білім алушыны жайдары жүзбен қабылдап, қолайлы жағдай жасау білім алушының мәтінді қалыпты жағдайда аспай-саспай түсініп оқуына, оқу сапасының артуына мүмкіндік береді. Білім алушы тарапынан жіберілген қателіктер оқу материалының мазмұнын дөрекі бұрмалауға апармаған жағдайда мәтін оқылып біткеннен кейін түзетіледі.

Мәнерлеп оқуын бағалау кезінде сөздің анықтылығына, нақтылығына, кідірістің сақталуына, логикалық екпіннің қойылуына, тиісті дауыс ырғағына келтіріп оқи білуіне, диалогтардың дұрыс оқылуына мән беру керек.

Мәнерлеп оқу – оқудың ең жоғарғы түрі. Білім алушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін педагог сабақ үстінде төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізіп отыруы тиіс:

- мәтіндегі (үзіндідегі) қай қатарларды дауыстап, қуанышты, ал қай қатарларды қалыпты жағдайда, жай, мұңды оқыр едің? Неге?
- нағыз батырдың өзін қарсы алып тұрғандай болып оқуғы тырысу.
- тыңдармандарымыз біздің кейіпкерлеріміздің әрқайсысының ерекшеліктерін аңғаратындай дәрежеде оқуға, асықпай оқуға тырысу;
- бірнеше сөздерді топтап оқуға, әңгімедегі (аңыздағы, өлеңдегі) негізгі ойды беретін сөйлемдерді дауыс ырғағымен бөліп оқуды үйрен және т.б.

Бастауыш мектепте іштей оқу дағдыларын қалыптастыру да көзделеді. Дауыстап оқу арқылы материалды білім алушы ғана емес, тыңдаушы да қабылдайды. Іштей үндемей оқуға тек оқып жатқан білім алушы қатысады, алайда түсіну, есте сақтау және оқығанын меңгеру іс-әрекеті жақсара түседі. Іштей оқу – бұл дауыс шығармай көзбен оқу. Сыбырлап және еріндерін жыбырлатып оқу дауыстап оқудан іштей оқуға көшу кезеңінің көрінісі болып табылады және іштей оқуға жатпайды.

Егер іштей оқу шапшаңдығы дауыстап оқу шапшаңдығынан аспаса, онда іштей оқу өз дәрежесінде қалыптаспаған деген сөз. Іштей оқу дауыстап оқуға қарағанда 20-40 сөзге дейін артық жүретіні белгілі, сондықтан оқудың бұл

түрін қадағалап отырудың да маңызы зор. Мұндай тексеруді 2-сыныптан бастап жүргізген жөн.

Іштей оқуға көлемді, мазмұны жағынан қызықты, тілі анық, білім алушыларға онша таныс емес шығармаларды оқытқан абзал. Іштей оқуды тексеру әдісі дауыстап оқуды тексеру әдісімен бірдей. Іштей оқу аяқталғаннан кейін білім алушының мәтіннің негізгі мазмұнын қаншалықты меңгергені тексеріледі.

Педагогке көмек ретінде оқу дағдысын тексеруге арналған кесте ұсынылып отыр. Бұл кестені барлық 4 жыл көлемінде пайдаланған тиімді. Оқу дағдысын жетілдіруге бағытталған жұмыс барысында жүйелі тексеріп қана қоймай, тексеру нәтижесін арнайы дәптерге тіркеп, жіберілген кемшіліктерді жоюға бағытталған жеке жұмыс түрлерін жүргізіп отыру қажет. Педагог тек әр жеке білім алушының оқу деңгейін біліп қана қоймай, жалпы сыныптың оқу деңгейін де білуі қажет. Сондықтан әр тексеруден кейін сынып бойынша кесте жасалады.

Оқу дағдысы	Білім алушылар (саны)
Тәсілдері: • буындап оқиды • буындап және толық сөздерді оқиды • толық сөздерді оқиды	...
Дұрыстығы: • қатесіз оқиды • қате жібергендер	...
Шапшаңдығы: • талаптан төмен • талапқа сай • талаптан жоғары	...
Мәнерлеп оқуы: Мәнерлеп оқиды	...
Оқу дағдыларын жетілдіруге арналған ұсыныстар:	...

Әр білім алушының оқу дағдысы жеке тексеріледі. Бұл кезде секундомер пайдаланбаған жөн, минуттық тілі бар сағат пайдалану керек. Педагог оқыту барысында уақытты білім алушыға білдірмей және сағатты білім алушы оқуды бастағаннан кейін белгілегені жөн, өйткені көптеген білім алушылар оқуға дайындыққа көп уақыт жібереді, бірінші қатарын іздейді, зейінін тұрақтандырады, т.б.

Төменгі нәтиже көрсетіп жүрген білім алушылар бойында сенімділік ұялатып, көңілдерін көтеріп, көмек көрсету қажет, оқуына жайдары жүзбен сипаттама беріп, жақсы жақтарына баса көңіл аудару қажет, содан кейін кеткен кемшіліктері ескертіледі. Әсіресе психо-физиологиялық кемшіліктері бар кекеш, көзінің көруі нашар, шамадан тыс баяу білім алушылар ерекше бақылауда болуы тиіс.

Қорытынды шығару кезінде бұл ескеріледі. Мұндай білім алушылардың оқуын бақылауды сабақ барысында жүргізуге де болады. Оқу дағдысын

тексеру білім алушыларға таныс емес мәтіндермен жүргізіледі. Зерттеу барысында 3 сыныпта сабақ өтті. Педагог осы сыныппен жұмыс жасап, білім алушылармен бірден тіл табысты. Сөйтіп, сабақ барысын жүйелі түрде басқара білді.

3-сыныпты бітірген білім алушы:

- ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрларын (аңыз, ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, айтыс, шешендік сөздер, батырлар жыры, айтыс өлеңдер т.б.) ажырата алуды;

- шығарма авторларын, олардың көзқарасын;

- авторы арқылы шығармаларын атауды;

- көлемі 200-250 сөзден тұратын мәтінді толық және қысқаша әңгімелей алуды;

- көркем шығарма жанрларын (әңгіме, өлең, қара сөз т.б.) ажырата алуды;

- өлең жолдары мен шумағын;

- шығарманың тақырыбы мен басты кейіпкерлерін атауды біледі.

- Мысалдағы аллегорияны;

- көркем шығарманы өмірмен байланыстыра білуді;

- мәтінді тапсырмаға сәйкес теріп оқуды;

- мәтіндегі белгілі мен белгісізді түсінеді.

- Мазмұндама мен шығарма жазуды (30-35 сөзден тұратын);

- Ата-аналарына құттықтау, достарына хат жазуды;

- жыл аяғына дейін 4-5 тақпақ, 4-5 өлең, 3-4 үзінді, 4-5 жұмбақ, 5-6 мақал-мәтелді жатқа білуді;

- мәтінге жоспар құруды;

- мәтін бойынша сұрақтар қоя алуды меңгереді.

Көркем шығарманы қабылдауды ұйымдастыру жолдары әрқилы болып келеді. Жеке туындыларды қабылдауда оны бүтіннің бөлшегі ретінде ойлап, білім алушылардың әдеби білімінің элементі ретінде, олардың ойының дамуына, қоғамдағы қалыптасу мен эмоционалды-эстетикалық әсер алуы жайлы үнемі есте тұтқан жөн. «Адам білім алушысы... көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» – дейді Абай. Білім алушының сыртқы ортаны тануы осындай жекелеген қасиеттерден, жеке бөліктерден тұрғанымен, білім алушы белгілі бір ұғым, түсінікті тұтастай қабылдайды. Көркем шығарманы оқытқанда қабылдаудың осындай тұтастық заңдылықтары мен даралық ерекшеліктерін дұрыс байланыстырғанда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.


Көркем мәтінді дұрыс әрі тез қабылдаудың тәсілдері жөнінде А.Құнанбайұлы «Отыз бірінші қара сөзінде» былай деген: «Естігенде бір нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: *әуелі* – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; *екінші* — сол нәрсені көргенде не естігенде ғибрәтлену керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; *үшінші* — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек; *төртінші* ой кеселдерінен қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымшы салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, не қайғыға салыну, не бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Яғни,

«тұшынып, ынтамен ұғу» концепциясы – мәтінді қабылдаудың алғашқы баспалдағы.

Шығармадағы даралық ерекшеліктерді ажыратып тани отырып, білім алушы бірінен-бірі ажырамай тұрған тұтас әлемді, шығарма табиғатын таниды. Осы ұғымның білім алушы есінде берік орнығуының бір шарты — ассоциациялық байланыстың дұрыс болуы.

Іргелестік ассоциациясын шақыра отырып, танымға қызмет етіп тұрған жекелеген сөздер тудырып тұрған ұғымдарды саралау, анализ жасау, сондай-ақ ұқсастық ассоциациясы тудыратын көріністерге сипаттама жасау, қажетті тұсында қарама-қарсылық ассоциациясын да пайдалану қажет. Сондықтан мәтінмен танысар алдында шығарма тақырыбының өзі білім алушыларға қандай ассоциация туғызатынын білу маңызды.

Мәселен, 5-сыныптағы **М. Жұмабаевтың «Қысқы жолда»** өлеңіне қатысты «Қысқы жол» сөзін естігенде «қандай ассоциация туындайды?» деген сауал тастауға болады. Жауаптардың әрқилы болуы заңды. Біреуі «қар», «суық», «шана» деп жатса, енді бірі «таза», «аяз», «қырау» т.б. көптеген ұғымдар туындайды.



Білім алушы ассоциациясындағы ұғымдардың қай-қайсы болмасын мәтінді қабылдауға алғашқы жәрдемші болары сөзсіз. Себебі білім алушы жаңа бір ұғым түсінікті *өз тәжірибесіне* сүйеніп қана қабылдайды.

Сөйтіп, **«Сөз>бейнелі ойлау>бейне (сурет)»** концепциясы қалыптасады.



24-сурет. «Қысқы жол»

Сабақ барысында шығарма мәтінін көркем қабылдай отырып, білім алушы санасы жаңа ұғымдармен толыға түседі. Әдістеме ғылымы үшін білім

алушылардың мәтінді көркем қабылдауын зерттеуде маңыздысы – әдеби шығарманы талдауды жетілдіру, тың бағыттары мен жолдарын мейлінше молайту болып есептеледі.

Н.О.Корст шығарманы қабылдау мәселесіне мейлінше ден қояды, тіпті оны талдаумен бірдей деңгейге теңестіре қарастыру керектігін айтады. Әдебиетті оқу кезінде «жаңа сәттердің» көп болу керектігі, сол арқылы эстетикалық сезім мен бірге білім алушылардың ойлау белсенділігін дамыту қажеттігін дәлелдейді. Автордың ерекше салмақ түсіре айтатын пікірі шығарманы мәнерлеп оқуға қатысты.

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу – қабылдауға жолбасшы болатын ең басты тәсілдің бірі. Мәнерлеп оқылған мәтін білім алушыға әр сөздің өзіндік өрнегі мен мәнін ашып, сезінуіне тиімді ықпал етеді. Өз мәнінде мәнерлеп оқылған мәтін тыңдаушысына көркем көріністі де, мәтіндегі автор толғанысын да, поэтикалық образды да т.б. шығарма өзегіндегі қат-қабат ойлардың ағымын да сездіруге дәрменді.

Мәтінді мәнерлеп оқу мәселесін сөз еткенде екі жақты жұмыс түрін анықтаған орынды. Оның бірі, мәтінді білім алушының алғаш қабылдауын ұйымдастыру мақсатында педагогтің оқуы. Екіншісі, әдебиет пәні аясында білім алушылардың мәнерлеп оқу дағды, машығын қалыптастыру. Педагогтің мәтінді мәнерлеп оқуы да аса маңызды. Себебі мәтінді қабылдауға, талдауға алғашқы қадам ретінде педагогтің мәнерлеп оқуы, мәтін аясында жүргізілетін басқа да оқу-танымдық жұмыстардың тиімді жүргізілуіне ықпал етеді.

Мектеп практикасында тек лирикалық шығармалар ғана мәнерлеп оқуға ұсынылады деген бір жақты пікір қалыптасқан. Негізінде прозалық шығарманың үзіндісі де, шығармадағы пейзаж, монолог, кейде диалог, драмалық шығарма бөлігі де мәнерлеп оқылады. Басты мақсат шығарманы мәнерлеп оқуға дағдыландыру болмақ. Мәтінді жатқа оқу мәнерлеп оқудың тиімділігін арттыратын бір амал. Себебі жаттаушы мәтінді өзегінен шығара жатқа айту арқылы авторлық ойға жақындай түседі. Әр сөздің мәнін ашатын дауыс ырғағы мен екпінін түсіруге жақын болады.

Мәнерлеп оқуға білім алушыларды төселдіру үлкен дайындықты қажет етеді. Бағдарлама талаптары бойынша мәнерлеп оқуға дағдаландыру 5-7 сыныптарда міндеттеледі әрі ол үздіксіз жүргізілуі тиіс жұмыстың бірі. Аталған сыныптарда кездесетін қиындықтың бірі мәтінді жүргізіп шапшаң оқу дағдыларының әр білім алушыда әр дәрежеде болуы.

Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынтасы да арта түседі. Мәтінді баяу оқыған білім алушы оның мазмұнын түсінбейді. Кейде шапшаң оқимын деп сөздің кей буындарынан қате жіберіп жатады. Шапшаң оқуға жүйелі түрде күнбе-күн оқыту арқылы ғана дағдыландыруға болады.

Мәтінді оқу – бұл графикалық белгілермен берілген басқа біреудің ойын меңгеру. Дұрыс түсініп, жылдам мәнерлеп оқу – бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан білім алушыны жаттықтыру үшін де әр сабақта іске асырып отыру қажет. Мәнерлеп оқу екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, тыныс

белгілерін сақтап, дұрыс кідіріс жасау, дауысты сөйлемдегі ой мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе тілек, сұрақ, көңіл-күйді көтеріңкі күйде оқу ескеріледі. Мектеп тәжірибесінде білім алушылардың көбінде өлең шумағын, тармағын бір ырғақта оқу қалыптасқан. Мәнерлеп оқуға төселдіру жұмыстарында педагог мәтінді байыппен оқи отырып білім алушыларға дауыс қарқыны, ырғағы, логикалық, психологиялық екпіндері, белгілі бір мәндегі сөздерді оқығандағы қысқа және ұзақтау кідірістерді байқатуы керек. Педагогтің мәнерлеп оқуының өзі білім алушылар үшін «дыбыстық көрнекілік» болуы мүмкін. Бірақ бұл үнемі педагог өзі оқып, бақылату керек деген ой емес. Мәнерлеп оқу әдіс-амалдарын да түрлендіріп жүргізу керек.

Мәнерлеп оқу мәтінді талдауға алғашқы баспалдақ – оқу әрекеті. Мәнерлеп оқу барысында талдауға қажетті оқу-әрекеттерінің біразын жүзеге асыруға болады. Мәнерлеп оқу міндетті түрде талдау жұмыстарына ұласуы керек. Көркем шығармаларды талдау барысында көркем шығарма мәтінін қабылдау мен оны талдаудың байланысатын нысандарына тоқталу аса маңызды. Мәтінді талдау кезінде әдістеменің көпфункционалдылығы іске асырылып, сонымен қатар ол көптеген тізбекті тапсырмаларды шешуге бағытталады. Көркем шығармаларды талдау мәселесін қарастырғанда ең маңыздысы, керекті нысандарға тоқталып, әдеби мәтінді қабылдау үдерісін талдау жұмысына ұластыру. В.Я.Стоюниннің айтуы бойынша талдаудың басты мақсаты шығарманың форма мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, идеялық өзегін талдаудың өн бойында жүргізу.

Талдау үдерісінде шығарманың эстетикалық қыры аса маңызды. Бірақ ол шығарманың форма мен мазмұнының ажырамас бірлігін, жеке бірліктердің бүтінмен байланысынан тысқары жүргізілсе көп нәтиже бермейді. Мектеп практикасында көркем мәтіннің эстетикалық бірліктерін (троп пен фигураның түрлерін) атаумен шектелетін сәттер жиі ұшырасады. Мақсат көркемдік құралдардың бар екенін білуде ғана емес, сол құралдар мәтінге қандай эстетикалық реңк дарытқанын ажыратып тануда ғой. Талдаудың міндеті оқырманды өзіндік образ қалыптастыруға баулу, сонда ғана көркем өнерді толыққанды қабылдауға үйренеді. Өткен ғасырдың екінші жартысында әдебиет арқылы эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру туралы пікір білдірген әдіскердің бірі – В.П.Острогорский. Ол білім алушының санасы мен жадын дамытуды ғана мақсат ету жетімсіз екендігін ескерте келіп, эстетикалық талғамды, мейірімділік сезімі мен қиялды дамыту маңызды екенін айтады. Острогорский әдістеме ғылымында әдістердің жіктелмесін жасаған әдіскердің ең алғашқысы. Ол әдістің екі түрін көрсетеді: қысқарған (диалогтарда кездесетін түрі), академиялық (педагогтің түсіндіруімен лекция түрінде өтетін түрі). Ол білім алушылардың әдеби оқырмандыққа баулу, олардың сөйлеу мәнерін кемелдендіру, мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, сыныптан тыс оқуды жақсарту туралы ой-пікірлері әдіскерлер үшін маңызды болып есептеледі. Оның шығарма жазуға арналған ұсыныстары, білім алушылар бойында адамгершілік қасиеттерді дамыту туралы пікірлері әдістеме ғылымында қалыптасқан дәстүрді тануға, түсінуге мүмкіндік береді.

Көркем шығарманы қабылдау мен талдау үдерісін тиімді ету үшін бізге дейінгі әдіскерлердің озық идеяларына сүйенетініміз белгілі. Әдіскер ғалым М.А.Рыбникованың теориялық ойлары мен нақты әдістемелік нұсқаулары әдістеме ғылымының одан ары қалыптасуына үлкен үлес қосты. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының ХХ ғасырда дамуына қатысты аты ерекше аталатын әдіскер – В.В.Голубков. В.В.Голубков шындықты танудағы ең қуатты қару – әдебиет деп бағалаған.

Көркем шығарманы қабылдау мен тану үдерісіне бірден-бір ықпал ететін талдау жұмыстары. Көптеген әдіскерлер мен психологтар «өнертану» дегенді талдаудың нәтижесіне білім алушыды. Көркем шығарманы түсініп, түйсіну, қабылдау үдерісі оқырмандықты қалыптастыру міндеттерінен тысқары емес. Оқырмандықты қалыптастыру барысында білім алушының дүниетанымын, рухани әлемін, тұлғалық болмысын қалыптастыру көзделеді.

Жас деңгейі шамалас бір сыныптың білім алушыларының өзі шығарманы әртүрлі оқып, әртүрлі қабылдайды.

Шығарманы үйде оқып қабылдау бар да, сыныпта оқу немесе тыңдау арқылы (аудиалды) қабылдау көздері бар.

Шығарманы оқу, қабылдау үдерісін үнемі дамытып отыру, білім алушының осы оқу әрекетін үнемі бақылау мен есепке алу нәтижесінде ғана жүзеге асатыны белгілі. Әдістемелік тәжірибеде білім алушының қабылдауын ұйымдастыру мен анықтаудың бірнеше әдіс-тәсілдері белгілі:

– *шығармадағы кейбір сөздер мен ұғымдардан туындайтын ассоциацияны анықтау;*

– *көркем шығарманы оқығаннан кейінгі әсері туралы әңгіме жүргізу;*

– *көркем шығармадан алған алғашқы әсер мен талдау барысында қалыптасқан ой- пікірлерін салыстыру;*

– *көркемдік құралдарды ауыстыра қолдану;*

– *шығарма мәтінін композициялық бөліктерге бөлу;*

– *мәтіндегі логикалық, психологиялық екпін түскен сөздерді белгілеу;*

– *мәтіндегі дауыс ырғағы мен көңіл-күй реңкін айқындау;*

– *көркем шығармадан туындаған әсері туралы әңгіме, эссе жазу т.б.*

Мәтінді қабылдау үдерісін жетілдіру мақсатындағы жұмыстар мен әдіс-тәсілдерді жүйелеп көрейік: Бірінші, кезектегі тікелей қабылдау ерекшеліктерімен байланысты әдістер. Бұл әдіс көбінесе мәтінді танудың бастапқы кезеңінде қолданылады, сынып білім алушыларының мәтінді жүргізіп оқуы төмен болған жағдайда керекті әдістер.

Мәтінді шапшаң оқуға төселдіру әдістері, мәтінді тыңдау, дауыстап оқу, буын мен бунаққа бөлу, екпін мен кідірістерді анықтау т.б әдіс-тәсілдерді жатқызуға болады. Шығарманы асығыс оқыту, үзу, алдын-ала шешім қабылдауға ұмтылу қауіпті. Әсіресе күнделікті сабақта әдіс-тәсіл бағытын білім алушылардың ынта-ықыласына қарай құру маңызды.

Екінші, мектеп білім алушыларының белгілі бір дәрежедегі оқу қабілеттеріне сүйене отырып, талдау жұмыстарын кеңейте жүргізу әдістері. Бұған мәтінді мәнерлеп оқу, жатқа айту, екпін мен кідірістерді қолдана отырып мәтін оқу. Прозалық мәтін болса, синтаксистік құрылымды бунаққа бөлу, өлең

мәтіні болса құрылысын анықтау, дауыс ырғағымен композициялық құрылымын анықтай оқу. Мәтіндегі идеялық салмақ түсіп тұрған сөздерді белгілей отырып оқу т.б. Бұл кезеңде білім алушылардың шығарма композициясын анықтауы, көркем образды сөздерді, негізгі ойға тірек сөздерді табуы т.б. жұмыстарында педагог авторлық идеяның астарын ашуға, ой-пікірдің тереңіне бойлатуға бағыттап отыруы керек.

Үшінші, білім алушылардың талдау қабілетін дамытуда мақсатында қолданылатын, білім алушының әдебиетті өнер сабағымен ұштастыра меңгеруін көздейтін әдістер. Бұл әдістерде көркем оқу сабақтары жолға қойылады. Көркем мәтіндерден құралатын композициялық қойылымдармен қорытындыланады. Үшінші кезеңнің нәтижесі білім алушылардың мәнерлеп оқу дағдыларының қалыптасуымен есепке алынады. Психологтардың пікірінше адамның есту мүшелеріндегі нерв талшықтарының сезімталдығы мен нәзіктігі басқа қабылдау мүшелерінен әлдеқайда әлсіз келеді екен. Адамның шудан тез шаршайтыны да сондықтан.

Мәтінді аудио тұрғыда қабылдаудың тиімділігі мәтіннің дұрыс оқылуына, мәнерлеп оқу шарттарының өз дәрежесінде болуына тікелей қатысты. Білім алушылардың мәнерлеп оқу машығының нәтижелі болуы әдеби мәтіннің өз дәрежесінде талдануына, танылуына да тікелей ықпал етеді. Шығарманы көркем қабылдау үдерісін бірнеше қырынан түсінуге болады.

Көркем мәтінді оқыту – білім алушының шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, оның тіл мәдениетін, көркемдік талғамын қалыптастыруға бағытталған маңызды процесс. Көркем мәтін білім алушыларды эстетикалық танымға, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге, тіл байлығын арттыруға септігін тигізеді. Бірақ бұл үдерісте әр жас ерекшелігіне байланысты тәсіл қолдану маңызды, өйткені білім алушының әдеби мәтінді қабылдау деңгейі оның жасына, танымдық қабілетіне, өмірлік тәжірибесіне байланысты өзгеріп отырады.

Бастауыш сынып білім алушыларының (1-4 сынып) көркем мәтінге деген қызығушылығы көбінесе оқиғаның қызықты болуы, кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы дамиды. Бұл жастағы білім алушылар нақты және көзге елестетуге жеңіл суреттемелер мен оқиғаларды тез қабылдайды. Сондықтан бастауыш сынып білім алушыларына ұсынылатын көркем мәтіндер қарапайым әрі қысқа, қызықты оқиғалар мен түсінікті кейіпкерлерге толы болуы керек.

Көркем мәтінді қабылдауда мынадай ерекшеліктер негізге алынады:

Оқиғаны қабылдау: Білім алушылар сюжеті қарапайым, өмірлік оқиғаларға негізделген мәтіндерді жақсы қабылдайды. Олар табиғат, жануарлар, отбасылық өмір туралы әңгімелерді ерекше қызығушылықпен тыңдайды.

Кейіпкерлерді түсіну: Бастауыш сынып білім алушылары кейіпкерлердің мінезін қарапайым түрде түсінеді. Мысалы, жақсы мен жаманды ажыратып, кейіпкердің іс-әрекетінен сабақ алуға бейім.

Мәтінді қолдану: Білім алушылар тыңдаған немесе оқыған мәтінді жиі ойындар арқылы қайталайды, мәтіннен өздері ұққан ертегі кейіпкерлерін немесе сюжеттік желіні бейнелейді. Олар шығармашылыққа бейім, сондықтан мәтін бойынша сурет салу, рөлдік ойындар жүргізу олар үшін қызықты болады.

Орта буын білім алушыларының (5-7 сынып) мәтінді қабылдауы және түсінуі – маңызды факторлардың бірі.

Орта буын білім алушыларының көркем мәтінді түсінуі бастауыш сыныпқа қарағанда күрделілеу. Бұл кезеңде олардың қиялы, сыни ойлауы қалыптасып, мәтіндегі оқиғаларды тереңірек түсінуге қабілеттілігі артады. Олар кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін түсінуге тырысып, оқиғалардың себеп-салдарын байланыстыруды үйренеді.

Білім алушылар сюжеттік желіні ғана емес, мәтіннің негізгі идеясын, авторлық ойды түсіне бастайды. Олар үшін шығарманың мағынасы маңыздырақ бола бастайды.

Бұл жастағы білім алушылар кейіпкердің әрекетінің астарында жатқан себептерге мән береді. Олар мінезді, ішкі сезімді бағалауға тырысады, кейіпкерлердің мотивациясын талдай бастайды.

Білім алушылар көркем мәтіннен алған әсерлерін шығармашылық жұмыстарға, сыни пікір жазуға, мәтінді талдауға пайдаланады. Мысалы, олар шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне талдау жасап, өз көзқарасын білдіре алады, мәтіннің жалғасын ойлап табуға талпынады.

Жоғары сынып білім алушыларының (8-11 сынып) мәтінді қабылдауы және түсінуі – бірнеше күрделі факторларға байланысты. Соның бірі – білім алушының ересек өмірге қадам басуы.

Жоғары сынып білім алушылары көркем мәтінге тереңірек көзқараспен қарап, оның құрылымын, көркемдік ерекшеліктерін, символиканы түсінуге бейім. Бұл кезеңде олар әдеби шығармадағы қоғам, өмір туралы мәселелерді тануға тырысады. Білім алушылар автордың көзқарасын анықтап, өз ойларын салыстырып, шығармаға сыни көзқараспен қарай бастайды.

Жоғары сынып білім алушылары шығарманың жанрын, стилін, мәтіннің тарихи-көркемдік құндылығын талдай алады. Олар оқиғаны қоғамдағы мәселелер тұрғысынан қабылдап, қорытынды жасай алады.

Бұл жастағы білім алушылар авторлық позицияны талдап, оның кейіпкерлер арқылы берген ойларын түсінеді. Олар көркем шығарманың эстетикалық жағына назар аударады, мысалы, метафора, символ, астарлы мағына сияқты көркемдік әдістерді анықтайды.

Жоғары сынып білім алушылары әдеби шығармаға сыни тұрғыдан қарап, өз көзқарастарын айтуға бейім. Мысалы, олар кейіпкердің шешіміне өз бағасын бере алады, шығармадағы өмірлік сабақтарды өз тәжірибелерімен салыстырады. Жоғары сыныпта білім алушылар көркем мәтінге эссе, рецензия, сыни талдау жазу арқылы көзқарастарын білдіре алады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көркем мәтінді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді таңдау маңызды.

Бастауыш сыныптарда көркем мәтінді оқытуда ойын элементтерін қолдану тиімді. Мәтін бойынша сурет салу, рөлдік ойындар, кейіпкерлерді дауыс ырғағы арқылы бейнелеу сияқты әдістер олардың мәтінді қызығушылықпен қабылдауына мүмкіндік береді.

Орта буын сыныптарда мәтінді тереңірек түсіну үшін сұрақ-жауап, диалог, кейіпкерлер арасындағы қақтығыстарды талқылау, сахналық қойылымдар қою

әдістерін қолдану пайдалы. Олар көркемдік ерекшеліктерді түсініп, мәтіндегі идеяларды талдай алады.

Жоғары сыныптарда мәтінді терең талдау, философиялық немесе әлеуметтік мәселелер бойынша пікірталас, эссе және сыни талдау жазу әдістері арқылы білім алушыларды шығарманың мазмұнын сыни тұрғыдан қабылдауға баулу қажет. Бұл олардың әдеби талғамын және көркемдік қабылдауын дамытады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай көркем мәтінді қабылдауы әртүрлі деңгейде болады, сондықтан оқыту әдістері де сәйкесінше таңдалады. Бастауыш сыныптан бастап мәтінді түсініп оқуға баулу, орта буында сыни тұрғыда талдау, ал жоғары сыныпта өзіндік пікір айтуға тәрбиелеу – көркем мәтіннің оқытудағы маңызды мақсаттарының бірі. Көркем мәтінді оқып, талдау арқылы білім алушылардың дүниетанымы кеңейіп, эстетикалық және адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

Шығарманы қабылдау үдерісін дұрыс ұйымдастыру, білім алушының оқырмандық тәжірибесінің алғашқы «жемістерін» орынды есепке алу алдағы талдау жұмыстарының нәтижелі болуының да шарты. Түптеп келгенде, шығарманы оқу, қабылдау жұмыстарының барлығы білім алушыны дамытуға бағытталады.


Интернет ресурстарында *қазақ тілін үйрену, қазақ тілін дамытуға арналған тиімді платформалар* көп. Соның қатарына А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты әзірлеген «Қазақ тілінің Ұлттық корпусын» айтуға болады. v2.qazcorpus.kz сайтында қазақ тілінің Ұлттық корпусына енген көркем мәтіндерге арналған кесте көрсетіледі. Бұл көркем мәтіндер де білім алушылардың көкжиегін кеңейтіп, қосымша тілге бойлауына септігін тигізеді.

8-кесте. Көркем мәтіндер

№	Авторы	Шығарма атауы
1	М. Әуезов	Абай жолы, Қорғансыздың күні, Оқыған азамат, Кешкі дөң басында, Қыр суреттері, Қыр суреттері, Сыбанның моласында, Текшенің бауырында, Үйлену, Сөніп-жану, Кім кінәлі, Ескілік көлеңкесінде, Жетім, Барымта, Кінәшіл бойжеткен, Бүркіт аңшылығының суреттері, Қаралы сұлу, Жуандық, Үш күн, Білекке білек, Іздер, Құм мен Асқар, Шатқалаң, Көксерек, Қараш-қараш оқиғасы, Қилы заман, Бүркітші, Татьянаның қырдағы әні, Қасеннің құбылыстары, Шыңғыстау, Асыл нәсілдері
2	Ғ.Мүсірепов	Қазақ солдаты, Ұлпан, Өлімді жеңген ана, Айгүл қойшының күндері, Айжан қойшының түндері, Ана жыры, Ана кесімі айнымайды, Ананың анасы, Ананың арашасы, Атақты әнші Майра, Ашынған ана, Ақлима, Бірінші фонтан, Боранды түнде, Достар қалжыңы, Ер ана, Жеңілген Есрафил, Сілекеевтердің кенжесі, Сөз жоқ, соның іздері, Этнографиялық әңгіме, Қаз қалпында, Қарлы жаңбыр астында, Қос шалқар, Қыран жыры, Әмина, Өмір жорығы, Жапон балладасы, Көздің әңгімесі, Тастың әңгімесі
3	О. Бөкеев	Бес тиын, Күлпәштің ұршығы, Қамшыгер, Бура, Сарыарқаның жаңбыры, Қасқыр ұлыған түнде, Қияли, Құлашаның шоты еді,

		Кербұғы, Көк тайынша, Тоқадан қалған тұяқ, Құмар қол бұлғапты, Апамның астауы шығармалары
4	Ә. Кекілбаев	Аңыздың ақыры, Мұнара, Махаббат, Бір шөкім бұлт, Автомобиль, Бәйгеторы, Бәсеке, Бір шоқ жиде, Ең бақытты күн, Күй, Құс қанаты, Тасбақаның шөбі, Үркер, Ханша-Дария хикаясы, Шеткері үй, Шыңырау
5	Ж. Аймауытов	Бірін-бірі жем қылу, Жәндіктер қысқа қалай қамданады, Соқыр мен көзді кісі, Шұбар тайым табылды, Ұмытшақ Ұлбосын, Күнікейдің жазығы, Ол күнде, Көшкенде, Күн менікі, Тәйт әрмен!, Бас бәйге Баймандікі, Өз есебі, Ал сонда..., Былай, Соның артынан, Андатушылар, Қой қайда?, Күйеу
6	Ә. Нұрпейісов	Ақ бидай туралы аңыз, Ер шоқтығы, Жер шоқтығы, Жолаушы жолға шыққанда, Қан мен тер (1-3 кітаптар)
7	Ә. Әбішев	Жаралы жүрек, Найзағай, Жас түлектер, Ғаламат, Саржан, Сәуленің күлкісі, Үлкен жолда
8	Б. Момышұлы	Ұшқан ұя, Курляндия, Москва үшін шайқас
9	Ә. Әлімжанов	Ақынның алтын тағы, Қарасұңқар көпірі, Күнге бет алған
10	М.А. Шөмекей	Партизан Тұрғанбике, Қарақұм трагедиясы
11	З. Шашкин	Теміртау, Сенім
12	Әкім Тарази	Мұң
13	Қ. Өзденбаева	Алып ұшқан көңіл-ай
14	Б. Қыдырбекұлы	Алатау

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының зерттеуі бойынша, мәтін жанрларының қолдану деңгейі анықталған. Бұл статистика төменде берілген:



9-сурет

Кестеге назар салсақ, мәтіннің қажеттілігіне сәйкес, мәтін стилін қолдану аясында «Көркем әдебиет» стилі 11500 деңгейінде, яғни ең жоғарғы көрсеткішті көрсетіп отыр. Ендеше, күнделікті оқырман мәтіндер ішінде көркем әдебиетпен

көбірек байланысып, өмірлік-рухани құндылықтарды алады. Осылайша, олардың поэтикалық, сыни ойлау қабілеті қалыптасады.

Сондай-ақ, білім алушылардан жануарлар туралы сұрақтар қойып, жауап алу. Бұл олардың білімдерін нығайтады. Жануарлардың суреттерін бояу немесе макеттерін жасау. Бұл қолмен істелетін жұмыстар арқылы балалардың қызығушылығын арттырады. Жануарлар туралы кітаптардан оқып, талдау жасау. Кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету арқылы визуалды түсінік қалыптастыру. Егер мүмкіндік болса, табиғатқа экскурсия ұйымдастырып, жануарларды табиғи ортада бақылау. «Жануарлар туралы білесіз бе?» викторинасын өткізу. Оқушылардың білімдерін тексеру үшін қызықты сұрақтар дайындаңыз. Жануарлардың өмірі мен мінез-құлқы туралы қызықты әңгімелер айту, бұл балалардың зейінін аударады. Оқушыларға өздерінің сүйікті жануарлары туралы сурет салуды тапсырсаңыз болады. Оқушылар жануарлардың түрлері, мекен ету орындары және тіршілік циклы туралы білім алады. Бұл олардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады.

Оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуі:

✓ Жануарлардың экосистемадағы рөлін түсіну арқылы табиғатты қорғау мен жануарларға қамқорлық жасау қажеттілігін сезінеді.

✓ Оқушылар үй жануарларымен дұрыс қарым-қатынас жасау, оларды күту ережелерін және қауіпті жануарлардан сақтану жолдарын үйренеді.

✓ Жануарларды күту, тамақтандыру сияқты практикалық жұмыстарды орындау арқылы жауапкершілік пен қамқорлық дағдыларын қалыптастырады.

✓ Жануарлар тақырыбы бойынша шығармашылық жобалар (сурет салу, әңгімелер жазу) жасау арқылы өз ойын білдіру қабілетін дамытады.

✓ Жануарлар туралы білімдерін сыныптастарына немесе отбасы мүшелеріне түсіндіру арқылы коммуникациялық дағдыларын нығайтады.

✓ Оқушылар жануарларға қамқорлық көрсету, олардың құқығын қорғау мәселелері туралы ақпарат алады, бұл олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

Күтілетін нәтиже

✓ Оқушылар жануарлардың негізгі түрлерін, олардың мекен ету орындарын, тіршілік ерекшеліктерін және тамақтану әдеттерін біледі.

✓ Оқушылар жануарларды бақылап, оларды сипаттау, салыстыру және топтастыру дағдыларын игереді.

✓ Оқушылар жануарлардың экосистемадағы рөлін түсініп, оларды қорғау мен сақтау қажеттілігін сезінеді.

✓ Жануарларды күту, олармен дұрыс қарым-қатынас жасау арқылы практикалық дағдыларын дамытады.

✓ Оқушылар үй жануарларымен қауіпсіз және дұрыс қарым-қатынас жасау ережелерін үйренеді.

✓ Жануарлар тақырыбына қатысты шығармашылық жұмыстар (сурет салу, әңгіме жазу) арқылы өз идеяларын еркін білдіре алады.

✓ Оқушылар жануарлар туралы білімдерін сыныптастарымен бөлісіп, пікір алмасу дағдыларын дамытады.

✓ Жануарларға қамқорлық көрсету және олардың құқықтарын қорғау туралы ақпарат алады, бұл олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

Осы нәтижелер оқушылардың жануарлар туралы білімдерін тереңдетіп, табиғатқа, экологияға және әлеуметтік жауапкершілікке деген көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі.

Дискриптор:

Критерийлер	Бағалау	Балл
1. Жануарларды анықтау	Жабайы және үй жануарларын атап көрсете алады.	2 балл
	Әр топтан 3-4 жануардың атын айтады.	3 балл
2. Жануарларды сипаттау	Жануарлардың сыртқы түрін (түсі, өлшемі) сипаттап береді.	3 балл
	Мекендейтін ортасы мен ерекшеліктерін түсіндіре алады.	2 балл
3. Көрнекілікпен жұмыс	Жануарлардың суреттерін дұрыс таңдайды.	2 балл
	Суреттер арқылы жануарларды танып, аттарын айтады.	3 балл
4. Практикалық тапсырмалар	Жануарлардың суретін бояп, жасаған жұмысын таныстырады.	3 балл
	Топтық жұмыс кезінде белсенділік танытады.	2 балл
5. Сұрақ-жауап	Мұғалімнің сұрақтарына нақты жауап береді.	3 балл
	Сыныптастарымен пікір алмаса алады.	2 балл
6. Шығармашылық тапсырмалар	Сүйікті жануары туралы әңгіме жазады немесе сурет салады.	3 балл
	Жануарлар туралы өз ойларын білдіреді.	2 балл
7. Ойындар мен викториналар	Викторинада сұрақтарға дұрыс жауап береді.	3 балл
	«Жануарларды таны» ойынына қатысып, жануарларды дұрыс белгілейді.	2 балл

Сыныбы: 1

Пәні: Жаратылыстану

Бөлім: Адам

Оқу мақсаты:

1.2.3.1 адамның негізгі дене мүшелерін және олардың қызметтерін атау;

1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау;

1.2.3.3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау

Адамның дене мүшелері туралы видео көрсетіңіз.

[Дене мүшелері](#)

Адам денесінің модельдері немесе анатомиялық диаграммаларды пайдалану.

«Дене мүшелерін ата» ойыны Оқушыларға дене мүшелерін көрсетіп, аттарын айтуын сұрау. Оқушылар белгілі бір дене мүшелерін көрсету арқылы олардың атауларын табуға көмектеседі.



25-сурет

Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа дене мүшелері мен олардың қызметі туралы шағын зерттеу тапсырмасын беріңіз. Оқушылардан дене мүшелері, олардың қызметі және адам ағзасы туралы сұрақтар қойып, жауап алу. Оқушыларға дене мүшелерінің суреттерін қиып, оларды дұрыс орналастыруды немесе бояуды ұсыныңыз. Топтық жұмыстарда «Адам денесі» плакатын жасауды тапсырсаңыз болады. Адам туралы кітаптардан оқып, талдау жасау. Кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету арқылы визуалды түсінік қалыптастыру. Оқушыларға өздерінің дене мүшелері туралы шағын әңгіме жазуды немесе сурет салуды тапсырсаңыз болады. Егер мүмкіндік болса, медициналық мекемеге экскурсия ұйымдастырып, адам денесінің құрылымымен таныстыру. Оқушылардың білімдерін тексеру үшін қызықты сұрақтар дайындаңыз.

Оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуі:

- ✓ Оқушылар адам денесінің бөліктерін (бас, қол, аяқ, т.б.) және олардың қызметтерін танып, адам ағзасының жұмыс істеу принципін түсінеді.
- ✓ Оқушылар жеке гигиена, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік және аурулардың алдын алу туралы білім алады. Бұл денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.
- ✓ Оқушылар адамның эмоцияларын, сезімдерін және әлеуметтік қарым-қатынасын түсініп, достық, қамқорлық және жауапкершілік сияқты маңызды әлеуметтік дағдыларды дамытуға үйренеді.
- ✓ Адам тақырыбы арқылы отбасының, қоғамның маңыздылығын түсінеді. Оқушылар өз отбасын, достарын және айналасындағы адамдарды бағалауды үйренеді.
- ✓ Адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы білім алады, қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін түсінеді.
- ✓ Оқушылар адам өмірі мен денсаулығы туралы шығармашылық жұмыстар (сурет салу, жобалар жасау) арқылы өз идеяларын білдіреді.
- ✓ Оқушылар өздерінің сезімдері мен ойларын бөлісу арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Оқушылар адамның дене құрылысын, мүшелерінің атын және олардың функцияларын біледі.

- ✓ Оқушылар жеке гигиена, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік және денсаулықты сақтау ережелерін түсінеді.
- ✓ Оқушылар эмоцияларды, сезімдерді тану және оларды дұрыс білдіру қабілетін дамытуға үйренеді.
- ✓ Оқушылар отбасындағы рөлін, достықтың маңызын және қоғамдағы жауапкершілікті түсінеді.
- ✓ Оқушылар адамның табиғатпен байланысы мен экологияның маңызын түсініп, қоршаған ортаны қорғауға ықпал етеді.
- ✓ Оқушылар адам өмірі мен денсаулығына қатысты шығармашылық жұмыстар (сурет, жобалар) жасап, өз ойларын еркін білдіре алады.
- ✓ Оқушылар өз пікірлерін бөлісіп, сыныптастарымен қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады.
- ✓ Осы нәтижелер оқушылардың адам тақырыбы бойынша білімдерін тереңдетіп, денсаулық, әлеуметтік жауапкершілік және табиғатпен үйлесімді өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Дискриптор:

Критерийлер	Бағалау	Балл
1. Дене мүшелерін анықтау	Дене мүшелерін (бас, қол, аяқ, т.б.) атап көрсете алады.	3 балл
	Әр дене мүшесінің атқаратын қызметін айта алады.	2 балл
2. Сипаттау	Дене мүшелерінің сыртқы түрін (формасы, түсі) дұрыс сипаттайды.	3 балл
	Дене мүшелерінің адам ағзасындағы рөлі туралы түсінік береді.	2 балл
3. Көрнекілікпен жұмыс	Дене мүшелерінің суреттерін дұрыс таңдайды және атайды.	2 балл
	Адам ағзасының модельдерімен жұмыс істейді.	3 балл
4. Практикалық тапсырмалар	Дене мүшелерінің суретін бояп, жасаған жұмысын таныстырады.	3 балл
	Топтық жұмыста белсенділік танытады.	2 балл
5. Сұрақ-жауап	Мұғалімнің сұрақтарына нақты және толық жауап береді.	3 балл
	Сыныптастарымен пікір алмаса алады.	2 балл
6. Шығармашылық тапсырмалар	Өзінің дене мүшелері туралы шағын әңгіме жазады немесе сурет салады.	3 балл
	Адам денесі туралы өз пікірін білдіреді.	2 балл
7. Ойындар мен викториналар	Викторинада сұрақтарға дұрыс жауап береді.	3 балл
	«Дене мүшелерін таны» ойынына қатысып, дене мүшелерін дұрыс белгілейді.	2 балл

Сыныбы: 2

Пәні: Жаратылыстану

Бөлім: Ғарыш

Оқу мақсаты:


2.4.2.1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау;

2.4.2.2 Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру;

Ғарыш, планеталардың, жұлдыздардың және ғарыштық кемелердің суреттері мен слайдтарын көрсету. Планеталарды, олардың орналасуын көрсететін видеоматериал көрсету.

[Баланы дамыту .Планета. Ғаламшар. музыка - YouTube](#)

Оқушылар жұлдыздарды немесе планеталарды көрсету арқылы олардың аттарын атап береді.



26-сурет

Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа белгілі бір ғарыш нысаны (планета, жұлдыз, комета) туралы зерттеу тапсырмасын беріңіз. Оқушыларға ғарыш, планеталар, жұлдыздар туралы сұрақтар қойып, олардың жауаптарын тыңдау.

Ғарышта не бар?

Ғарышта қанша планета бар?

Ғарышты не деп атаймыз?

Ғарышта қандай ғажайып заттарды көрдің?

Планеталар туралы сұрақтар:

Жер – бұл не? Ол қандай планета?

Күн жүйесіндегі ең үлкен планета қайсы?

Ай – бұл планета ма, әлде жұлдыз ба?

Сенің сүйікті планетаң қандай?

Жұлдыздар туралы сұрақтар:

Жұлдыздар неге жарқырайды?

Күн – бұл жұлдыз ба?

Түнде аспанда неге көп жұлдыз бар?

Сен жұлдыздарды қалай атайды деп ойлайсың?

Қосымша ойын сұрақтары:

Ғарышқа кімдер саяхат жасайды?

Сен ғарышта саяхат жасағың келе ме? Неге?

Ғарышқа кім бірінші болып барған?

Ғарыш туралы не білгің келеді?

Оқушыларға ғарыштық объектілердің суреттерін бояу немесе коллаж жасау тапсырмасы. Ғарыш туралы плакат жасау. Ғарыш, планеталар және жұлдыздар туралы балаларға арналған кітаптардан оқып, талдау жасау. Оқушыларға ғарыш туралы ертегі немесе әңгіме жазуды тапсырсаңыз болады.

Әрине! «Мен ғарышқа саяхатқа шықсам...» тақырыбы бойынша шығармашылық тапсырма берейін:

Шығармашылық тапсырма:

Саяхатқа дайындалу сәтін сипаттаңыз. Қандай сезімдер мен ойлар үстемдік етеді? Кемеңіз қандай?

Тұжырымдай айтқанда, мәтінді оқу, қабылдау – күрделі оқу үдерісі. Білім алушының оқырмандық қызығушылығына, эстетикалық талғам, танымына, эмоциялық дамуына, ой-қиял, шығармашылық дамуының бастау көзіне ықпал ететін оқу-таным үдерісі. Шығарманың жекелеген элементтерін талдау да түсініп оқу мен қабылдаудан басталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда «Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер жинағы» қазақ тілінде оқытатын сыныптарға бағытталған оқу құралдары – білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Әдістемелік анализ нәтижесі көрсеткендей, бұл жинақ білім алушылардың қазақ тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, тілді түсіну және әдебиетке деген сүйіспеншілікті дамытуға көмектеседі.

Көркем мәтіндер қазақ халқының рухани құндылықтары мен мәдениетін танып-білуді жеңілдетіп, білім алушылардың тілдік қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

Жинақтың мазмұны білім алушылардың жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай іріктеліп, қарапайымнан күрделіге қарай құрылған. Бұл жинақты қолдану: білім алушылардың сөздік қорын байытуға, мәтіннің мазмұнын түсінуге, талдау жасауға, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландырады.

Бірінші бөлімде әртүрлі деңгейдегі сыныпқа арналған көркем мәтіндер берілсе, екінші бөлімде әдістемелік зерделеу аспектілері қамтылған.

Әдістемелік ұсынымдамадағы шығармалар, әңгімелер және өлеңдер білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп, тілді терең түсінуге көмектеседі.

«Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер жинағы» қазақ тілінде оқытатын сыныптарға арналып жасалған маңызды оқу құралы ретінде тіл мен әдебиеттің ажырамас байланысын тиімді түрде ашады. Жинақта ұсынылған мәтіндер қазақ әдебиеті мен тілінің байлығын көрсетіп, білім алушыларды ұлттық құндылықтармен таныстыруда айрықша рөл атқарады. Бұл байланыс – білім алушылардың қазақ тілін өз ортасында, яғни мектепте мәдени-рухани мәнерде қабылдауына әрі әдебиет арқылы тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндер – білім алушылардың күнделікті өмірде кездесетін жағдайларды түсініп, соларға қатысты дұрыс шешім қабылдауына, өмірлік дағдыларды меңгеруіне де оң ықпал етеді. Өмірлік мәні бар тақырыптар арқылы білім алушының өз-өзіне деген сенімділігі артып, тілге деген қызығушылығы ұлғаяды. Сонымен бірге, көркем мәтіндерді талдау мен талқылауға мүмкіндік беріп, білім алушыларды қазақ тілін тереңірек түсінуге, мәдени-әлеуметтік құндылықтарды бойына сіңіруге итермелейді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі білім алушылардың тілдік ортасын құруда осындай жинақтар маңызды орынға ие, өйткені олар қазақ тілінің күнделікті ортада қолданылуын, өзара қарым-қатынасты нығайтып, тілге деген оң көзқарасты қалыптастыруға жәрдемдеседі. Жас буынның тілдік дағдылары жетіліп қана қоймай, олардың ойлау қабілеті, өз ойын анық жеткізу шеберлігі арта түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767/history>

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

3. Есембеков Т. О.. Көркем мәтін теориясы Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2015

4. Куралканова Б, Мажинова Э. Көркем мәтіннің теориялық ерекшеліктері. [№ 3.4 \(2023\): Тіл және әдебиет: Теориясы мен тәжірибесі](#)

5. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.

6. Байтанасова, Қ. М. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / Қ. М. Байтанасова, С. Ш. Айтуғанова. - Астана : Фолиант, 2008. - 160 б.

7. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдысын тексеруге арналған мәтіндер <https://www.zharar.com/kz/shygarma/matin/38642-oku.html>

8. Ермакова А.С. Шетел тілдерін оқытудағы үйде оқу. URL: <http://www.scienceforum.ru/2015/pdf/12328.pdf> (кіру күні: 28.03.2016).

9. Морозова И.Г. Жоғары оқу орындарында шет тілін оқыту үдерісінде элеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру үшін көркем мәтіндерді пайдалану. URL: <https://www.hse.ru/pubs/share/direct/document/57077725> (кіру күні: 28.03.2016).

10. Одинцова Ю. Шетел тілі концепциясының әдістемелік сипаттамасы дербес кәсіби бағытталған оқу. // Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің жаңалықтары. А.И.Герцен. Т. 36, 13 том, 2007. 220-223 б.

11. Перлова И.В. // Филология ғылымдары. Теория және практика сұрақтары. No 1 (31) 2014 ж., 2-бөлім. 153-156 б.

12. Пирогова О.Е. Көркем әдебиетті оқу тілдік тұлғаны дамыту құралы ретінде. // Тверь мемлекеттік университетінің хабаршысы. «Филология» сериясы. 2014. № 1. 231-235 беттер.

13. «Арайланған Астанам» Сагимбаева А.М., 2010 жыл, 120 бет

14. «Халықтар мәдениеті» балаларға арналған танымдық энциклопедия. Алматы «Аруна» баспасы, 2022 жыл, 60 бет

15. «Жануарлар» балаларға арналған энциклопедия. Алматы «Аруна» баспасы, 2023 жыл, 18 бет

16. «Айгөлек» Республикалық балалар журналы № 2 (271) ақпан, 2024 жыл. 32-33 бет

17.«Балалар әлемі» балаларға арналған тәрбиелік, танымдық журнал. №09 (72) қыркүйек 2019 жыл, 6-7 бет

18.Өзін-өзі тану оқулығы, 2 сынып. Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2017 жыл, 120 бет

19.«Балалар әлемі» балаларға арналған тәрбиелік, танымдық журнал №09 (72) қыркүйек 2019 жыл, 48-49 бет

20.«Үш арқар» шығармасы.

<https://www.zharar.com/kz/shygarma/matin/38642-oku.html>

21.Симиляк В.А., Грохольская О.И., Абдуллина Г.К., Медет Ж.Т. Т 32 «Театр әлеміне саяхат», әдістемелік құрал. – 2014. – 44 б.

22.«Ойын» шығармасы. https://bilimsite.kz/kazakh_tili/809-til-damytuga-arnalghan-matinder.html

23.«Жануарлар әлемі» балаларға арналған танымдық энциклопедия. Алматы «Аруна» баспасы, 2022 жыл, 28 бет

24.«Ойын» мәтіні. https://bilimsite.kz/kazakh_tili/809-til-damytuga-arnalghan-matinder.html

25.«Қоңыр аю» мәтіні. <https://znaniya.com/task/29652941>

26.«Қар мен мұз» ертегісі. <https://baldyrgan.kazgazeta.kz/news/33635>

27.Мәтіндер жинағы <https://multiurok.ru/files/m-tinder-zhinagy-4-synyp.html>

28.Сарыауыздың саяхаты <https://baldyrgan.kazgazeta.kz/news/33612>

29.«Төрт түлік мал» мәтіні <https://www.zharar.com/kz/referat/1959-mal.html>

30.«Амандасу әдебі» мәтіні <https://www.zharar.com/kz/qmzh/kazt2/92156-azastanday-zhan-zhanuarlar-men-simdikter-lemi-aza-tili-orys-synyby-5-synyp-didaktikaly-material.html>

31.«Дастарханға нан қалай келді?» мәтіні <https://bilim-all.kz/jospar/2067-Diktanttar-men-mazmundamalar-zhinagy-5-6-synyp>

32.«Сәмбі тал» мәтіні https://bilimdiler.kz/kazakh_tili/26278-diktanttar-zhinagy-bakylau-diktanty-kazak-tili-5-synyp.html

33.Орыс сыныптарына арналған диктанттар жинағы С. Қалиева Қарағанды 2007оқу жылы,)

34.Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал, Диктанттар жинағы, Ж.С Қалиева

35.«Шоқан Уәлиханов» мәтіні

<https://www.zharar.com/index.php?newsid=10487>

36.«Торғайда» мәтіні https://bilimdiler.kz/kazakh_tili/26278-diktanttar-zhinagy-bakylau-diktanty-kazak-tili-5-synyp.html

37.«Шие тергенде» мәтіні https://bilimdiler.kz/kazakh_tili/26278-diktanttar-zhinagy-bakylau-diktanty-kazak-tili-5-synyp.html

38.«Алатау сұлулығы» мәтіні <https://myedu.kz/ustaz/sabakzhosparlau/387-diktant-alatau-slulyy-aza-tl-6-synyp-26-saba.html>

39.«Колизей» мәтіні <https://stan.kz/alemnin-zamanaui-zheti-keremeti-tizim/>

40.«Су – тіршілік нәрі» мәтіні https://el.kz/sudy-paydasy-anday_23302/

41.«Бүркіт» мәтіні <http://rmebrk.kz/journals/5485/75839>

42.«Ауа-райын болжау» мәтіні <https://egemen.kz/article/335621-qazaq-auarayyn-qalay-boldgaghan>

- 43.«Жауымен батыл шайқасқан қаһарман». https://el.kz/sogysta-erlik-korsetken-qazaq-qyzdary_73321
- 44.«Ән құдіреті» мәтіні. <https://www.tarbie.kz/27131>
- 45.«Ауа райы және климаттық өзгерістер» <https://znaniya.com/task/55735838>,
<https://martebe.kz/auasyz-tirshilik-zhokh/>
- 46.«Көшпелілер мәдениеті» <https://znaniya.com/task/46093324>
- 47.«Музыкалық аспаптар» мәтіні <https://kaz.nur.kz/society/1859553-kazak-halyk-aspaptaryny-ataulary/>
- 48.«Байқоңыр» мәтіні <https://aptamedia>.
- 49.«Экспо» мәтіні <https://stud.kz/referat/show/35041>
50. «Жаһандану дәуіріндегі мәдениет» мәтіні <https://e-history.kz/kz/news/show/339110>
- 51.«Адам құқығы – ең қымбат қазына» <https://egemen.kz/article/296788-adam-quqyghy-%E2%80%93-enh-qymbat-qazyna>
- 52.«Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы ой» мәтіні <https://massaget.kz/tehnogalamtordyin-paydasyi-men-ziyany-turalyi-oy--60742/>
- 53.«Ғаламтор желісінің мүмкіндіктері» мәтіні. <https://surak.baribar.kz/642882/>
- 54.«Орталық азияның демографиялық ахуалы» мәтіні. https://kazakh-tv.kz/kz/view/world_news/page_190635
- 55.«Қақтығыстарды шешу жолдары мен әдістері» мәтіні. <https://ikaz.info/sayasi-a-ty-ys-zh-ne-ony-sheshu-zholdary/mediabugin.kz>
- 56.«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы. 2018 жылғы 21 қараша
- 57.«Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2084594-altyn-adam-degen-kim-tarixy-zane-qyzyqty-malimetter/>
- 58.«Шырғалаң» әңгімесі. https://adebiportal.kz/kz/news/view/miras-muqas-syrgalan_21412
59. Соқбақбаев Б. «Менің салақ жеңгем». <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=34667>
60. Соқбақбаев Б. «Менің өнерлі жеңгем». <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=34671>
61. «Астана» мәтіні. <https://alash.kz/kz/article/astana-qalasy-tarihy-korikti-zherleri.html>
62. Байтұрсынұлы А. Ғылыми-әдістемелік мақалалар. <https://baitursynuly.kz/particle>
63. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
64. Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы. <https://tilalemi.kz/kz/method/axmet-baytursinulinin-til-murasi.html>
65. Валгина, 2003, 7 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	1
1 1-4-сыныптар үшін қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер	22
2 5-11-сыныптар үшін қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндер	90
3 Қазақ тіліне бойлата оқытуға арналған көркем мәтіндермен жұмыс жасау әдістемесі	43
Қорытынды	1
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	3